

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ**

---

**Құл-Мұхаммед М. А.**, *бас редактор*  
**Тәжин М. М.** *бас редактордың орынбасары*  
**Нұрғазин Н. М.** *жауапты хатшы*  
**Әбділдин Ж. М.**  
**Әбусейітова М. Қ.**  
**Әуезов М. М.**  
**Байпақов К. М.**  
**Бұрханов К. Н.**  
**Ертісбаев Е. Қ.**  
**Зиманов С. Э.**  
**Кекілбаев Ә.**  
**Қасқабасов С. А.**  
**Мағауин М. М.**  
**Мәмбеев С. А.**  
**Нұрпейісов Ә. К.**  
**Нысанбаев Ә. Н.**  
**Рахмадиев Е. Р.**  
**Сұлтанов Қ. С.**  
**Сүлейменов О. О.**  
**Тасмағамбетов И. Н.**  
**Хұсайынов К. Ш.**





**ББК 63. 3 (5 Қаз)**  
**Қ 18**

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЈЯСЫ:**

**Әбусейітова М. Қ.** (төрайым),  
**Муминов Ә. Қ.** (төрайымның орынбасары),  
**Медерова Д. Е.** (жауапты хатшы)  
**Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

Кіріспесін жазған, қытай деректемелерін аударған,  
түсіндірмелері мен ескертулерін жазған **Б. Еженханұлы**  
Ғылыми редакторы **М. Қ. Әбусейітова**

Қ 0503020905  
00 (05) – 07

**ББК 63. 3 (5 Қаз)**

**ISBN 9965–798–47–8**

© Еженханұлы Б., 2006  
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

# КІРІСПЕ

## 1. Цин патшалық мұрағаты және ондағы Орталық Азия тарихына қатысты құжаттар

«Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары» кітабы — «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Шығыстану секциясы жоспарлаған бес томдық «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» сериясының үшінші томы. Томға енген құжаттардың көбі «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) (Мұрағат құжаттарының факсимилелік жинағы) атты кітаптан алынған. Бұл жинақ 2005 жылғы қыркүйек айының 22-сі күні Пекин қаласында ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты арасындағы қол қойылған «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин патшалық дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» атты халықаралық бірлескен жобаның келісім-шартына сай, 2006 жылы қараша айында аталмыш бірлескен жобаның алғашқы нәтижесі ретінде Қытай Халық Республикасының «Мұрағат» баспасынан шықты. Бұдан тыс, Қазақстан тарихына қатысты қытай мұрағат деректемелерінің мазмұндық жағынан ұлан-ғайыр екендігін көрсету мақсатында біз «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) кітабына (бұл кітапқа енген мұрағат құжаттары уақыты мен жазылған тілі жағынан шектеулі: құжаттар 1755—1762 жылдар аралығында хатталған және бұлардың ішінде шағатай немесе шағатай-қазақ тілінде жазылған құжат жоқ) енген біраз Цин мұрағат құжаттарын да осы томға енгіздік. Бұл құжаттарды жариялауымызға Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты рұқсат берген.

Біздің осы томымызға Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының «Цзюнь цзи чу шан юй дан» («Әскери басқармада сақталған патша жарлықтары»), «Гун чжун чжу пи зоу чжэ» («Сарайда сақталған, патшаның бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері»), «Цзюнь цзи чу лу фу зоу чжэ» («Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі») және «Нэй гэ ци цзюй чжу» («Патшаның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне

жауапты мекеме жазып қалдырған патша туралы естеліктер») қатарлы қорларынан (цюаньцзунынан) табылған қытай, маньчжур, тотын-моңғол және шағатай тілдерінде жазылған құжаттардың қазақша аудармасы мен оларға берілген ғылыми түсіндірмелер, сондай-ақ сол құжаттардың көшірмелері (факсимиле) енгізілген. Құжаттар 1755 жыл (Цин патшалық Цяньлун жылнамасының 20-жылы) мен 1774 жыл (Цяньлун жылнамасының 39-жылы) аралығында хатталған. Бұл құжаттар мынадай мазмұндарды қамтиды:

- Жоңғар билеушілерін қудалаумен байланысты қазақтармен қарым-қатынас жасаған Цин әскери қолбасшыларының өз патшаларына жіберген мәлімдемелері;

- Қазақ елшілерінің Пекинге және Цин патшасының жаздық сарайы орналасқан Чэндэ жеріне баруларына қатысты құжаттар;

- Цин патшасы Цяньлунның осы жылдар аралығында қазақ елшілерін қабылдағаны туралы және оның қазақ елшілеріне берген сый-сыяпаттары туралы құжаттар;

- Цин патшалық ұлықтарының қазақтардың Үрімжі секілді жерлерге барып сауда жүргізгендігі жөніндегі өз патшаларына жіберген мәлімдемелері және сол мәлімдемелермен бірге жіберілген қосымша құжаттар (саудаға салынған торғын-торқалар, малдар және олардың бағалары туралы тізімдер);

- Цин патшалық дәуіріндегі Оңтүстік Қытайдағы 3 жібек өндірісі орталығының қазақтарға арнап өндіріліп жатқан торғын-торқалар туралы өз патшаларына жазып жіберген мәлімдеме кітапшасы;

- Қазақ хандарының шежіресі жөніндегі бір құжат;

- Қазақтардың отбасы саны туралы бір құжат;

- Қазақ билеушілерінің бірі Әбілпейіздің Цин ұлықтарына шағатай жазба тілінде жазған 2 дана хаты;

- Абылай хан мен Әбілпейіздің Цин патшалық ордасы мен ұлықтарына тотын-моңғол тілінде жазған 3 дана хаттары.

Пекин қаласында орналасқан Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты әлемдегі ең үлкен тарихи мұрағаттардың бірі болып саналады. Онда Қытай тарихындағы ең соңғы екі патшалық әулет, яғни Мин патшалығы (1368—1644) мен Цин патшалығы (1644—1911) дәуірінде жазылған он миллионнан астам тарихи құжаттар сақтаулы. Бұл тарихи құжаттардың ішінде Мин патшалығы дәуіріне қатысты құжаттардың саны көп емес, бар-жоғы үш мыңнан астам, басқаларының барлығы Цин патшалығы дәуірінде жазылған<sup>1</sup>. Құжаттарды олардың жазылған тіліне қарап топтастырсақ, сегіз

<sup>1</sup> Нақтырақ айтқанда, аталмыш соңғы патшалыққа қатысты құжаттар сол патшалықтың өмір сүрген 1644—1911 жылдар аралығында жазылғанымен ғана шектелмейді. Онда маньчжур билеушілерінің Ішкі Қытайға кіріп, Цин патшалығын құрудан бұрын, яғни 1607—1644 жылдар аралығында жазылған біраз құжаттар, сондай-ақ патшалығынан айырылған соңғы патша Фу-иге қатысты 1912—1940 жылдар аралығында хатталған

миллионнан астамы қытай тілінде, екі миллионнан астамы маньчжур тілінде жазылған. Бұлардан тыс онда тағы моңғол, тибет, тотын-моңғол, шағатай және басқа тілдерде жазылған біраз тарихи құжаттар сақталған.

Патшалық дәуірлердегі Қытайда қазіргі замандағы сияқты жергілікті музейлер мен мұрағаттар болмағандықтан, мәдени жәдігерлер мен тарихи құжаттар көбінесе патша ордаларында сақталған. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы құжаттар да Қытайдың соңғы Цин патшалығының ордасында сақталып келген. 1911 жылы Цин патшалығы құлады. 1925 жылы қыркүйек айында сол кездегі Пекиндегі Қытай үкіметі Цин патшалығы ордасында сақталып келген кітаптардың, мәдени жәдігерлер мен мұрағаттардың негізінде Гугун музейін құрды. Бұл Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының ресми құрылған уақыты болып саналады. Дегенмен, мұрағат істері аталмыш музейдің бір саласы ғана болған. 1955 жылы мұрағат істері аталмыш музейден бөлініп шығып, Қытайдың Мемлекеттік мұрағаттарды басқару бюросының құзырындағы мекемеге айналған. Бірнеше рет атын өзгертумен қатар бұл мекеменің қарасты құзырлы орны да өзгеріп келіп, ақыры 1980 жылы қайтадан Қытайдың Мемлекеттік мұрағаттарды басқару бюросына қарасты болып, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты деген атауы орнықты.

Жарты ғасырдан артық уақыт ішінде Қытайдың мұрағат қызметкерлерінің тынбай еңбектенуінің арқасында Қытайдың Мин және Цин патшалық дәуірлерінде хатталған мұрағат құжаттары жинақталып (әртүрлі тарихи себептермен бұл құжаттардың біразы кезінде жер-жерге шашылып кеткен), реттеліп, топтастырылды. Олардың негізгі бөлігінің жалпылай мазмұндары анықталып, тақырып қойылды, сондай-ақ сол құжаттардың каталогтері жасалынуда, құжаттардың өздері де факсимиле жинақтары түрінде бірте-бірте жарыққа шығып жатыр. Олардың ішінде Орталық Азия елдеріне қатысты мұрағат құжаттары да бар.

Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы Орталық Азия тарихына қатысты құжаттардың қалыптасуы Цин патшалығының сол өңірдегі басқыншылығының тарихымен, әсіресе оның Жоңғар хандығы мен Қашқарияны басып алу тарихымен тікелей байланысты. Көп жылдар бойы Қазақ хандығымен шайқасып келіп, ақыры құлдырай бастаған Жоңғар хандығын Цин патшалығы XVII ғасырдың 50-жылдарында жойған. Сонан кейін Қашқария жері де Цин патшалығының тікелей билігі астына алына бастады. Осы тарихи оқиғалардың барысында Орталық Азиядағы басқа халықтар да алпауыт айдаһармен бетпе-бет келуге мәжбүр болды да, онымен қарым-қатынастың бейбіт жолын іздей бастады. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси-дипломатиялық және экономикалық байланыс осындай жағдайда басталған. Ал Цин патшалығы болса, ол бағындырып алған жаңа өңірлердің тұрақтылығы мен қауіпсіз-

дігін нығайту мақсатында осындай қарым-қатынастардың орнауын құптай отырып, сол өңірлердегі көршілерінің саяси, географиялық, этностық және т. б. жағдайларын барлауға кірісті. Әсіресе жаңадан басып алған аталмыш өңірлердегі билікті нығайту мақсатында сонда жіберетін ең жоғары лауазымды Іле цзянцзюнін (генерал-губернатор) болсын, оның көмекшісі ретіндегі Тарбағатай (Шәуешек), Үрімжі, Қашқар т. б. жерлердегі амбандары болсын, тіпті Үрімжідегі қазақтармен арадағы «жылқыға жібек» саудасының ұйымдастырушысын Цин патшасы Цяньлун (1735–1795 жылдары цин патшалық тағында отырған) өзі тікелей тағайындаған. Оларға өзіне тікелей мәлімдеме жазып, сондағы жағдайларды хабарлап тұруды тапсырған, сондай-ақ өзі де сол ұлықтарға тиісті мәселелер туралы өзінің пікірі мен бұйрығын жазба түрде жіберіп тұрған. Сонымен қатар әлгі цин ұлықтары патшалық орталығындағы әртүрлі уәзірліктермен де әртүрлі жағдай жөнінде хат-хабар алысып тұрған. Орталық Азия туралы цин мұрағат құжаттары осындай жағдайлармен байланысты қалыптасқан.

Болжам бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы сақталған, Орталық Азияға байланысты Цин патшалық мұрағат құжаттарының саны жүз мыңдап есептеледі. Бұл құжаттар көбінесе аталмыш мұрағаттың әртүрлі қорларында (цюаньцзундарында) бытыраңқы түрде сақталған. Атап айтқанда, Орталық Азия тарихына қатысты құжаттарды біз ондағы «Цзюнь цзи чу лу фу зоу чжэ» («军机处录副奏折» — «Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелері көшірмелерінің қоры»), «Цзюнь цзи чу шан юй дан» («军机处上谕档» — «Әскери басқармада сақталған патша жарлықтарының қоры»), «Гун чжун чжу пи зоу чжэ» («宫中朱批奏折» — «Сарайда сақталған, патшаның бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері»), «Цзи синь дан» («寄信档» — «Әскери басқарма уәзірлері жазып жіберген хаттардың қоры»), «И фу дан» («议复档» — «Әскери басқарма уәзірлігінің істерді қайта қарастырғаннан кейін патшаға жіберген пікір парақшаларының қоры»), «Ти бэнь» («题本» — «Уәзірліктер арқылы патшаға жіберілген ағымдағы ресми істер туралы мәлімдеме-естеліктердің қоры»), «Ши шу» («史书» — «Ти бэнь құжаттардың соңғы беттеріне жапсырылған қысқаша аңдатпалар көшірмелерінің қоры»), «Зоу сяо дан» («奏销档» — «Мемлекеттік салық кірістері мен мемлекеттік шығындардың жалпылай есеп дәптерлері»), «Син вэнь дан» («行文档» — «Әскери басқарманың ірі қала, провинция билеушілеріне және т. б. жазған хатнамаларының нобай нұсқаларының қоры»), «Шань ди дан» («膳底档» — «Патша тағамдары туралы естеліктердің қоры»), «Нэй гэ ци цзюй чжу» («内阁起居注» — «Патшаның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жауапты мекеме жазып қалдырған патша туралы естеліктер») қатарлы қорлардағы қытай және маньчжур тілдерінде болып бөлінетін құжаттардың ішінен азды-көпті кездестіре аламыз. Бұлардан тыс онда аталмыш аймақ тарихына қатысты тағы мынадай арнаулы құжаттар топтамалары бар: маньчжур тілінде жазылған — «Хасакэ дан» («哈萨克档» — «Қазақтарға қатысты

мұрағат құжаттар топтамасы»), «Жугаэр дан» («准噶尔档» — «Жоңғарларға қатысты мұрағат құжаттар топтамасы»), «Бэй лу цзюнь ву дан» («北路军务档» — «Солтүстік бағыттағы әскери істерге қатысты мұрағат құжаттар топтамасы»), «И ши дан» («夷使档» — «Жат елдерден келген елшілер туралы мұрағат құжаттар топтамасы»), «Си лу дан» («西路档» — «Батыс бағытындағы істер туралы мұрағат құжаттар топтамасы»), «Туэрхутэ дан» («土尔扈特档» — «Торғауыттар туралы мұрағат құжаттар топтамасы»), «Синьцзян дан» («新疆档» — «Шыңжаң туралы мұрағат құжаттар топтамасы»), «Синин Или дан» («西宁伊犁档» — «Синин мен Іле жерлері туралы мұрағат құжаттар топтамасы») т. б.; қытай тілінде жазылған — «Хуэйцзи дан» («回子档» — «Мұсылмандар<sup>2</sup> туралы мұрағат құжаттар топтамасы») т. б. Бұл мұрағат құжаттарды жариялау, зерттеу, тарихи тұрғыдағы құндылықтарын бағамдау ісінің қарқыны күні бүгінге дейін мардымсыз. Әсіресе ондағы маньчжур тілінде хатталған құжаттар және сол құжаттардың кейбіреулерінің қосымшасы ретінде сақталып келген шағатай, парсы, тотын-моңғол тілдерінде хатталған құжаттардың басым көпшілігі жұртқа мүлде беймәлім болып келген. Төменде біз осы маньчжур тілінде жазылған құжаттардың қалыптасуы және олардың ішіндегі ең ірі қорлардың бірі болып саналатын «Юе чжэ бао» («月折包» — «Әр айда бумалап топтастырылған мәлімдеме-естеліктер қоры») мұрағат құжаттар топтамасының біраз жағдайын таныстыру арқылы Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы Орталық Азия туралы деректемелерді жалпылай сипаттап беруді жөн көрдік.

Жұртқа мәлім, Қытай тарихындағы соңғы патшалық болып саналатын Цин патшалығын маньчжурлар (көне заманда бұл этносты қазақтар «шүршіттер» деп атаған) құрған. Сондықтан, Цин патшалық дәуірінде, әсіресе ХІХ ғасырдың басына дейін, Цин патшалығы көптеген салалардағы, олардың ішінде «сегіз байрақты маньчжур армиясын», шекара өңіріндегі аймақтар мен моңғол және т. б. ұлттарды, патша ордасы мен патша әулетінің зират істерін басқаратын маньчжур немесе моңғол ұлықтарынан құжаттарды негізінен маньчжур тілінде жазуды талап етіп, қытайша құжат жазуға тыйым салып отырған (бұл тыйымды бұзып, қытай тілінде құжат жазған аталмыш саладағы маньчжур-моңғол ұлықтарға жаза қолданылатын. Олардың кейбіреулеріне ескерту жасап, кейбіреулерін тіпті түрмеге қамайтын). Осымен байланысты, патшаның жарлықтары мен тиісті уәзірліктің ресми құжаттары да негізінен маньчжур тілінде хатталған. Нәтижесінде, Цин дәуірінде маньчжур тіліндегі мұрағат құжаттар өте көп болып жиналып қалған<sup>3</sup>. Ал осындай құжаттар-

<sup>2</sup> Цин патшалық әдебиетінде кездесетін «хуэйцзи» сөзі көбінесе Қашқариядағы, онан қалса, бүкіл Орта Азия жерлеріндегі мұсылмандарды меңзейді.

<sup>3</sup> Қытай ғалымдарының зерттеуі бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында маньчжур тілінде жазылған екі миллион шамасындағы мұрағат құжаттар сақта-

дың біршама көбі Цин патшалығының «Цзинь цзи чу», яғни «Әскери басқармасында»<sup>4</sup> хатталған немесе сонда жиналған. Осы маньчжур тіліндегі құжаттар белгілі бір тәртіп бойынша ай сайын бумалап топтастырылып, ол өз алдына бір мұрағат құжаттар қорына айналған. Олар «Юе чжэ бао», яғни «Әр айда бумалап топтастырылған мәлімдеме-естеліктер қоры» деген атқа ие болған.

Цин патшалығының «Әскери басқармасының» күнделікті қарайтын жұмысының бірі жер-жерден немесе әр уәзірліктен келген ісқағаздарды ретке келтіру болған. Осындай ісқағаздардың ең қомақты тобы ұлықтардың патшаларына жазған мәлімдемелері<sup>5</sup> болып табылады. Цин патшалары өздеріне жеткен құжаттардың бетіне қызыл сиялы қылақламмен өз пікірлерін бұрыштап жазып отырған. Мұндай патша пікіріне ие болған құжаттар «чжу пи зоу чжэ» («朱批奏折» — «патшаның бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері») деп аталынады. Патшаның пікірі жазылған бұл құжаттарды мәлімдеушілердің өздеріне кері жіберуден бұрын, әскери басқарма олардың бір-бір дана көшірмесі мен олармен бірге жіберілген қосымша құжаттарды алып қалып отырған. Осындай мәлімдемелердің көшірмелері «Цзюнь цзи чу лу фу зоу чжэ» («军机处录副奏折» — «Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелері көшірмелерінің қоры») деп аталады. Жоғарыда айтылған «Юе чжэ бао», яғни «Әр айда бумалап топтастырылған мәлімдеме-естеліктер қорындағы» сақталған

---

луда, бұл құжаттар ондағы сақталған барлық құжаттардың бестен бірі (Қараңыз: Ву Юаньфэн, Цзюньцзичу маньвэнь юечжэбао нэй Синьцзян шияло цзи ци яньцзю цзячжи (Әскери басқармадағы «Юе чжэ бао» құжаттар топтамасында сақталған Шыңжаң туралы тарихи деректемелер және олардың ғылыми құндылығы) / Чжонго бяньцзян ши ди лунь цзи сюй цзи (Қытайдың шекара аймақтарының тарихы мен тарихи географиясына арналған мақалалар жинағының екінші сериясы), Харбин, 2003. (吴元丰: «军机处满文月折包内新疆史料及其研究价值», 载马大正主编: «中国边疆史地论集续编», 哈尔滨, 2003年. — Бұдан әріде біз бұл еңбекті «Ву Юаньфэн 2003» деп қысқартып атаймыз).

<sup>4</sup> Қытайша «Цзюнь цзи чу (军机处)» деп аталатын бұл мекеме әуелде (мекеме 1730 жылы құрылған) Цин патшалығының жоңғарларға қарсы бағытталған әскери жорықтарына қатысты істермен, әсіресе құпия әскери істермен айналысатын болып құрылып, кейін келе ол патшаның жарлық-үкімдерін жазып беретін және бүкіл Қытай көлеміндегі әскери-әкімшілік істерді ретке келтіріп отыратын ең маңызды орталық басқару органына айналған. Ол өз ішінде «Маньчжур кеңсесі» (қытайша «Мань ву») және «Қытай кеңсесі (қытайша «Хань ву») деп екіге бөлінеді. Бұл мекеменің ең негізгі міндеттері: әр жердегі және әр уәзірліктегі ұлықтардың патшаларына жазып жіберген мәлімдеме құжаттарын реттеу, патша жарлығының жазбаша алғашқы нұсқаларын жазу, ордада талқыланған істер туралы тексеру жүргізіп, оның нәтижесін патшаға жеткізу, патша бұйрығына сүйене отырып әр дәрежедегі әскери басшылар мен шенеуніктерді қызметке тағайындау-босату істерін атқару, ірі қылмыстық істерді қарау және т. б. болған.

<sup>5</sup> Біз «мәлімдеме» деп аударып отырған осы құжат түрінің қытайша «цзоу чжэ (奏折)» деген тұрақты атауы бар.

құжаттардың көбі — осы көшірме құжаттар мен сол құжаттардың қосымшалары ретінде сақталған әртүрлі жауап-мазмұндама, тізбе, өмірбаян, есеп кітапшалары, карталар және маньчжур-қытай тілінен өзге тілдерде жазылған хатнамалар. Сонымен қоса әскери басқарма күн сайын жергілікті шенеуніктер мен орталықтағы уәзірліктерінен өздеріне жіберілген әртүрлі хатнамаларды, сондай-ақ сол хатнамаларда көтерілген істер туралы патша мен өздерінің пікір-жауабының түпнұсқаларын да «Юе чжэ баоның» ішіне қосып сақтаған. Қытай ғалымдарының есептеуі бойынша, 1730—1911 жылдар аралығында, яғни Юнчжэн, Цяньлун, Цзяцин, Даогуан, Сяньфэн, Тунчжи және Сюаньтун қатарлы 7 цин патшасы билік құрған мерзім ішінде «Юе чжэ бао» құжаттар топтамасында қалыптасқан мұрағат құжаттардың жалпы саны 180 893 дана болса, оның ішінде Орталық Азия аймақтарына қатысты құжаттардың саны 63 682 дана. Осы 60 000-нан астам құжаттардың үштен екісі Цяньлун патшаның заманында жазылған<sup>6</sup>.

Біздің анықтауымыз бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында Қазақстан тарихына қатысты жалпы саны 4 000 дана шамасында құжаттар сақталында. Осы құжаттардың біразының қосымшалары ретінде сақталған, XVIII—XIX ғасырлар арасында қазақтың хан-сұлтандары мен басқа да ел билеушілерінің Цин патшаларына немесе Цин патшалығының шекара аймақтарындағы ұлықтарына шағатай (шағатай-қазақша), тотын-моңғол немесе маньчжур тілінде жазып жіберген әртүрлі мазмұндағы, жалпы саны 100 данадан астам хаттар бар екендігі анықталды — осы «қосымша» болып келген құжаттар Қазақстан тарихы үшін ең маңызды тарихи деректемелер қатарында болуға тиісті екендігі даусыз. Осы хатнамалардан тыс, аталмыш цин мұрағат құжаттарының мазмұны, жалпылай айтқанда, мынадай:

1) Цин патшалық әскери күштерінің Жоңғар хандығын жойып, сол хандықтың соңғы көсемдері болып саналатын Әмірсана, Қасақшира және т. б. қатарлыларды қудалау барысындағы Қазақ хандығының әскери күштерімен алғашқы бетпе-бет келгендігі, кейін келе екі жақтың бітімге келгендігі, сондағы Цин патшалық армия қолбасшылары мен үкіметінің қолданған саясаты сынды мәселелерге арналған құжаттар;

2) екі ел тікелей байланыс орнатқаннан кейін бір-біріне елші жібергендігі туралы және екі ел арасындағы басқа да саяси-дипломатиялық істерге қатысты жазылған құжаттар, сондай-ақ қазақтар мен басқа Ор-

---

<sup>6</sup> Ву Юаньфэн 2003, 335-бет. Айта кетерлік бір жайт: аталмыш еңбекте Орталық Азия елдерін анықтап көрсетпей, олар туралы құжаттардың барлығын бір тақырыппен, яғни «Шыңжаң туралы тарихи деректемелер» деген тақырыппен қарастыра салған. Ондағы құжаттардың қайдан келгенін көрсету мақсатында жалпылай атап шыққан құжат сандарының ішінде Орталық Азия елдеріне ғана емес, Ресейге қатысты құжаттар да ауызға алынған (қараңыз: аталмыш еңбектің 335—336 беттерінде берілген тізбе).

талық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастарға қатысты жазылған құжаттар;

3) Қазақ-Цин экономикалық қарым-қатынастары, оның ішінде ерекше орын алатын XVIII ғасырдың ортасы – XIX ғасырдың басындағы екі ел арасындағы жүргізілген «жылқыға жібек» саудасына байланысты әртүрлі құжаттар;

4) Қазақ елі мен жері туралы әртүрлі мәліметтер. Мысалы, қазақ елінің рулары мен отбасы сандары туралы мәліметтер, Қазақ жеріне қатысты карталар мен басқа да географиялық мағлұматтар;

5) Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін қазақтардың бұрынғы жоңғарлар басып алған атамекендеріне оралуы және қазақтардың қолдарында қалған қалмақтардың Цин патшалығына қашып кетулері сынды мәселелерге байланысты жазылған құжаттар.

Цин патшалық мұрағат құжаттары Қытайдың әсіресе аталмыш патшалық дәуіріндегі тарихи жазба деректемелерінің ішіндегі ең құндылары деуге болады. Оны Қазақстан тарихына қатысты қытай деректемелерінің көзі ретінде де осылай деуге болады. Қытайтанушыларға мәлім, бұл мұрағат құжаттар ғылыми айналымға енгізілмей тұрғанда XVIII–XIX ғасырлардағы Орталық Азия туралы Цин патшалық деректемелерін ғалымдар негізінен «Цин ши лу» («Цин патшаларының күнделікті тұрмыс-тіршіліктеріне арналған орда естеліктері»), «Цин шэн сюнь» («Патшаның жарлық-нұсқаулары»), «Цин хуэйдянь ши ле» («Цин патшалық заң-ережелер жинағынан алынған іс үлгілері»), «Цинчао вэньсянь тун као» («Цин патшалығына қатысты құжат-әдебиеттеріне жалпылай шолу») секілді Цин патшалық ордасының ресми құжаттар жинағынан және «Сиюй ту чжи» («Батыс аймақ географиясы»), «Сиюй шуь дау цзи» («Батыс өлкедегі өзен арналары»), «Синьцзян ши люе» («Шыңжаң туралы қысқаша шолу»), «Сиюй вэнь цзянь лу» («Сиюйдегі көрген-білгендерім») секілді ресми немесе жеке тарихи-географиялық шығармалардан алады. Жұртқа біршама мәлім болып келген бұл еңбектерде көптеген құнды мағлұматтар бар екені рас, алайда бұл материалдар екінші қол деректеме болып есептелінеді. Аталмыш кітаптардың жазылу мақсаты, авторлардың ұстанымы және олардың тарихи материалдарды танып-білу қабілеттері әртүрлі болған, сондықтан олардағы көрсетілген тарихи деректердің барлығы бірдей толыққанды және объективті бола бермейтіндігі сөзсіз. Ал мұрағат құжаттары, әсіресе бұрын жұрттың назарын аударып үлгірмеген, енді-енді ғылыми айналымға кіре бастаған Орталық Азия тарихына қатысты Цин мұрағат құжаттарының тарихи құндылығы жоғарыда аталған ең негізгі цин әдебиеті деп есептелініп келген тарихи немесе тарихи-географиялық еңбектердің тарихи құндылығынан бір саты жоғары тұрады. Мұның себебі, біріншіден, бұл

құжаттар сол дәуірдегі тиісті істерге қатысты хатталған ең алғашқы, ең тікелей, бірінші қолды тарихи деректемелер, сондықтан олар салыстырмалы түрде көбірек сенімді әрі объективті; екіншіден, аталмыш құжаттар табиғи түрде қалыптасқан. Кей тарихи іс немесе тарихи оқиғаның маңыздылығына немесе күрделі екендігіне қарай олардың шеңберінде бірнеше, ондаған, тіпті жүзден астам құжаттар қалыптасқан жағдай болған. Бұларды кешенді түрде зерттеген жағдайда, біз жан-жақты мағлұматтарды жинақтап, сол тарихи істер немесе оқиғалардың басталуы, дамуы және нәтижелері туралы әлдеқайда толық әрі нақты сипаттама жасап шығуымызға болады.

## **2. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастар (XVIII ғасырдың ортасы – XIX ғасырдың басы)**

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы ресми қарым-қатынас Жоңғар хандығы ыдыраған кезде бірте-бірте орнаған. Мұндай қарым-қатынастың басталуы Абылайдың одақтасы болған әрі Жоңғар хандығына түгел билік жүргізуге ұмтылған соңғы тұлға болып тарихта қалған Әмірсананың Цин патшалығының құдалауына байланысты Қазақ жерін паналауына тікелей қатысты еді. Осымен байланысты тарихи оқиғалардың өрбуі Абылайдың Цин патшалығы жөнінде ұстанған саясатын айқын көрсетеді. Әуелде, Абылай Жоңғарияның қазақ қоныстарын қытай басқыншылығынан қорғап, аралық рөл атқаратынын анық ұғынып, Цин патшалығының «Әмірсананы бізге тапсыр» деген талабын орындаудың орнына Цин патшалық әскерімен соғысуға дейін барды. Алайда, Абылай Әмірсананың және Жоңғар хандығының дәурені келмекке кеткенін білді, өз іргесіне ақыры мықтап келіп жеткен жойқын күшпен санасып, Қазақ елінің мүддесін дипломатиялық жолдармен қорғау қажет екендігін түсінді. Сөйтіп Цин патшалығымен бітімге бару үшін, Цин патшалығымен сауда-саттық орнату үшін және Қазақ-Цин арасындағы шекаралық өңірлер мәселесін шешу жолын іздестіру үшін Цин патшасы Цяньлунға өз елшілерін жіберді.

Абылай хан мен Әбілпейіз хан Цин патшасы Цяньлунға 1757 жылы тамыз айының 30-жұлдызында елшісін жіберген. Бұл туралы цин әдебиетінде көп мәлімет бар және аталмыш оқиғаны қазақтардың Цин патшалығына «бағынғандығының бастамасы» деп көрсетеді. Алайда, осы оқиғаға байланысты цин дәуірі тарихи деректемелерінің ішіндегі орда естелігінде («Шилу»-да) және Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған біраз құжаттарға үңілсек, қазақ елшілерінің шекара мәселесін қозғағандығы алдымен назарымызды аударады. Осы деректемелердің

хабарлауынша, елшілер цин патшасына «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз еді. Өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге берсеңіз» деп талап қойған. Ал Цяньлун патша болса, Абылай ханға жазған жауап хатында «егер сендер Әмірсананы ұстап берсеңдер, мен ол жерлерді сендерге берер едім» деп саудаласқан<sup>7</sup>.

Цин патшалығымен бітімге келе отырып, Абылай Қазақ хандығының өзіндік саяси-әлеуметтік және иерархиялық жүйелерін толық сақтап қалуын, олардың маньчжур-қытай ықпалынан неғұрлым аулақ болуын көздеген. Цин патшасы Цяньлунның өз жылнамасының (өз билігінің) 22-жылғы 10-айының «бин ин» күні (1757 жылғы қараша айының 18-жұлдызындағы) орда естелігінде («Шилу»-да) сол кездегі Циннің Жоңғарияны жаныштау армиясының Чжаохуэй есімді қолбасшысы жіберген бір мәлімдемесі сақталған. Сол мәлімдеменің хабарлауынша, аталмыш жылдың жетінші, сегізінші айлары аралығында Еркесара, Нұсан қатарлы маньчжур елшілері Абылайдың ордасына барып, Абылайдан Әмірсананы қайтаруды сұраумен қоса Абылайға «үш жүздің ел билеушілерінің тізімін берсең, біз оны патшамызға жолдап, тізімдегілерге патшалық лауазым-титулдарын тағайындатқызақ» деген тілек айтқан. Абылай осылардың бірде-біреуін орындамаған: Әмірсана жөнінде Абылай «ол менің елімде емес» деп жауап берсе, цин елшілерінің екінші мәселені көтергеніне қатты наразылығын білдіріп, екі рет он шақты күн бойы елшілерді қабылдамай, күткізіп қойған. Соңында Абылай елшілерге «генералдарыңыздың маған жеткізген сөзі бар. Оның айтуы бойынша, патшаларыңыз біздің түзім-жүйемізді өзгертпек ниеті жоқ» деп әлгі «шаш ал десе бас алғыш» цин елшілерін қайту жолдарына салған<sup>8</sup>.

Расында, цин императоры әу басында қазақтардың ісіне араласпауды жөн көрген. Цяньлунның орда естелігі «Цин Гаозун шилуге» және сол кездегі Цин патшалық мұрағат құжаттарына қарағанда, Цяньлун өзінің Абылай хан сынды қазақ көсемдеріне жіберген хатында қазақтарға: «[билеушілеріңнің] киімдерін өзгертпеймін, лауазым-титул тағайындамаймын, алым-салық алмаймын», [Цин патшалығына бағынған Моңғол сияқты елдерге жүргізген] «чжасакэ» билік жүйесін<sup>9</sup> жүргізбеймін», «өздеріңнің

<sup>7</sup> «Цин Гауцзун шилу», 548-цзюань, 9–10-бб. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының маньчжурша «Луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына құжат: 1855–022 (микрофильм кадрлары: 01394–01406).

<sup>8</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктері»), 548-цзюань, 17–21-бб., Цяньлун жылнамасының 22-жылғы 10-айдың «бин ин» күніне (1757 жылғы қараша айының 18-жұлдызына) арналған естелік.

<sup>9</sup> «Чжасакэ» жүйесі (札萨克制度) — Цин патшалығының өзіне бағынған моңғол және Құмыл мен Түпандағы ұйғырлар сияқты елдерінде орнатқан басқару жүйесі. «Чжасакэ» деген сөз «бір хошунның бастығы» деген мағынаны білдіреді. Цин дәуірінде циннің орталықтағы «лифаньюань» (жат ұлттар жөніндегі істер басқармасы)

бұрынғы әдет-ғұрыптарыңды тұтып өмір сүре беріңдер» деген саясат жүргізетіндігін және Қазақ елін «патша құзырынан тыс, шалғайдағы ел»<sup>10</sup> деп қарайтындығын мәлімдеген<sup>11</sup>.

Алайда, Жоңғарияның әбден тыныштануына байланысты Цин патшалығы бұл саясатын әрі қарай жалғастырмаған. Көп ұзамай-ақ олар Абылай, Әбілмәмбет сияқты қазақ тұлғаларының елшілері мен ұрпақтарына сыйлық ретінде құр лауазым-атақтар мен торғын-торқа беру арқылы қазақтарды өздеріне тартып, өздерінің билік жүйесіне бірте-бірте бойларын үйрете бастаған. Цяньлун жылнамасының 25-жылғы 5-айының «гәң у» күнгі (1760 жылғы шілде айының 9-жұлдызындағы) орда естелігінде («Шилу»-да) Цяньлунның Әбілмәмбет, Абылай және Әбілпейіз, Ханбаба қатарлы қазақ билеушілеріне жазған бір хаты сақталған. Онда аталмыш қазақ билеушілерінің жер мәселесі, сауда мәселесі және шекара дау-дамайына қатысты талаптарына жауап берумен қоса, цин патшасы Цяньлун өзінің бұрынырақ айтқан «[билеушілерінің] киімдерін өзгертпеймін, лауазым-титул тағайындамаймын» деген сөзін ұмытып, қазақ елшілеріне торғын-торқа, күміс ақша және басқа бұйымдарымен қоса цин шенеуніктерінің киетін арнаулы киім-кешектерін және олардың лауазымдарын белгі-

---

мекемесі жоғарыда аталған елдердің ван, бэйлә, бейіс, гун, тэйжі, табунан сияқты лауазымы бар ақсүйектерінен бір адам таңдап, патшаға бекіткізіп, хошун «чжасакэсі» етіп тағайындайды. Ол «лифанюаньға» немесе циннің сол аймақтарға жіберген ұлықтарына бағынады. Чжасакэнің қол астында көмекші тэйжі, зәңгі, зәңгінің орынбасары, цаньлин, цюлин, сяоцисяо сияқты лауазым иелері болады.

<sup>10</sup> Қытайшада «вай фань» (外藩) деп жазылған. Цин патшалығы өзімен қарым-қатынаста болған Корея, Вьетнам, Бирма сияқты көршілес елдерді де осылайша атаған.

<sup>11</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктері»), 555-цзюань, 32–34-бб., Цяньлун жылнамасының 23-жылғы 1-айдың «бин чэнь» күніне (1758 жылғы наурыз айының 8-жұлдызына) арналған естелік; «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктері»), 555-цзюань, 32–34-бб., Цяньлун жылнамасының 23-жылғы 1-айдың «бин чэнь» күніне (1758 жылғы наурыз айының 8-жұлдызына) арналған естелік.

лейтін «хуалин»<sup>12</sup>, «чаочжу»<sup>13</sup> сияқты әшекей бұйымдарды сыйлаған<sup>14</sup>. Цин патшалық қытай деректемесі — «Синьцзян шилюенің» «Қазақ шежіресі» атты тараушасында берілген мағлұматтарға сүйенсек, цин патшасы Цяньлун «асыл тас тағылған, қос көзді хуалин» әшекей белгісін 1768 жылы елші болып Пекинге барып, өзімен кездескен Әбілпейіздің екінші ұлы Жошыға<sup>15</sup>, 1769 жылы елші болып барған Абылайдың ұлы Уәли сұлтанға беріп үлгірген. Ал қазақтың біраз ақсүйектері болса, не өздерінің елдегі билік орнын нығайту мақсатында, не басқалармен бәсекелесу мақсатында Цин патшалығынан өздерін «хан» деп мойындаған грамотасын сұраған. Олардың кейбіреулері «хан» лауазымына ие бола алмаса да, сол Цин патшалығының «ван», «гун» деген құр атақтарын алуға тырысқан.

Дегенмен, осы кезеңдегі Қазақ хандығы Қытайдың тарихнамаларында айтылатындай Цин патшалығының вассалы болмаған, өйткені Цин патшалығы ешқашан Қазақ даласында нақты билік жүргізіп көрмеген, қазақтар тіпті корейлер, вьетнамдықтар және бирмалықтар сияқты Цин патшалығының мөр-таңбасы мен жылнамасын қолданбаған (қытайлардың дәстүрлі ұғымы бойынша бұл институттар орнатылған ел — Қытайдың вассалы болып саналады), ал жоғарыда айтылған атақтардың іс жүзінде Қазақ хандығының ішкі иерархиясына ешқандай ықпалы болмаған, олар қазақтың сана-сезімі мен тіліне енбеген — мұны біз осы томға енген Әбілпейіздің 2 дана шағатай жазба тілінде жазған хатындағы мына бір

<sup>12</sup> Хуалин (花翎) — Цин патшалығы кезіндегі шенеуніктердің баскиіміне тағылатын, тауыстың қауырсынынан жасалған әшекей бұйым. Цин патшалық шенеуніктерінің баскиімінің төбесінде асыл тастан жасалған, лауазымын көрсететін маржаны болады (оны сол кездегі қазақ-қырғыз тілдерінде «діңсе тас» немесе «жіңсе тас» деп те айтты), «хуалин» сол маржанның түбіне тағылып, желкені бойлай салақтатып қойылды. Шенеуніктердің лауазымына қарай «хуалин» бір көзді, екі көзді және үш көзді болып бөлінеді. Оны бесінші дәрежеден жоғарғы лауазымдылардың барлығы тағуға болады. Цин патшалары аталмыш қауырсынды ерекше сыйлық ретінде ақсүйектерге, зор әскери еңбек сіңірген адамдарға және өздерімен бірге аңшылық, әскери жаттығу немесе ас беруге барған адамдарға да беріп отырған.

<sup>13</sup> Чаочжу (朝珠) — Цин шенеуніктерінің киіміне тағып, олардың лауазымын көрсететін әшекей бұйым. Оны «сучжу» (素珠) деп те атайды. Ол 108 маржаннан (төртеуі үлкен маржан, басқалары үш шумақ етіп тізбектелген ұсақ маржандар) құралған. Оны патшаның бала-шағасынан бастап 5-дәрежеге дейінгі цин шенеуніктері таға алады.

<sup>14</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 613-цзюань, 13—17-бб., Цяньлун жылнамасының 25-жылғы 5-айының «гэн у» күнгі (1760 жылғы шілде айының 9-жұлдызындағы) орда естелік.

<sup>15</sup> Бұл есім қытайша «Жо лэ ци» (卓勒齐) деп оқылатын үш иероглифпен транскрипцияланған. Дыбысталуы бойынша ол «Жолшы» дегенге келеді. Алайда Н. Я. Коншин мен Ә. Н. Бөкейханов 20-ғасырдың басында жазып қалдырған шежірелеріне қарағанда, Әбілпейіздің бұл ұлы «Жошы» деп аталса керек (Н. Я. Коншин «Джочи» деп жазса, Ә. Н. Бөкейхановтың «Джачи» деп жазған. Қараңыз: Ерофеева И. В. Родословные казахов и кожа XVIII—XIX вв. Алматы, 2003. С. 165, 168.

кішкентай болса да маңызды тарихи фактіден аңғаруымызға болады: Әбілпейіз жазған хаттағы мәтінде Цин ұлықтарына жақындық білдіру мақсатында өзін «Әбілпейіз ван» деп атаса да, хат соңында басылған мөрінде өзінің лауазым-атағын ресми түрде «Әбілпейіз баһадүр сұлтан» деп атаған<sup>16</sup>.

XVIII–XIX ғасырлар тоғысындағы екі ел қарым-қатынасының тағы бір қыры немесе екі елдің қарым-қатынасына өзіндік ықпалы болған мәселе — Қазақ халқының шығысқа қарайғы, өздерінің Жоңғар шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралуы және «жерге кім ие болуға тиісті?» дегендегі екі ел арасындағы ұғымдық келіспеушілік, соған орай әр елдің жүргізген саясаты еді. Мұндай мәселелердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі Цин патшалық билеушілерінің империялық ірге кеңіту саясатын жүргізуі болды. Цин патшасы Цяньлунның және оның Орталық Азия өңірлеріндегі ұлықтарының ұғымы бойынша, бұрынғы Жоңғар хандығының иелігінде болған жерлердің барлығы Цин патшалығына тән болуға тиісті, өйткені Жоңғар хандығын қиратқан Цин патшалығы. Ал қазақ халқы болса шығыстағы жоңғарлар басып алған өздерінің атажұртын ешқашан естерінен шығармаған және сол атажұрттарына оралу үшін күресіп келген — мұны жоғарыда айтылған «Шилу» деректемесіндегі Абылай ханның Цин патшасынан Тарбағатай секілді жерлерді қазақтарға қайтарып беру жөніндегі өтінішінен аңғаруға болады. Қазақтардың шығыстағы көне жұрттарын қайтарып алуды көздегенін бұған дейін мүлде беймәлім болып келген Цин патшалық мұрағат құжаттарынан да байқап отырмыз — біздің осы томға енген, 1755 жылы 17 қыркүйекте маньчжур тілінде хатталған «Динбэй цзянцзюнь Бандидің Батыс Қазақ қатарлы жерлерден келген елшілердің Ташкент қаласының басқарылу жағдайы туралы хабар еткендіктері жөнінде және ол жерге бұрынғыдай «әкім» сынды лауазымдарды тағайындау керек екендігі жөнінде жіберген мәлімдемесі» атты құжатта қазақтардың цин ұлықтарына айтқан «қазір міне сіздер біздің ескі жұртымызға келіп бекінген екенсіздер» деген сөздер сақталып қалған<sup>17</sup>.

Аталмыш ұғымдық келіспеушіліктен туындаған тарихи мәселелер күрделі әрі ауқымды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары деп Қазақ-Қытай шекарасының және қазақ халқының этностық аумағының қалыптасуы секілді мәселелерді атауға болады.

Саяси байланыстармен салыстырғанда XVIII ғасырдың ортасы — XIX ғасырдың басындағы Қазақ-Цин экономикалық қарым-қатынастары әлдеқайда айқын әрі объективті сипатарымен ерекшеленген. Әсіресе осы кезеңде екі ел арасында жүргізілген «жылқыға жібек» саудасы ежелден

<sup>16</sup> Осы томның 80-бетін қараңыз.

<sup>17</sup> Осы томның 17-бетін қараңыз

бері келе жатқан Ұлы Жібек жолындағы осындай қарым-қатынастардың жалғасы ретінде қазақ-қытай қарым-қатынастары тарихындағы ең маңызды оқиғалар болды.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы ресми қарым-қатынас жасай бастағаннан кейін көп ұзамай-ақ екі ел арасындағы сауда-саттық байланысы да орнатылып, аз жыл ішінде қарқынды түрде дамыды. Бұның өзіндік себептері бар еді: әлеуметтік болмысы біршама деңгейге көтерілген кез келген орталықазиялық көшпенді қауым секілді XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы үшін де өз экономикасының тірегі болып есептелетін мал шаруашылығының өнімдерін сырт елге экспорттау өзекті мәселеге айналды және оны шешу үшін бұрынырақта қалыптасқан қазақ-орыс сауда қарым-қатынастары жеткіліксіз болды. Ал бұл уақытта Жоңғар хандығын жойып, Қашқарияны басып алған Цин патшалығы үшін батыстағы қорғанысын мықтап бекітумен қатар жаңадан ие болған аймақтардың экономикасын көтеру керек болды. Сондықтан Цин патшасы Цяньлун Абылай хан, Әбілпейіз хан және Қабанбай батыр қатарлы қазақ көсемдерінің бастама ұсыныстарын ынталана қабылдап, алдымен Үрімжіде (1757 жылдан 1765 жылға дейін), кейін келе (1765 жылдан кейін) Құлжа мен Тарбағатайда «жылқыға жібек саудасы» (绢马贸易) деп аталатын сауда жәрмеңкелерін ұйымдастырған<sup>18</sup>.

Бұл сауданың қазақ қауымына қандай ықпалы болды? Чуньюань Циши-и есімді маньчжур қаламгерінің XVIII ғасырдың екінші жартысында жазып қалдырған «Сиюй цзун чжи» атты кітабында<sup>19</sup> Абылай

<sup>18</sup> Цин армиясы жеңілген жоңғар қолбасшыларының ізіне түсіп Қазақ даласына енген шақта Абылай хан әуелі оларға қарсы шығып, кейін келе бітімге келмек болып, сонымен қоса цин өкілдеріне «сауда байланысын орнатсақ» деген ниетін білдірген. Бұл туралы Цяньлун жылнамасының 22-жылғы 7-айының «бин у» күнгі (1757 жылғы тамыз айының 30-ы күнгі) цин патшалық орда естелігінде сақталған сол кездегі цин армиясының оң қол генералы Чжаохуэйдің Цяньлун патшаға жазған бір мәлімдемесінде айтылған (қараңыз: «Цин Гауцзун шилу», 543-цзюань, 8–11-66.). Ал Пекиндегі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында кезінде Әмірсананың ізіне түскен цин армиясының қатарында болып, кейін Цяньлунның тағайындауымен Үрімжідегі цин-қазақ сауда жәрмеңкесін ұйымдастыруға жауапты болған Нұсан есімді маньчжур шенеунігінің Цяньлунмен сұхбаттасқандағы ұсыныстарының маньчжур тіліндегі жазбаша нұсқасы сақталған. Осы құжаттағы мәліметтерге қарағанда, Абылай хан, Әбілпейіз хан және Қабанбай батыр қатарлы ел көсемдері Цин патшалығына ұсыныс жасағанда келешектегі сауда орны Үлңгір және Қызылбаскөл сияқты жерлерде болса деп талап қойған. Алайда Цин патшалығы бұл талапты қабылдамай, Үрімжіні сауда орны етіп таңдаған (Пекиндегі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған бұл құжаттың толық мәтіні жарияланбаған. Дегенмен оның үзінділері жоғарыда аталған Линь Юнкуан (林永匡), Ван Си (王熹) есімді қытай авторларының еңбегінде көрсетілген (қараңыз: «Цин дай сибэй миньцзу маои ши», 134–136-66.)).

<sup>19</sup> «Сиюй цзун чжи» («西域总志», «Сиюйдің жалпы ахуалы») — «И юй со тань» («异域琐谈», «Жат аймақтардың ұсақ-түйек істері жөніндегі әңгіме») деп те, «Сиюй

басқарған қазақтар туралы былай деп баяндалған: «Қазақтар... вандарының есімі Абылай. Оны қол астындағылардың барлығы «Абылай би» деп атайды. Жерлері кең, жан саны мол, малдары көп. Байларының жылқысы мен сиыры он мыңдап есептеледі, қойларына сан жетпейді. Осы байлар бірнеше әйел алып, оларды жан-жақтағы жайылым жерлеріне қоныстандырып, өздері сол қоныстарына ретімен барып қонып кетеді. Кедей делінетіндерінің өзі неше жүз сиыр мен жылқы, неше мың қойға ие, киген-ішкендерінен қам жемейді. Ұлдары 16 жасқа тола сала еншілерін бөліп беріп, өз тіршілігін бастатқызады. Той-томалақ болғанда жейтін тағамдары жылқы, сиыр, түйе және қой еті, ішетіндері қымыз. Ағаш табақ, ағаш тостаған және ағаш қасық қолданады. Байлары мыс, қалайы ыдыстар істетеді. Киімді көп кесе әсем көрінеді деп есептейді, тіпті шілденің ыстық күндерінде де 8–9 қабат киім киіп алады. Қытайдың фарфорын, шайын, түрлі түсті маталарын және ұсақ алтын бедері бар торқаны ұнатып, қадірлейді. Ал киіп жүрген торғын мен жібектерді айтарлықтай аяп та кимейді.....»<sup>20</sup>. Чуньюань Циши-и жазып кеткен бұл деректеме, бір жағынан, сол кездегі қазақ мал шаруашылығының дамып, сыртқы нарық ашу мәжбүрлі іс болып қалыптасқанын білдірсе, екінші жағынан, Қытаймен арадағы аталмыш «мемлекетара» сауда қарым-қатынасы арқылы қазақ бұқарасының тез арада қытайдың торғын-торқалары мен басқа да бұйымдарына қарық болғанын көрсетеді.

Алайда, XVIII ғасырдың соңынан бастап Цин патшалығы мен Орта Азия елдері арасындағы сауда қарым-қатынасы үзілмегенімен, оның қазақ қоғамына әкелетін пайдасы барған сайын азайған. Мұның себептері, біріншіден Ресей үкіметінің жүргізген саясатымен байланысты болды. Негізінде, Цин патшалығы Орта Азиядағы халықаралық саудаға Ресейдің қатынасуына тыйым салған. XVIII ғасырдың соңына келгенде Ресей үкіметі өзінің Орта Азиядағы ықпалының ұлғаюымен байланысты бұл тыйымды бұзуға бел буған. «Камбриж тарихы: қытайдың соңғы Цин әулеті (1800–1911)» атты еңбекте былай делінеді: «(1792 жылы Чақтадағы Ресей мен Қытай арасындағы сауда байланысы қайтадан ашылғаннан кейін) Чақта келісіміне қайшы келсе де, Ресей үкіметі өзінің шенеуніктеріне Ертіс өзені арқылы Шыңжаңмен арадағы сауданы күшейту туралы бұйрық берген. Қытайлық саудагерлер мен маньчжур шенеуніктері орыстардың мата, сағат, бәкі-пышақ және басқа да тауарларын құмарланып отырып сатып алатын болды»<sup>21</sup>.

---

вэнь цзянь лу» («西域闻见录», «Сиюйдегі көрген-білгендерім») деп те аталады. Біз бұл кітаптың 1977 жылы Тайваньның бас қаласы Тайпэйдегі «Вэньхай» баспасынан (文海出版社) қайта басылып шығарылған нұсқасын пайдаланып отырмыз.

<sup>20</sup> Чуньюань Циши-и (椿园七十一), «Сиюй цзун чжи». Тайпэй, 1977. 212-б.

<sup>21</sup> Fairbank J. K. (ed.), The Cambridge History of Chinese Late Qing Dynasty. Қытайша аудармасы, 1-том. Пекин, 1985. 346-б. (费正清主编: «剑桥中国晚清史»上

Екіншіден, көлемі азайып бара жатқан жылқы алу саудасын цин үкіметі бұрынғыдай қазақтармен ғана емес, Орта Азияның басқа халықтарымен де жүргізе бастаған. Тіпті қазақтардың осы саудадағы салмағын басқалар басып кете бастаған тәрізді. 1800 жылы патшасының ашу-ыза-сын келтіргені үшін Ілеге айдалған цин шенеунігі, Қытайдың сол заманындағы әйгілі қаламгері Хун Лянцзидің «Іле туралы естелік өлеңдер» деген жинағында мынадай өлең жолдары бар: «.....Келе жатыр деседі бұрыттар, қамшылап айдап сиыр мен қойларды. Он мыңмен есептелетін табын мал, топырлап жапты қала батысындағы жолдарды»<sup>22</sup>. Демек, Хун Лянцзидің кезінде Ілеге мал саудасын жүргізген қазақтар емес, бұрыттар (қырғыздар) болған.

Үшіншіден, аталмыш саудадағы ең үлкен монополист — Цин патшалығының баға саясаты мен істі жүргізген шенеуніктерінің жемқорлығы сауданың тоқырауына өзіндік ықпалын тигізген. Сауда барысында бағаның арақатынасы күміс ақшамен белгіленген, ал цин шенеуніктері тауарларды бағалағанда өз білгендерін істеп, қазақ жылқысының құнын төмендетіп, өздерінің торғын-торқасының құнын асқақтатып отырған. «Цин Гаозун Шилу» деректемесінің бір мәліметінде «Ішкі Қытайдан сатып алынған есек пен сиырдың құнын қазақ жылқысының құнымен салыстырып көргенде, ішкі Қытайдан алынған 1 сиырдың ақысымен 4 қазақ жылқысын, ал 1 есектің ақысымен 2 қазақ жылқысын сатып алуға болады» деген мәлімет бар<sup>23</sup>. Ал осыдай арзан бағамен алған қазақ жылқыларын цин шенеуніктері тың игеру үшін Шыңжаң жеріне жіберген қарапайым қытайларға жоғары бағада сатып, орасан зор пайда көріп отырған. Мысалы, қазақтардан 2—3 лян (сәрі) күміс ақшаға шағып торғынмен алмастырылып алған 3-ші дәрежедегі жылқылар қайтадан 8 лян күміс ақшаға бағаланып, әлгі тың игеруші қытайларға сатылып отырған<sup>24</sup>. Мұндай баға саясаты қазақтардың да саудаға деген ынтасы мен ықыласын бірте-бірте төмендеткен.

Жоғарыда айтылған себептер, әрине, қазақтар мен қытай-шүршіттер арасындағы аталмыш «жылқыға — жібек» сауда ісін ғасырға жеткізбей-ақ тоқырауға ұшыратқан. Солай бола тұрса да, бұл сауда тарихының өзіндік мәні бар: біріншіден, ол — Қазақ хандығы қалыптасқаннан кейінгі қазақтардың дербес ел ретінде Қытай елімен орнатқан тұңғыш тікелей экономикалық қарым-қатынастары; екіншіден, аталмыш қарым-қатынастың тікелей ұйымдастырушылары және бақылаушылары қазақ тарапынан Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан және Қабанбай батыр сынды көсемдер, ал қытай тарапынан Цяньлун патшаның өзі мен оның шекара аймақтарын-

卷第346页, 中国社会科学出版社1985年版).

<sup>22</sup> Хун Лянцзи. Іле туралы естелік өлеңдер// Хун Бэйцзян (Хун Лянцзи) шығармаларының жинағы (洪亮吉: «洪北江集», «万里荷戈集. 伊犁纪事诗»).

<sup>23</sup> «Цин Гауцзун шилу», 633-цзюань, 14—15-бб..

<sup>24</sup> «Цин Гауцзун шилу», 655-цзюань, 15-б.

дағы ұлықтары болғандықтан, бұл қарым-қатынастың «мемлекетаралық» сипаты болған деп санауымызға болады; үшіншіден, бұл сауда кеңістік жағынан сонау Оңтүстік Қытай жері мен Батыс Қазақстан жерін қамтыған, сауда көлемі жағынан да айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген. Осы тұрғыдан айтқанда, бұл сауда Еуразия кеңістігінде ғасырлар бойы жалғасып келіп үзіліп қалған Ұлы Жібек жолының жаңғырғандығы деуге де негіз бар. Өкініштісі, мұндай жаңғыру ұзаққа созылмады — бұл да заңды құбылыс, өйткені аталмыш жаңғыру пайда болған кеңістікте мемлекеттердің мүдделері бір-біріне қайшы келген еді.

### 3. Еңбекте қолданылған техникалық әдістер

1. Томға енген құжаттардың тақырыптарын біз жоғарыда аталған «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) кітабы (бұдан әріде бұл кітап «Жинақ» (1) деп қысқартылып алынады) және Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты Қытайдың басқа да екі ғылыми институтымен бірлесе отырып шығарған 12 томдық «Цин патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты мұрағат құжаттарының каталогі» кітаптары (бұдан әріде бұл кітаптар «Каталог» (6), «Каталог» (7) және «Каталог» (8) деп қысқартылып алынады)<sup>25</sup> бойынша алдық. Берілген құжаттардың тақырыптары екі түрлі еңбекте негізінен бірдей болғанымен, ішінара біраз ұқсамайтын жерлері де кездеседі — мұндай айырмашылықты біз өзіміздің түсіндірмемізде көрсетіп отырдық.

2. Томға енгізілген құжаттар хронологиялық ретімен орналастырылды. Айта кетерлік бір жайт: жоғарыда аталған «Жинақ» (1) және «Каталог» (6), «Каталог» (7), «Каталог» (8) кітаптарына, сондай-ақ құжаттардың мазмұндарына үңілсек, осы құжаттардың хронологиялық тұрғыдағы берген мәлімдемелері әртүрлі болғандығын байқаймыз. Олардың көбі өздерінің хатталған уақытын анық жазған (мұндай құжаттарды біз сол хатталған уақытымен көрсеттік), алайда кейбір құжаттардың хатталған уақыты жоқ — мұндай құжаттардың өзін тағы екіге бөлуге болады: а) нақты хатталған уақыты белгісіз болғанымен, цин патшасы Цяньлунның бұрыштамасы жазылған уақыты сақталғандары — мұндай құжаттарды біз сол Цяньлунның бұрыштама жазған уақытымен көрсеттік; ә) құжатта ешқандай уақыт көрсетілмегендері — мұндай құжаттардың хатталған уақытын «Жинақ» (1) және «Каталог» (6), «Каталог» (7), «Каталог»

<sup>25</sup> Бұл каталогтар сериясы 1999 жылы Қытайдың «Гуанси шифань дасюе чубаньшэ (广西师范大学出版社)» баспасынан жарық көрген. Біздің осы томға енген маньчжур тіліндегі құжаттардың атаулары аталмыш каталогтар сериясының 6-, 7- және 8-томдарында бар.

(8) кітаптарының құрастырушылары өздерінің зерттеулеріне немесе жорамалдарына сүйене отырып құжаттар тақырыбының астына қойған; біз бұл тұжырымдардың көбімен келісеміз, келіспейтін кейбір жерлер туралы біз түсіндірмемізде өз уәждерімізді айтып отырдық.

3. Томға енгізілген құжаттарды біз «Жинақ» (1), «Каталог» (6), «Каталог» (7) және «Каталог» (8) кітаптарындағы топтамалау үлгісі (Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының құжаттарды топтамалау үлгісі) бойынша алдық. Осы тұрғыда мынадай бір жайтты айта кету керек: онда жеке-жеке тақырып беріліп көрсетілген құжаттардың бірсыпырасы шын мәнінде жеке бір ғана құжат емес, бір іске қатысты бірнеше құжаттың топтамасы болып сақталынған. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында, әсіресе ондағы «Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі» атты қорда осы жеке-жеке топқа жинақталған құжаттардың ішінде көбінесе сол кездегі Цин патшалық ұлықтарының немесе тиісті цин патшалық мекемелерінің өз патшаларына жазған мәлімдемелері негізгі құжат ретінде көрсетіледі. Бірқатар жағдайда сол мәлімдемелермен бірге тағы азды-көпті қосымша құжаттар сақталып қалған. Бұл құжаттардың тарихи құндылығы көбіне әлгі негізгі құжат болып көрсетілген ұлықтардың мәлімдемесінің тарихи құндылығынан артық болмаса, кем болмай шығады. Мысалы, сол кездегі қазақ билеушілерінің әртүрлі себептермен Цин патшалығына жазған хатнамаларының барлығы (бұл хатнамалар көбінесе шағатай-қазақ жазба тілі немесе қалмақтар қолданған тотын-моңғол тілінде жазылған) цин ұлықтары немесе мекемелері өз патшаларына жіберген мәлімдемелердің қосымшасы ретінде сақталып қалған (нақты мысал ретінде біздің осы томға енген Әбілпейіз ханның шағатай тілінде жазған екі хатын келтіруге болады). Ал қосымша болып сақталып келген бұл хатнамалардың Қазақстан тарихы үшін аса маңызды екендігі айдай анық.

4. Қытайдың тарихи деректемелерінде кездесетін, ғылыми қауымға белгілі есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды елімізде бұрын жарық көрген ресми ғылыми еңбектерге негіздеп алдық.

5. Қытайдың патшалық дәуірлерінде аса дамыған өзіндік иерархиялық жүйесі болған. Ондағы лауазым атаулары мен атақтардың біразы қазіргі қазақ тіліне аударуға келіңкіремейді. Сондықтан біз аудармамызда сол аударуға келіңкіремейтін көне қытай лауазым атаулары мен атақтарын транскрипция күйінде бердік те, олардың жанына қытайша иероглифтерді көрсетіп отырдық.

6. Аудармамызда қытай деректемелерінде кездесетін, түпнұсқасы ғылыми қауымға әлі де болса беймәлім есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды қазіргі қытай тілінің «пунхуаның» дыбыстау жүйесі бойынша оқып, олардың жанына қытайша иероглифтерін беріп отырдық.

7. Қытайдың тарихи дәстүріне сай, Цин патшалық дәуірінде де патша-

ның алмасуына байланысты жылнамалардың атауы да алмасып отырған. Бұл жылнамалар қытайдың ай календарын негіз етіп, «ганьчжи», яғни ондық цикл белгілері мен он екілік цикл белгілерін құрастыру арқылы көрсетілетін жыл санау әдісімен жыл, ай, күндерді белгілеген. Біз кездескен даталарды олардың бұрынғы жылнамаларымен қоса осы заманғы жыл санау әдісіне де айналдырып көрсетіп отырдық.

8. Аударма барысында кей жерлердегі сөйлемдердің алды-артын жалғастыру үшін мәтіннің жалпы мағынасын өзгертпей қосымша сөздер қолдандық. Бұл қосымша сөздер аудармада тік [ ] жақшаның ішіне алынды.

9. Кездескен қытайша атаулар мен есімдердің транскрипцияларын біз қытайша-орысша транскрипциялау жүйесіне сүйене отырып жасадық. Бұл жерде мына бір жайтты атап айтқымыз келеді: қытайша-орысша транскрипциялау жүйесі қазақ тілінің тілдік ерекшелігіне сай келе бермейді, қазақ тіліндегі біраз дыбыстар арқылы қытай тілінің көп буындарын әлде-қайда жақсырақ транскрипциялауға болар еді. Солай болса да, бүгінгі таңда қытайша-қазақша транскрипциялау мәселесі бір ізге түсіріліп жүйелендірілмегендіктен, аудару барысында біз қытайша-орысша транскрипциялау жүйесін қолдануға мәжбүр болдық. Келешекте еліміздің қытайтанушы филологтары тарапынан қытайша-қазақша жаңа транскрипциялау жүйесі жасалып жатса, сол негізде аталған жұмысқа қажетті өзгерістер енгізуге дайынбыз.

10. Кездескен маньчжурша атаулар мен есімдердің транскрипцияларын біз P. G. von Möllendorff пен Jerry Norman сынды маньчжуртанушылардың еңбектерінде<sup>26</sup> қолданылған маньчжурша-латынша транскрипциялау жүйесіне сүйене отырып жасадық.

11. Еңбекке енгізілген шағатай жазба тілімен хатталған құжаттардағы мәтіндердің транскрипцияларын жасағанда János Eckmann-ның кітабында<sup>27</sup> қолданылған шағатайша-латынша транскрипциялау жүйесіне сүйендік.

12. Томға енген мұрағаттық құжаттарды аудару және оларға ғылыми түсіндірмелер беру жұмысы былайша жүргізілді: қытай тіліндегі және шағатай жазба тіліндегі құжаттарды Бахыт Еженханұлы сол тілдерден тікелей аударды; маньчжур тіліндегі құжаттарды алдымен Үрімжі қаласында тұратын маньчжур тілдес сибо ұлтынан шыққан маньчжур тілінің маманы, Шыңжаң маньчжуртану қоғамының төрағасы, профессор Юн Чжицзянь маньчжур тілінен қытай тіліне аударып, сонан соң Б. Еженханұлы оларды қазақшаға аударып, оларға ғылыми түсіндірме берген; тотын-моңғол тілінде жазылған құжаттарды аударуға ҚХР,

<sup>26</sup> P. G. von Möllendorff. A Manchu Grammar. Shanghai, 1892; Jerry Norman. A Concise Manchu-English Lexicon. University of Washington press. Seattle and London, 1978.

<sup>27</sup> János Eckmann. Chagatay Manual. Indiana University. Blomington, 1966.

**Солтүстікті тыныштандыру армиясының қолбасшысы  
Бандидің құпия мәлімдемесі; онда Қазақ жеріне  
жіберілген елшілер жеткізген Абылайдың бітімге келу<sup>1</sup>  
туралы өтініші және Әмірсананың істеген бұзақылықта-  
ры айтылған (маньчжур тілінде)<sup>2</sup> (Цяньлун жылнама-  
сының 20-жылы 7-айдың 25-күні)<sup>3</sup>**

Біз, патшаның уәзірлері Банди мен Сарал, төтенше маңызды іс тура-  
лы төмендегі құпия мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс  
туралы хабар алғайсыз.

Жаңа ғана Әмірсананың<sup>4</sup> Қазақ жеріне жіберген Дэнзин<sup>5</sup> есімді елшісі  
өзімен бірге қазақтың Әмір батыр<sup>6</sup> есімді бір адамын ертіп келіп былай  
деді: «Мен, Дэнзин, 5-айдың 22-күні<sup>7</sup> Абылайға бардым. Әмірсана,  
Банжүр<sup>8</sup> мен арқылы Абылайға «патша өзі бастаған 90 000 әскер мен  
оған қосылған 100 000 ойрат әскері осылай үлкен жорық жасап, Жоңғар  
жерін тыныштандырды» дегенді жеткізіп еді, Абылай ерекше қуанып,  
өзінің осыдан бұрын барымталап алған адамдарын қайтармақ болды.  
Дәл осы кезде ол біздің Еринцин<sup>9</sup> есімді тәйжіміздің күтпеген жерден  
оған опасыздық істеп, оның қол астындағы адамын өлтіріп қашып  
кеткендігін естіп, қатты қапа болды да маған: «Еринцин мен Батма-це-

---

<sup>1</sup> Мәтінде «бағыну» деп алынған. Жалпы, Цин патшалық дәуіріндегі қытай-маньчжурлар көнеден келе жатқан қытайлық дәстүр бойынша өздерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің барлығын бізге бағынды деп есептеп келген.

<sup>2</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 7-12-бб.; «Каталог» (6), 81-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1423—004; микрофильм бойынша — 036—0662.

<sup>3</sup> Яғни 1755 жылғы 1 қыркүйек.

<sup>4</sup> Мәтінде «Amursana» деп хатталған.

<sup>5</sup> Мәтінде «Danjin» деп хатталған.

<sup>6</sup> Мәтінде «Emur baturu» деп хатталған.

<sup>7</sup> Яғни 1755 жылғы 1 шілде.

<sup>8</sup> Мәтінде «Banjur» деп хатталған.

<sup>9</sup> Мәтінде «Egincin» деп хатталған.

рин<sup>10</sup> екеуі былтыр мені паналап келгенде, мен оларға мал беріп, қамқорлық жасағанмын. Кейін Әмірсананың патшаға бағынып, онымен бірге келе жатқандығын біліп, мен әлгі екеуіне «сендер Әмірсанаға барып, ұлы патшаға бағынасыңдар ма, жоқ өз еріктеріңмен басқа кез келген жерге барып тұрасыңдар ма?» деп сұрағанда, олар: «Жоқ, біз ешқайда бармай, сіздің жеріңізде тұрамыз» деп жауап берген. Мен әскерімді аттандырып, оның Жоңғар жерін тонауына көмектескем. Әлгінде мен Әмірсананың қайтып келе жатқанын естіп, онымен тату-тәтті тұрайын деген ниетпен олардың бытырап кеткен адамдарын жинап, мал берейін деп жатсам, олар рақмет айтқанның орнына маған опасыздық істеп отыр — бұны қалай түсінуге болады десеңші! Бұл ойраттар осыншалық жақсылықты білмейтін теріс азулы немелер ме еді?» деп қайта-қайта аһ ұрды да, өзі әскер бастап әлгілердің ізіне түсті. Еринциннің қол астындағылары бөгеліп қалды да, біршамасы кері әкетілді. Олар сонан соң «осы жолы Еринцин қашып барғанда Әмірсанаға қазақтарды сөзсіз жамандайды да, ел арасында жанжал тудырады» деген қауесет тарата бастады. Мен, Дәнзин, алдын ала өз адамыммен бірге барып, Әмірсанаға осы жайтты айтып беруді ұйғардым. Қазақтардың үлкен қолбасшысы Қайбахан (?)<sup>11</sup>, Өмір қатарлы 22 адамды да жіберді. Біз Боратала<sup>12</sup> жерінде Әмірсанамен кездесіп, істің мән-жайын түсіндіріп бердік. Сонда Әмірсана да Еринцинді кінәлап: «бұл неме істі осылайша бүлдірді-ау» деді де, өз адамдарын дереу сол жаққа<sup>13</sup> аттандырды. Еринцин әліге дейін Әмірсанаға кезіге алмады. Әмірсана болса, келген қазақ елшілерінің ішіндегі 10 адам екі бағытпен барып Абылайдың алдынан шықсын және Абылайға мына сөздерді жеткізсін деп ұйғарды: «мен өзім қазір ұлы патшамен дидарласуға аттанып барамын, келесі жылы бала-шағаммен көшіп келіп, осында тұрмақпын. Сен өзіңнің әскеріңді шегіндірсең». Сонан соң ол маған қазақтардың елшісі Өмірді ертіп келіп цзянцзюнь, амбандармен кезіктіруді ұйғарып, «елші егер менімен бірге барып патшамен дидарласқысы келсе, онда оны өзіммен бірге апарсам бола ма екен? Осыны барып ұғысып келсең» дегенді тапсырды». Осыдан кейін біз: «Батма-церин қазір қайда? Ол қашан бізге келеді?» деп сұрап едік, ол: «әу баста Батма-церин бізбен бірге келмекші болып, Абылайдың інісінің мөрі басылған хатнамаға дейін алып алған. Ақырында ол келе алмай қалды. Оның екі себебі бар: біріншіден, біз суыт жүріп кеттік те, бала-шағалы ол бізге ілесе алмай қалды; екіншіден, Еринцин ешқандай себепсізден опасыздық жасап, Абылайды қатты қапада қалдырып отыр, осындай жағдайда өзі Абылаймен бір кездесіп алмай жүріп кетсе, Абылай одан

<sup>10</sup> Мәтінде «Batmacerin» деп хатталған.

<sup>11</sup> Мәтінде «Haibahan» деп хатталған.

<sup>12</sup> Мәтінде «Boro tala» деп хатталған.

<sup>13</sup> Еринцин мен Абылай хан келе жатқан жаққа.

әрі кектене ме деген оймен Батма-церин Абылайды күтіп, оған мән-жайды түсіндіріп болғаннан кейін барып елшілермен бірге осылай келмекші болған» деп жауап қатты. Сонан соң біз қазақ елшісі Әмір батырға сұрақ қойып едік, ол: «Өз кезінде Әмірсана, Банжұр екеуі Давақимен бірге біздің жерді паналап келгенде, біздің басшымыз Абылай оларды бағып-қағып, олардың үлкен іске қол жеткізулеріне көмектескен. Былтыр, Абылай «Әмірсана мен Давақи екеуі жауласып, Әмірсана бізді жағаламақшы» деген хабарды ести салып, Аягөз<sup>14</sup> жеріне өзі барып бекініп, Әмірсананы күткен. Кейінірек, Батма-церин келіп Әмірсананың ұлағатты патшаға бағынып барғандығын хабарлады. Сөйтіп Абылай Батма-церин мен Ерицинді естерін жиып алғызу үшін біздің жерімізде қалдырды. Осыдан бұрынырақ Әмірсананың патша армиясын бастап келе жатқандығын және оның Жоңғар ханы болатындығын естіп, біз «ұлы патшаның зор шапағаты тиіп, осыдан былай бейбітшілік болып, ел-жұрт тыныш өмір сүре алатын болды» деп өте қуандық. Дәнзин келердің алдында ғана біз әскерлерімізді жинап, жоңғарларға жорық жасамақ болып жатқанбыз. Енді аттанамыз деп жатқанда, күтпеген жерден ұлы елдеріңіздің армиясы келе жатыр дегенді естідік. Біз сол хабарды ести салып, әскерлерімізді өз-өзінің ауылына таратып жібердік. Сонымен қоса, біз жоңғар ойраттардың малдарын іздестіріп, түгендеп, оларды жоңғарлардың қолына қайтарып бермек болып жатқанбыз. Дәл осы кезде Еринцин опасыздық жасап, біздің 30-дан астам адамымызды қырып, ішіндегі ерлердің жыныс мүшелеріне дейін кесіп кеткендігін естідік. Бұны естіген біздің халық түгелдей жағаларын ұстап, ашу-ызаға бұлықты. Бұл жоңғар ойраттар табиғатынан жауыз, оларға сенуге мүлде болмайды. Өз кезінде Давақи мен Әмірсана екеуі өте тату-тәтті қарым-қатынаста болған, тіпті ант суларын ішкен. Кейін келе ол екеуі өштесті де, бір-біріне шабуыл жасай бастады. Ал біздің қамқорлығымызда болған Батма-церин мен Ерицин, міне, бізге опасыздық жасап жатыр, бұлар ылғи да осылайша жақсылыққа жамандық қайтарады. Онымен қоса, бір-бірін алдау, баласы әкесін, әкесі бала-шағасын өлтіру секілді зұлымдықтар да олардың үйреншікті тіршіліктері. Оларды тек ұлы патшаның уәзірлері ғана жүгендей алады, әдеттегі адамдардың олармен араласуының өзі қиын. Біздің ел ұлы патшаның қайырымдылық жақсы атағына бұрыннан қанық болып, оны құрметтейтін, тек арамызда барыс-келіс орайы болған жоқ. Осы рет патша армиясы Жоңғар жеріне жорық жасағанда бір [бейкүнә ?] адамды өлтірмей, бір [артық ?] затты алмағандығы бізді қатты сүйсіндіреді. Біздің Абылай ханымыз Еринцинді қуып кеткендіктен осы рет сый-сыяпатымен келіп сіздермен сәлемдесуге ыңғайы келмей қалды. Ол ауылына оралған соң сөзсіз арнайы елшісін жібереді. Әлгінде Әмірсананың патшамен дидаласу жөніндегі өз

<sup>14</sup> Мәтінде «Aigūs» деп хатталған.

өтінішін білдіріп жатқандығын және біздің де осындай патшамен дида-  
ласып, оның шапағатына бөленетін мүмкіндігіміз бар екендігін естіп от-  
ырмыз. Бұл іске асырылатын жағдай ма, жоқ па? — міне, осыны анық-  
тау үшін біздің ел мені жіберіп отыр» деп жауап берді. Біз оған былай  
дедік: «Біздің патшамыз бұддамен ұқсас, ол ешкімді өзіне жат санамай-  
ды да, барша адам баласына тыныш өмір сүруге жағдай жасап бергісі  
келеді. Сен шалғай аймақтағы адамсың. Егер өз ниетіңмен астанамызға  
барып, патшамызбен дида-ласам десең, онда біз ешқандай кедергі жа-  
самаймыз және сен үшін жоғарыға мәлімдеме жазып жібереміз. Тек біз  
мәлімдемемізді жібергеннен кейін өз сөзіңде тұруың керек. Сен бұл ту-  
ралы ойланып көр де, өз шешіміңді бізге айт». Елші сонда былай деді:  
«Мен Әмірсанамен кездесіп, онымен ақылдасып көрейін. Егер ол мені  
бірге ертіп барам десе, онда мен уәзірлер, сіздерге хабарымды беріп,  
жоғарыға мәлімдеме жазу туралы сіздерге өтінішімді білдірермін». Сөйтіп,  
біз жағдайға қарап, елші Әмір батырға сыйлық ретінде 2 топ  
торғын мен қаршық (кішкентай дорба), бәкі сияқты ұсақ-түйек бұйым-  
дарды беріп кері қайтардық. Ол не Әмірсананы қуып жеткеннен кейін  
сонымен бірге патшамен дида-ласуға рұқсат алады, не өз ауылына  
қайтып барып, Абылайға бұл туралы мәлімдеп, онымен ақылдасқаннан  
кейін хабарларын жібермек. Қазақ елшісі егер [Әмірсанамен] бірге барса,  
онда Әмірсананы жазаға тартқан кезде сол елшіге Әмірсананың қандай  
қылмысы үшін жазаланғандығы туралы егжей-тегжейлі түсіндіргеннен  
кейін барып оны ауылына жіберу керек. Сонда ғана қазақ жұртшылығы  
шын көңілдерімен иланып, күдіксіз болады.

Аталмыш іске байланысты осы құпия мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жынамасының 20-жылы 8-айының 14-күні<sup>15</sup> Цяньлун патша  
қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрышта-  
ма жазып қалдырған: «Хабар алдым. Өте жақсы. Осылай атқарылысын».

7-айдың 25-күні.

<sup>15</sup> Яғни 1755 жылғы 18 қыркүйек.

**Динбэй цзянцзюнь<sup>16</sup> Бандидің Батыс Қазақ<sup>17</sup> қатарлы жерлерден келген елшілердің Ташкент қаласының басқарылу жағдайы туралы хабарлағандары жөнінде және ол жерге бұрынғыдай «әкім» сынды лауазымдарды тағайындау керек екендігі жөнінде жолдаған мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>18</sup> (Цяньлун жылнамасының 20-жылы 8-айдың 12-күні)<sup>19</sup>**

Біз, уәзірлеріңіз Банди мен Сарал, құлшылық етіп төмендегі мәлімдемені жолдап отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз<sup>20</sup>.

Осыдан бұрынырақ Әмірсапа қырғыз (?)<sup>21</sup> демчисі<sup>22</sup> Тоғыз-мөңкені<sup>23</sup> елші етіп, Құрбан-қожамен<sup>24</sup> Батыс Қазақ тайпасына жіберген. Қазір елшіліктен оралған Тоғыз-мөңке Құрбан-қожаның елшісі Добого<sup>25</sup> мен

<sup>16</sup> Яғни «солтүстікті тыныштандыру армиясының бас қолбасшысы». Мұнда Цин патшалығының жоңғарларға қарсы аттандырған армиясының қолбасшысын меңзеп тұр.

<sup>17</sup> Бұл жерде Ұлы жүз қазақтарын меңзеп отыр. Қазақтардың бөлінісі жөнінде Цин дәуіріндегі қытай авторлары әртүрлі ұғымда болған. Атап айтқанда, олардың кейбіреулері қазақтардың мемлекеттік-қоғамдық құрылымдарында үш жүз бар екендігінен хабардар. Алайда олардың басым көпшілігінде қазақтың үш жүзі туралы нақты түсінік болмаған және олар «қазақтар үшке бөлінеді» дей келе «үш қазақ бөлігі» деп өздерімен көбірек қарым-қатынаста болған қазақтың Орта жүзі мен Ұлы жүзінде билік жүргізген Абылай ханның, Әбілмәмбет ханның және Тұрсын сұлтанның ұрпақтарын (іс жүзінде сол кездегі Ұлы жүздің билік тізгіні Төле би қатарлылардың қолдарында болған) меңзеп отырған.

<sup>18</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 13-17-бб.; «Каталог» (6), 83-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 0448—001; микрофильм бойынша — 012—2598.

<sup>19</sup> Яғни 1755 жылы 17 қыркүйек.

<sup>20</sup> Цин ұлықтарының өз патшаларына жіберген мәлімдемелері осындай тұрақты сыпайылық сөздермен басталады.

<sup>21</sup> Мәтінде «kirgis» деп хатталған.

<sup>22</sup> Мәтінде «demci» деп хатталған; бұл сөз маньчжур тілінде «дәрігерлік қасиеті бар лама» деген мағынаны береді (қазақ тіліндегі «дем салушы» сөзінің осы сөзбен бір байланысы бар болса керек).

<sup>23</sup> Мәтінде «Tegus müngke» деп хатталған.

<sup>24</sup> Мәтінде «Gürban hojo» деп хатталған бұл адам өз кезінде Қазақ жеріне еніп, кіріп, қазақтарға жақын орналасқан ойрат моңғолдардың көсемдерінің бірі.

<sup>25</sup> Мәтінде «Dobogo» деп хатталған.

қазақтардың елшісі Теміржанды<sup>26</sup> ертіп келіп, былай дейді: «мен Құрбан-қожаға елші болып барған себебімді айтып едім, ол қатты қуанды және мені Ташкент<sup>27</sup> қаласына жеткізді. Мен сонда қазақтың көсемдеріне сәлем беріп, олармен кездестім. Алғашында олар мені алдамшы деп, маған сенбеді. Мен қайта-қайта оларға шындық жағдайды түсіндірдім, ал Құрбан-қожаның елшісі де менің айтқанымды растады. Олар сонда ғана маған сенді де, өздерінің Жогочири (?)<sup>28</sup>, Теміржан есімді елшілерін Құрбан-қожаның елшісі Добого және біздің бұрын Ташкент қаласына тұруға жіберген демчиміз<sup>29</sup> Жогамен<sup>30</sup> бірге осылай жіберді. Қазақ елшісі Жогочири орта жолда ауырып қалып, Бешағаштың<sup>31</sup> тұратын жерінде қалып қалды. Бешағаш өзінің Боголдай<sup>32</sup> есімді адамын жіберіп, бізді осы жерге дейін қорғап әкелгізді». Құрбан-қожаның елшісі әкелген хатта былай деп жазылған екен: «Біз ойраттардың<sup>33</sup> нояндары мен жайсаңдары дөрекі де ақылға көнбейтін, қырып-жою мен барымталауды ғана білетін, пәле-жаланың артында жүріп берекені кетіретін жандар екендігін білеміз. Естісек, сіздер келе жатыр екенсіздер — бұл біз үшін арайлап таң атқандай болып көрініп тұр. Біз, Құрбан-қожа, Арханди<sup>34</sup> және қол астымыздағылар аса қуаныштамыз және қалай барып патшаға тағзым етсек екен деп күндіз-түні ойластырудамыз. Біз сіздерден осының орайын келтіріп берулеріңізді өтінеміз. Мен, Құрбан-қожа, өз кезінде Давацидің<sup>35</sup> апатынан құтылу үшін қазақтардан әскер сұрап, мені өлтірмек болған [Дауацидің] (?) үш тайпасының адамдарын тонағанмын. Олар бұны ұмыта қоймас. Сондықтанда біз сіздердің бізді аяп [бізге көмек берулеріңізді] сұраймыз. Сіздер біз сенетін адамдарыңызды тез арада біздің елшілерімізбен қоса осылай жіберсеңіздер». Елші Добогоға анықтап сауал салып едік, ол: «Құрбан-қожа өзі келіп сіздерге сәлем бермек. Алайда ол «келер жолымда қазақтар мен бұрыттардың тонауына ұшыраймын, бұрынғы өштескен жердегі адамдардың қолына түсіп қаламын» деп алаңдайды. Оның қалай аман-есен келуі жөнінде сіздер бір амал ойластырсаңыздар» дегенді айтты. Қазақ елшісінің әкелген хатын аудартқызып оқып едік, онда былай делініпті:

<sup>26</sup> Мәтінде «Темуржан» деп хатталған.

<sup>27</sup> Мәтінде «Тасиган» деп хатталған.

<sup>28</sup> Мәтінде «Jogociri» деп хатталған.

<sup>29</sup> Жоғарыдағы 22-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>30</sup> Мәтінде «Joga» деп хатталған.

<sup>31</sup> Мәтінде «Beši agaši» деп хатталған бұл адам да Қазақ жерін басып алған ойрат-моңғол келімсектерінің бір ру басшысы.

<sup>32</sup> Мәтінде «Bogoldai» деп хатталған.

<sup>33</sup> Мәтінде «oirat» деп хатталған.

<sup>34</sup> Мәтінде «Arhandi» деп хатталған.

<sup>35</sup> Мәтінде «Dawaci» деп хатталған.

«Біз, Төле би (?),<sup>36</sup> Койгелді (?),<sup>37</sup> Тәулік (?),<sup>38</sup> Сасық би (?),<sup>39</sup> Құттыбай (?),<sup>40</sup> Жангелді (?),<sup>41</sup> және Күйземес (?),<sup>42</sup> былай деп хатнамамызды жіберіп отырмыз: бұрын, Галдан-Церен заманында, біздің үш жүзіміз<sup>43</sup> де соғыстан аулақ болып, шат-шадыман өмір сүріп жүрген. Кейін келе ойраттардың төрт бөлігі бір-бірімен жауласып, бір-біріне шабуылдап, ел-жұрттары миша шашылды. Сол кезде босып келгендер «ойраттар келіп сендерді тонамақшы» дегенді жеткізді. Ол хабарды ести салып, біз атқа қонып, оларға қарсы ұмтылдық та, олардың қонысын барымталадық. Осы соғыс басталғаннан бері еліміздегі жауынгерлердің аттары бір сәтке де суытылмай келеді. Қазір міне сіздер біздің ескі жұртымызға келіп бекінген екенсіздер, мұны естіп біз аса қуаныштамыз. Галдан-Цереннің заманы қайтып келер деген оймен ел-жұртымыз апыр-топыр болып өз қоныс жерлеріне оралып жатыр. Осымен қоса біздің тағы бір айтарымыз: біз сіздерден Ташкентке тағайындалатын «әкім» мен «хархан» (?) сынды лауазым-мансаптарды ісінен қалдыруларыңызды өтінеміз. Әлгі лауазым-мансаптылар бар болса, арамызға іріткі салып, келеңсіздік тудырады. Осыдан былай бір-бірімізге осылай елші жіберіп тұрғанымыз жөн. Осы хатнамамыздан тыс, барған елшілеріміздің бірі ауызша сәлемімізді де жеткізбек». Елші Теміржаннан сұрап едік, ол хаттың ішіндегі жазылған сөздермен ұқсас жауап берді. Сонымен қоса, ол «ойраттар табиғатынан өтірікші болғандықтан, көсемдеріміз оларға сенбей, бізге өз көздерімізбен шындықты көріп келуді тапсырған. Біздің көрген-білгендеріміз ойраттардың айтқандарымен сай келетін болса, онда көсемдеріміздің өздері-ақ қуана-қуана сый-сыяпаттарын ала келіп амбан сіздерге үш мәрте сәлем беру салтын атқарар еді» дегенді айтты. Сонан соң біз Ташкент қаласынан жіберілген елші демчи Жоғаға сұрақ қойып едік, ол мынадай жауап берді: «Лама-Доржы<sup>44</sup> кезінде мені мен хуэйцзи<sup>45</sup> Мәмед-имін<sup>46</sup> екеуімізді бір уақытта Ташкент қаласына тұруға жіберген. Олар<sup>47</sup> «Давациді Немету

<sup>36</sup> Мәтінде «Tulubai» деп хатталған.

<sup>37</sup> Мәтінде «Hüggildai» деп хатталған.

<sup>38</sup> Мәтінде «Teolike» деп хатталған.

<sup>39</sup> Мәтінде «Sasakbai» деп хатталған.

<sup>40</sup> Мәтінде «Hütubai» деп хатталған.

<sup>41</sup> Мәтінде «Janggildai» деп хатталған.

<sup>42</sup> Мәтінде «Kuisomas» деп хатталған.

<sup>43</sup> Мәтінде «otok», яғни «тайпа» деп хатталған.

<sup>44</sup> Мәтінде «Lamardarja» деп хатталған.

<sup>45</sup> Цин патшалық дәуірінде қытайлар Орта Азия отырықшы мұсылмандарын көбінесе осылай атаған. Бұл қазақ сынды көшпелі халықтардың сол кезде қолданатын «сарт» сөзімен жақын келеді.

<sup>46</sup> Мәтінде «Mamidimin» деп хатталған.

<sup>47</sup> Яғни «қазақтар».

(?)<sup>48</sup> мен Жырғал (?)<sup>49</sup> қатарлылар құдалады» деген хабарды ести салып-ақ бізді жеке-жеке қамауға алды. Сонда Мәмед-имін Бұхараға<sup>50</sup> қашып кетті, ал мен болсам сонда<sup>51</sup> 3 жыл қамауға алындым. Жуырда сіздер елші жібергенде ғана олар мені босатып, елшілермен бірге осында жіберді. Алайда олар маған ешқандай ауызша хабар жеткізуді тапсырмаған». Біздің ұғысуымыз бойынша, Ташкент жеріне бір хуэйцзиді әкім етіп, бір ойратты хархан етіп жіберу дәстүрі сонау Цеван-Рабтан<sup>52</sup> заманынан бері жалғасып келеді. Бүгінгі таңда қазақтар оларды алып тастаңдар деп талап қойып отыр. Олардың мұндай талап қоюларының себебі — Ташкент қаласын өз иеліктеріне айналдырып алмақшы. Сондықтан олардың бұл талабын мақұлдамауымыз керек. Осындай шешімге келе отырып, біз, патшаның уәзірлері, елші Теміржанға: «Көсемдерің бізге сәлем беріп келгісі келсе, келе берсін; олар одан әрі не өздері барып патшамен дидарласқысы келсе, не елшілерін жіберіп патшаға сәлем бергісі келсе де болады — бұл туралы сендер қайтып барып ақылдасқаннан кейін шешімдеріңді ресми хатнама арқылы хабарласыңдар. Ал Ташкент қаласына әкім мен хархан тағайындау ісіне келсек, ол бұрыннан келе жатқан дәстүр, оны күшінен қалдыруға болмайды. Егер бұрынғы жіберілген адамдар жауыз деп есептесеңіздер, онда олардың орындарына жақсы адамдар барсын» деп бірнеше қайталап жауабымызды айттық. Сонан соң осыдан бұрын патшаның қазақтарға арнап жазған бұйрығын олардың қолдарына тапсырып, оларды біздің алдыңғы жолы жіберген қорғаушы Жаңку<sup>53</sup> мен Аралбай<sup>54</sup> қатарлы адамдарымызбен бірге аттандырдық. Олармен қоса, біз Құрбан-қожаға барып оны бізге бағынуға көндіру мақсатында Құрбан-қожаның сенімді адамы болып табылатын торғауыт<sup>55</sup> тәйжисі Обашы<sup>56</sup> батырды да жібердік және осы адамдарды жол бойы қорғайтын әскерлер даярлау керек екендігі туралы Бешағашқа бұйрық жібердік. Келген елшілерге сыйлық ретінде лайықты көлемдегі шай мен торғын-торқа берілді.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 20-жылғы 9-айының 1-күні<sup>57</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылақаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Шешімдерің көңілге қонады. Тек Тоғыз-мөңкеге

<sup>48</sup> Мәтінде «Nemetu» деп хатталған.

<sup>49</sup> Мәтінде «Jirgal» деп хатталған.

<sup>50</sup> Мәтінде «Buhair» деп хатталған.

<sup>51</sup> Яғни Ташкентте.

<sup>52</sup> Мәтінде «Sewang rabtan» деп хатталған.

<sup>53</sup> Мәтінде «Jangku» деп хатталған.

<sup>54</sup> Мәтінде «Aralbai» деп хатталған.

<sup>55</sup> Мәтінде «turgūt» деп хатталған.

<sup>56</sup> Мәтінде «Ubası» деп хатталған.

<sup>57</sup> Яғни 1755 жылғы 6 қазан.

қандай шара қолдану керек екендігі туралы тіс жармапсыңдар — естерің ауып кетсе керек! Бұл туралы да жарлық түсірілді. Бұйрықтарым бойынша істеңдер».

8-айдың 12-күні.

### №3 құжат

## **Шекара аймақтарды тыныштандыру армиясы қолбасшысының оң қол орынбасары Чжаохуэйдің патша бұйрығы атқарылып, Үрімжі қатарлы жерлерде тың игеру ісі жүргізіліп жатқандығы және орынбасар дутун Шуньдэнаның қазақтармен жылқы саудасын жасағандығы туралы мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>58</sup> (Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың 7-күні)<sup>59</sup>**

Біз, патшаның құлы Чжаохуэй, Фудэ және Воши, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың 1-күні біз патшамыздың 22-жылы 12-айдың 9-күні<sup>60</sup> жазған бұйрығын қабылдап алдық, онда: «Чжаохуэй, Фудэ қатарлыларға былай деп жеткізілсін: мен жаңа ғана Хуан Тингуй,<sup>61</sup> Ярхасан<sup>62</sup> қатарлыларға егістікке жарамды жерлерді бос қалдырмау керек екендігі, тың жер қаншалықты игерілсе сонша жақсы екендігі туралы бұйрық түсіргенмін. Менің мақсатым — егістік жерлерді көп игеру арқылы астық қорын жинап алу. Бұл біздің ісімізге өте көп оң ықпалын тигізбек. Келесі жылы біздің армиямыз батысқа жорық<sup>63</sup> жасағанда бөгет атаулардың барлығын таптап өтіп, опасыз сұмырайларды түбі бір құртатындығымызға күмән жоқ. Алайда сол опасыз сұмырайлардың тамырын біржолата кесіп тастай алмай, олардың сарқыншақтары қалып қалуы да мүмкін. Сол кезде, әлгі жерлерде армиямызға жеткілікті астық қоры болса, онда біз әрі қарай жайлап-жайлап істі тындыруымызға болады. Чжаохуэй мен Фудэ осыны түсініп, тың игеруге жарайтын жер болса болды, оларды мейлінше егістік алқабына айналдыру керек. Бұдан тыс,

<sup>58</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 78-82-бб.; «Каталог» (6), 211-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1678—007; микрофильм бойынша — 047—2437.

<sup>59</sup> Яғни 1758 жылы 14 ақпан.

<sup>60</sup> 1758 жылы 18 қаңтар.

<sup>61</sup> Қараңыз: № 8 құжатқа берілген 248-түсіндірме.

<sup>62</sup> Ярхасан — Цин патшалығының Әмірсананы және Қашқарияны жаныштау армиясы қолбасшыларының бірі болған. Сонымен қатар ол Циннің Баркөл және Тұрпан жерлеріндегі тың игеру істеріне жауапты болған.

<sup>63</sup> Қашқарияға жасамақ болған жорығын айтып отыр.

келесі жылы қазақтар жылқы айдап келіп сауда жүргізген кезде, олардан көптеп жылқы сатып алу керек. Жылқы мен астықтың қоры мол болса, әртүрлі күтпеген жағдайларды жеңіп шығуға болды. Чжаохуэй мен Фудэ осыны түсініп, көп астық егіп, қазақтардан көп жылқы сатып алсын — бұл өте маңызды істер. Осы екі түрлі істі олар естеріне берік сақтап, бар ынталарымен атқарсын. Нақты қалай атқару керек екендігі жайында олар Хуан Тингуй және Ярхасанмен хатнама арқылы ақылдасып, қалайда бір шешімін тапсын. Осы бұйрық Хуан Тингуй мен Ярхасанға да жеткізілсін. Тағы бір айтарлық іс: Қазақ жерінің сырын жақсы білетін Нұсан сол жерден оралған екен, қазіргі жүргізіліп жатқан жорықта оның қажеті жоқ. Сондықтан ол астанаға келсін. Мен оның өз аузынан сол жақтағы жағдайларды ұғыстырмақпын. Бұл істер осылай атқарылсын» делінген.

Нұсан әлі келмеді. Ол келе салысымен біз оған патшаның жарлығын жеткізіп, оны астанаға аттандырмақпыз. Расында да, егістікке жарамды жерлерді бос қалдырмай көптеп егін егіп, астық қорын жинап алу және көптеп қазақ жылқысын сатып алу істерінің барлығы пайдалы. Бұл туралы ұлағатты патшамыз аса көрегенділік танытып, өте керемет және жан-жақты ойларын айтып отыр. Біздің ұғысумыз бойынша, Баркөл мен Іле аралығында, Еренқабырғаның<sup>64</sup> теріскейіндегі Жарматай<sup>65</sup>, Сайын-тала,<sup>66</sup> Танагер,<sup>67</sup> Мори,<sup>68</sup> Үрімжі, Локлон,<sup>69</sup> Манас,<sup>70</sup> Анжықай,<sup>71</sup> Жырғалаң,<sup>72</sup> Еренқабырғаның күнгеііндегі Пішән,<sup>73</sup> Лұқчин,<sup>74</sup> Тұрпан, Илалик,<sup>75</sup> Қарашәрі,<sup>76</sup> Күнес,<sup>77</sup> Қаш<sup>78</sup> сынды жерлерде егістікке жарамды жерлер өте көп екен. Іле мен Боратала жерлерінде де егістік жерлер көп. Тарбағатай, Шағанқұжыр,<sup>79</sup> Цонон-гол<sup>80</sup> және Ертіс<sup>81</sup> қатарлы өңірлерде де мұндай жерлер бар көрінеді. Дегенмен, біз тың жерлерді игеру ісін

<sup>64</sup> Мәтінде «Eren habirgan» деп хатталған.

<sup>65</sup> Мәтінде «Jarmatai» деп хатталған.

<sup>66</sup> Мәтінде «Sain tala» деп хатталған.

<sup>67</sup> Мәтінде «Tanager» деп хатталған.

<sup>68</sup> Мәтінде «Murui» деп хатталған.

<sup>69</sup> Мәтінде «Loklon» деп хатталған.

<sup>70</sup> Мәтінде «Manas» деп хатталған.

<sup>71</sup> Мәтінде «Anjihai» деп хатталған.

<sup>72</sup> Мәтінде «Jirgalang» деп хатталған.

<sup>73</sup> Қараңыз: № 17 құжатқа берілген 573-түсіндірме.

<sup>74</sup> Мәтінде «Lubcin» деп хатталған.

<sup>75</sup> Мәтінде «Ilalik» деп хатталған.

<sup>76</sup> Мәтінде «Haraşara» деп хатталған.

<sup>77</sup> Мәтінде «Hongjis» деп хатталған.

<sup>78</sup> Мәтінде «Haši» деп хатталған.

<sup>79</sup> Мәтінде «Cagan hüjir» деп хатталған.

<sup>80</sup> Мәтінде «Cohon gool» деп хатталған.

<sup>81</sup> Мәтінде «Ercic» деп хатталған.

ішкі жағымыздан бастап, бірте-бірте сыртқа қарай<sup>82</sup> кеңейтуіміз керек. Бір жерді іске жарамды етіп, оны кеңейтіп болғаннан соң барып басқа жерді игеруге кіріссек, сонда ғана, бір жағынан, тың игеру ісіне пайда әкеледі де, екінші жағынан, жер-жердегі қорғаныс жасақтарымыз бір-бірімен байланыста болып тұрады. Егер ішкі жақтағы жерлерді тастап келіп, осында шашыраңқы болып тың игерсек, онда игерілген жерлер арасындағы қашықтық ұзақ болып, басқаруға қиындық әкеледі де, күшімізді бытыратып жібереді. Біз, патшаның құлы, былай деп ойламыз: биыл Үрімжі, Локлон, Тұрпан, Илалик пен Қарашәрі қатарлы жерлерде тың игеру істерін жүргізіп тұрсақ. Ондағы істер бір ыңғайына келгеннен кейін барып басқа жерлерді игерсек те кеш болмас. Осы тың игеру ісіне қатысты патша Ярхасанға бұйрық түсіріп, оған жарамды жерлерді іздестіргізіп, бір жағынан мәлімдемесін жіберіп, бір жағынан жағдайға қарай істі атқара бергізсе. Патшаның құлы, біздің ойымыз да Хуан Тингуй мен Ярхасанға хатнама арқылы жеткізіліп, оларға аталмыш патша бұйрығына қарай барлық жерлерді тексеріп, биылша жоғарыдағы айтылған жерлерде тың игеріп, астық қорын жинатқызса.

Қазақтармен арадағы жылқы саудасы туралы жайттарды да сұрастырдық. Былтыр біз жақ пен қазақтар былай деп келіскенбіз: биыл күзде қазақтар жылқыларын айдап келіп, Еренқабырғаның Үрімжі жерінде саудаласатын болған. Егер қазақтар биыл күзде уәде бойынша келсе, онда Үрімжі жерінде сауда жүргізіледі. Алайда, қазақтар жаңадан ғана бағынып келгендер<sup>83</sup>, олар ешқашан заң-ережелерге бойсұнып көрмеген. Бастықтары болсын, қаралары болсын, барлығы өз ойлағандарымен жүріп, өз білгендерін істейді. Сондықтан олар қаншалықты жылқы айдап келе алады? [Сауда кереуендері келе ме? Жоқ] тек елшілерін жібере ме? — бұл сұрақтардың барлығына алдын ала жауап беру қиын. Егер олар жылқыларын айдап келсе, онда сауда бастаған кезде оларға әкелген жылқыларының өз құнына қарай еркін саудаласуына жол беріп, сол арқылы бұл сауданың өздеріне пайдалы екендігін сездіру керек. Сонда олар апыр-топыр болып пайда көргілері келіп, ұлағатты патшамыздың қайырымдылығына алғыстарын білдіреді де, саудаға келетін адамдары сөзсіз көбейеді.

Осыдан бұрынырақ патша орынбасар дутун Шуньдэна оңтүстік бағытына қарай<sup>84</sup> барсын деп бұйрық түсірген. Шуньдэна қазаққа қатысты істерді жақсы біледі және қазақтардың мінез-құлқымен де жақсы та-

<sup>82</sup> Яғни шығыс жақтағы бұрыннан тың игеріліп келе жатқан Баркөл сынды жерлерден бастап батысқа қарай.

<sup>83</sup> Жалпы, Цин патшалық дәуіріндегі қытай-маньчжурлар көнеден келе жатқан қытай дәстүрі бойынша өздерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің барлығын бізге бағынды деп есептеген.

<sup>84</sup> Яғни Үрімжіге қарай.

ныс. Соңдықтан Шуньдэна келгеннен кейін, оған тың игеру жасақтарын бастап барып Үрімжіге бекіндіріп, сонда қазақтармен арадағы сауда ісіне жауаптылық міндетін жүктеуге болады. Қазақтар саудаға келгенде Ішкі Қытай жерлерінен әкелінген торғын-торқа мен шыт-маталар арқылы қазақ жылқысын неғұрлым көп айырбастап алу керек. Шуньдэна осыны біліп, жағдайға қарай іс атқаруы керек. Бұдан тыс, осындай сауда орайын пайдаланып, келешекте сауданы қалай жүргізу керек екендігі туралы және қалай болған жағдайда қазақтар көп жылқы әкеле алатындықтары туралы қазақтармен алдын ала келісіп қою керек. Осы істер туралы Хуан Тингуэй мен Ярхасан екеуіне де хатнама жіберілді.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың 26-күні<sup>85</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Бұл туралы жарлық түсірілген. Солай атқарылсын».

1-айдың 7-күні.

## №4 құжат

### **.. ..-дың<sup>86</sup> адам таңдап қазақтарға елшілікке бару жөніндегі мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>87</sup> [Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айы]<sup>88</sup>**

«...Елшілік міндетті мықты азаматтарға жүктеп, оларды бір-бірден таңдап алу керек. Осы міндеттерді жаңадан бағынып келген басқа тайпалардың адамдарына жүктеп отырмыз, ал мұндай істер мемлекетіміздің абырой-атағымен тікелей байланысты<sup>89</sup>. Соңдықтан да осыдан бұрын «елшілік міндеттерін

<sup>85</sup> Яғни 1758 жылғы 5 наурыз.

<sup>86</sup> Бұл мәлімдеменің авторы жазылмаған. Біздің пайымдауымызша, бұл құжат екі адамның мәлімдемесінен құрастырылған, оның алдыңғы бөлігінің (екінші абзацқа дейінгі бөліктің) авторы белгісіз, ал екінші бөлігінің авторлары Нұсан мен Еркесара екенін ондағы мәтіннен оқып білуге болады.

<sup>87</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 90–92-бб.; «Каталог» (6), 215-б. «Каталог» бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша – 1679–019; микрофильм бойынша – 047–2507.

<sup>88</sup> Яғни 1758 жылғы ақпан.

<sup>89</sup> Бұл жерде осы мәлімдемені жазып отырған адам «жаңадан бағынып келген басқа тайпалардың адамдары» деп Цин патшалығына бағынып, соларға қызмет істеп жүрген ойраттарды меңзеп тұрғаны анық. Қазақ-Цин қарым-қатынасы орныққаннан кейін, әсіресе оның алғашқы кезеңінде, ойраттар екі жақтың да тілмашы болып, тотын-моңғол жазуы, яғни ойрат моңғолдардың жазуы Қазақ хандығы мен Цин

атқарғандарға нақты лауазым тағайындалмаса да, оларға мезіретті діндай мен линцзиді<sup>90</sup> киіп таққызу қажет» деп мәлімдеме жіберілген. Бұны патша мақұл еткен. Қазіргі таңда Сырхату<sup>91</sup>, Ойбао<sup>92</sup>, Бинту<sup>93</sup>, Банди<sup>94</sup> қатарлылардың барлығы жиналды да, олар түгелдей Еркесара мен Нұсанға тапсырылып, сол екеуінің құзырында болатын болды. Оларға «әртүрлі істерді жинақтап жоғарыға мәлімдеп отырыңдар» деп тапсырылды.

Осы жолы тағы да Еркесара мен Нұсанға хат жіберу керек болып еді, бұрынғыша Сайынбілік<sup>95</sup> пен Сағынча<sup>96</sup> жіберілді. Бұл екеуі әу баста елші болып, сол жақтан<sup>97</sup> Улемжіні<sup>98</sup> қорғап әкелген соң, біз, патшаның құлы Чжаохуэй мен Фудэ<sup>99</sup> екеуіміз оны кері жіберіп, қазақтарды қорғап апарып тастатқамыз. Біздің ұғысуымыз бойынша, Сайынбілік пен Сағынча екеуі бұрыннан бері патшаның құлы, біз басқарған армияның алдыңғы сапында қажымай қызмет етіп келіпті. Осында келгеннен кейін елшілік қызметтерін атқарып, төрт мәрте әрі-бері жүріп келген. Оларға тапсырылған міндеттердің барлығы сәтті атқарылған. Басқаларға үлгі ретінде көрсетіп, патшаның ұлы шапағатын білдіру үшін Сайынбілік пен Сағынча екеуіне көк қауырсын сыйға тартылған<sup>100</sup>. Одан тыс екеуіне бір-бір топтан (тайдан) торқа, бес-бес топтан бөз мата, бес-бес орамнан темекі, екі-екіден қорқор беріліп, олар сол сыйлықтар арқылы жылқы алмастырып

---

патшалығы арасындағы «дипломатиялық жазба тіл» рөлін атқарған — бұны Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған біраз мұрағаттық құжаттар дәлелдейді. Аталмыш құжаттар біздің алдағы дерек жинақтарымызға еңбек.

<sup>90</sup> Линцзи — яғни «Ланьлин (藍翎)» (төмендегі 100-түсіндірмеге қараңыз).

<sup>91</sup> Мәтінде бұл есім «Sirhatu» деп хатталған.

<sup>92</sup> Мәтінде бұл есім «Oiboo» деп хатталған.

<sup>93</sup> Мәтінде бұл есім «Bintu» деп хатталған.

<sup>94</sup> Мәтінде бұл есім «Bandi» деп хатталған.

<sup>95</sup> Мәтінде бұл есім «Sayinbelek» деп хатталған.

<sup>96</sup> Мәтінде бұл есім «Saginsa» деп хатталған.

<sup>97</sup> Яғни Қазақ жерінен.

<sup>98</sup> Мәтінде есімі «Ulemji» деп хатталған бұл адам хандықтары жойылған кезде Қазақ жеріне қашып барған жоңғарлардың көсемдерінің бірі.

<sup>99</sup> Мәтінде «Joohii» және «Fude» деп хатталған бұл екі адам Цин патшалығының жоңғарларды жоюға жіберген армиясының қолбасшылары болған: алдыңғысы, яғни қытайша Чжаохуэй (兆惠) деген есімімен тарихта әйгілі болған маньчжур адамы, ол Цин патшалығының Цяньлун жылнамасының 21-жылы (1756 ж.) «шекара аймағын тыныштандыру армиясы қолбасшысының оң қол орынбасары» («дин бянь ю фу цзянцзюнь (定边右副将军)») болып, келесі жылы аталмыш армияның бас қолбасшысы болып тағайындалған; ал екінші Фудэ (富德) деген қытайша есімімен тарихта әйгілі болған маньчжур Цяньлун жылнамасының 20-жылы (1755 ж.) аталмыш цин патшалық армиясының «сары байрақты моңғол бөлімінің қолбасшысы» (正黄旗蒙古都统) болып тағайындалған.

<sup>100</sup> Цин патшалығының төмен дәрежедегі шенеуніктерінің немесе қолбасшыларының баскиіміне тағылатын әшекей бұйым. «Ланьлин (藍翎)», яғни «көк қауырсын» қырғауылдың қауырсынынан жасалады. Ол көбінесе сыйлық ретінде беріледі.

алды. Сонан соң ол екеуі қазақ Майлы батырмен<sup>101</sup> бірге Нұсан тұрған жерге жіберілді. Біздің сыртта көп уақыт болған елшімізге беретін артық қаржымыз жоқ болғандықтан, біз Баркөlden жіберілген патшалық күміс ақшадан 200 сәрі бөліп, сонымен қоса он топ торғын-торқа, отыз топ жай мата, елу орам темекі, отыз дана қорқор қосып Нұсанға жіберілді. Сол заттар арқылы олар қазақтармен сауда айырбасын жасап, жауынгерлердің қажетті қаржысын шығарып алсын деп отырмыз. Әлгі Нұсанға жіберілгендер аттанарда біз оларға «еңбек сіңіріп жүрген қазақтарға да патшаның ұлы шапағатын тигізіп, тиісті сый-сыяпат көрсету керек» деп ұйғардық. Аталмыш істерге арнап осы мәлімдеме жазылып отыр» делінген.

Қазір біз, патшаның құлы Еркесара мен Нұсан, Қазақ жерінен оралдық. Орала салып біз Ойбао, Майлто<sup>102</sup> қатарлылардың бастарына хуалин, ланлин және мезіретті диндай<sup>103</sup> тағу мәртебелерін сыйладық. Сонан соң жауынгерлерімізге қажетті қаржыны шығарып алу үшін оларды қазақтармен айырбас саудаға кері жібердік. Бізге қызмет етіп жүрген қазақтарға да патшаның ұлы шапағатын тигізіп, лайықты сый-сыяпат берілді. Осыған байланысты кеткен шығындар туралы біз мәлімдеме беруге тиістіміз. Жалпы, патшаның құлы, бізді, қазақтарға елші етіп жіберген шақта, біз «баратын адам көп, қаржы жетіспейді» деп патшаға «баратын адамдардың баскиімдеріне мезіретті диндай мен хуалин тақызып, Қазақ жеріне апарсақ» дегенді айтып мәлімдеме жіберіп едік, патша бұны құптады<sup>104</sup>. Олардан тыс<sup>105</sup>, цзянцзюнь мен амбан екеуі Аньси цзянцзюньнің (?) тушысы, Нингута<sup>106</sup> жерінен шыққан маньчжур адамы Якуды<sup>107</sup> қосымша көмекші ретінде қосып берген. Онымен қоса, олар «жахачин<sup>108</sup> ойрат ада-

<sup>101</sup> Мәтінде бұл есім «Mail baturu» деп хатталған.

<sup>102</sup> Бұл есім мәтінде «Mailto» деп хатталған.

<sup>103</sup> Диндай — «динцзи» деп те айтылады. Цин патшалық шенеуніктерінің баскиімінің төбесінде асыл тастан жасалған, лауазымын көрсететін маржаны болады (оны сол кездегі қазақ-қырғыз тілінде «діңсе тас» деп атаған).

<sup>104</sup> Бұл жерде мәлімдеме жазушы қаржының тапшылығы мен бос атақ-мәртебе белгілерін беру арасында қандай байланыс бар екендігі туралы таратып айтпаған. Шамасы, Цин патшалығының алғашқы елшілері Абылай хан сынды қазақ көсемдерінің алдында өздерінің мәртебелерін көтермелеп көрсету арқылы құрметке ие болып, қазақ халқының ақпейілділігінің арқасында біраз істерін тындырып алған тәрізді — осы құжаттың келесі бір жеріндегі «Абылайдың құрметіне ие болдық» деген мазмұндағы сөздер осыны аңғартады.

<sup>105</sup> Мәлімдеме жазушы «өзіміздің әу бастан ертіп жүрген адамдарымыздан тыс» дегенді айтпақшы.

<sup>106</sup> Мәтінде бұл жер атауы «Ningguta» деп хатталған.

<sup>107</sup> Мәтінде бұл есім «Yakü» деп хатталған.

<sup>108</sup> Мәтінде «jahaqin» деп хатталған. Бұл жоңғар моңғолдардың бір бөлігінің атауы.

мы Банди<sup>109</sup> мен Баярдың<sup>110</sup> ғибадатханасының меңгерушісі Чаған-күбін<sup>111</sup> екеуі жер жағдайын жақсы біледі және қазақ тілінің аудармашысы бола алады» деп, оларды да бізге қосып берген. Сонан соң олар қалқа моңғол, төменгі дәрежедегі құрмет атағына ие болған Гындун<sup>112</sup> қатарлы үш адамды Еркесараға атқосшы етіп таңдап берді. Кейін Абылайдың Әбжі мен Чибәған екеуін тұтқынға алып, біз жаққа жіберуімен байланысты цзян-зюнь мен амбан Абылайға хат пен сыйлық апарғызу үшін арт-артынан адам жіберді. [Ішіміздегі] солун әскер қолбасшысы «Ойбао — болатын жігіт, оны өзімізге алып қалсақ» дегенді айтып еді, біз цзянцзюнь мен амбаннан рұқсат сұрап, оларды мұнда қызмет атқарғызу үшін алып қалдық. Біз, Еркесара және Нұсан екеуімізбен бірге барған 20 адам және Ойбао қатарлы 3 адам екі айға ғана жететін қаржы алып 6 айға таяу сапар шектік. Біз, патшаның құлы, Қазақ жеріне бара салып істерді жүргізгенде, мейлі Абылаймен кеңес өткізу болсын, мейлі сұмырай Әмірсананың ізін барлау болсын, барлық кезде қазақ батырларымен бірге болдық. Олар патшаның сыйлығы ретіндегі хуалинді бастарына тағу мәртебесіне ие болғандарды жайсаң деп атап, үлкен құрмет көрсетті. Ал біздің ертіп жүрген адамдарымыз, шынында да, жігіттің жігіті, олардың барлығы аса қабілетті, барлығы жеке-жеке міндет атқара алатын, атқа мықты мергендер және қақаған аяға төзіп бере алатын қайсар тұлғалар, олар өздеріне тапсырылған міндетті адалдықпен тайсалмай орындап шығады. Олар осы қасиеттері арқылы Абылайдың құзырындағы барлық қазақтардың құрметіне ие болды. Олар қазақтардың құрметіне ие болған екен — осыны пайдаланып, өзімізге жүктелген істі сәтті атқарып шықсақ деген ниетпен біз, Еркесара мен Нұсан екеуіміз, былай деп ақылдастық... (құжаттын осыдан кейінгі мәтіні жоқ).

## №5 құжат

### Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптері (маньчжур тілінде)<sup>113</sup>

### [Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айы]<sup>114</sup>

<sup>109</sup> Мәтінде бұл есім «Bandi» деп хатталған.

<sup>110</sup> Мәтінде «Бауаг» деп хатталған. Шамасы, бұл жоңғар моңғолдардың бір тұлғасы болса керек.

<sup>111</sup> Мәтінде бұл есім «Cagan kubun» деп хатталған.

<sup>112</sup> Мәтінде бұл есім «Gendun» деп хатталған.

<sup>113</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 87–89-бб.; «Каталог» (6), 215-б. «Каталог» бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1679–006; микрофильм бойынша — 047–2594.

<sup>114</sup> Яғни 1758 жылғы ақпан.

Орта жүзде<sup>115</sup> тарақты<sup>116</sup>, арғын<sup>117</sup>, найман<sup>118</sup>, керей<sup>119</sup>, уақ<sup>120</sup>, төлеңгіт<sup>121</sup>, қыпшақ<sup>122</sup> қатарлы 7 тайпа бар.

Тарақты тайпасының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың<sup>123</sup> билігінде;

Қанжығалы арғынның<sup>124</sup> 2000 отбасы Бөгембай батырдың<sup>125</sup> билігінде;

Қаракесектің<sup>126</sup> 2000 отбасы Қазыбек бидің<sup>127</sup> билігінде;

Алтай арғынның<sup>128</sup> 3000 отбасы Нияз батырдың<sup>129</sup> билігінде;

Атығай арғынның<sup>130</sup> 1000 отбасы Жәпек батырдың<sup>131</sup> билігінде;

Қарауыл арғынның<sup>132</sup> 2000 отбасы Итқара батырдың<sup>133</sup> билігінде;

Бәсентин арғынның<sup>134</sup> 2000 отбасы Жанұзақ батырдың<sup>135</sup> билігінде;

Тобықты арғынның<sup>136</sup> 1000 отбасы Қарпық бидің<sup>137</sup> билігінде;

Қозған арғынның<sup>138</sup> 1000 отбасы Төлеуке бидің<sup>139</sup> билігінде;

Төртуыл арғынның<sup>140</sup> 2000 отбасы Бабеке (?) бидің<sup>141</sup> билігінде;

Арғын майлыбалта<sup>142</sup> руының 1000 отбасы Итқара батырдың<sup>143</sup> билігінде;

<sup>115</sup> Мәтінде «Orto yudz» деп хатталған.

<sup>116</sup> Мәтінде «taraktu» деп хатталған.

<sup>117</sup> Мәтінде «argan» деп хатталған.

<sup>118</sup> Мәтінде «naiman» деп хатталған.

<sup>119</sup> Мәтінде «kere» деп хатталған.

<sup>120</sup> Мәтінде «wak» деп хатталған.

<sup>121</sup> Мәтінде «tulunggu» деп хатталған.

<sup>122</sup> Мәтінде «habcak» деп хатталған.

<sup>123</sup> Мәтінде «Naimandai batur» деп хатталған.

<sup>124</sup> Мәтінде «gasagalan argan» деп хатталған.

<sup>125</sup> Мәтінде «Bukumbai baturu» деп хатталған.

<sup>126</sup> Мәтінде «kara hesek» деп хатталған.

<sup>127</sup> Мәтінде «Hadzanbek bi» деп хатталған.

<sup>128</sup> Мәтінде «altai argan» деп хатталған.

<sup>129</sup> Мәтінде «Niyadz batur» деп хатталған.

<sup>130</sup> Мәтінде «andagai argan» деп хатталған.

<sup>131</sup> Мәтінде «Yapak batur» деп хатталған.

<sup>132</sup> Мәтінде «karagül argan» деп хатталған.

<sup>133</sup> Мәтінде «It kara batur» деп хатталған.

<sup>134</sup> Мәтінде «bašaatan argan» деп хатталған.

<sup>135</sup> Мәтінде «Janadzak batur» деп хатталған.

<sup>136</sup> Мәтінде «toboktu argan» деп хатталған.

<sup>137</sup> Мәтінде «Karpok bi» деп хатталған.

<sup>138</sup> Мәтінде «hodzagan argan» деп хатталған.

<sup>139</sup> Мәтінде «Tulioke bi» деп хатталған.

<sup>140</sup> Мәтінде «turtul argan» деп хатталған.

<sup>141</sup> Мәтінде «Babuki bi» деп хатталған.

<sup>142</sup> Мәтінде «argan mailabalta» деп хатталған.

<sup>143</sup> Мәтінде «It kara batur» деп хатталған.

Баба арғынның<sup>144</sup> 500 отбасы Бабаназар (?) бидің<sup>145</sup> билігінде;

Жоғарыда аталған арғынның 11 руы (оток) жыл бойы төрт маусымда Обаған-Тобыл<sup>146</sup>, Ганчаган-модо<sup>147</sup> қатарлы жерлерде көшіп-қонып мал бағып жүреді. Абыралыдан<sup>148</sup> аттанып 40 күн жол жүргенде олардың көшіп-қонып жүрген жерлерінің орталығына жетеді. Биыл алтай арғындардың Қазыбек би<sup>149</sup>, Нияз батыр<sup>150</sup> сынды адамдары Қарқара (?)<sup>151</sup>, Қазалы жерлеріне<sup>152</sup> қоныстанған.

Төлеңгіт<sup>153</sup> тайпасының 1000 отбасы Жаназар батырдың<sup>154</sup> билігінде; бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Елдің айтуына қарағанда, бұл тайпаның халқы Тәуке ханның<sup>155</sup> иелігінде болған, мұнда әртүрлі адамдар бар;

Терістаңбалы<sup>156</sup> тайпасының 1000 отбасы Жарылқап (?) батырдың<sup>157</sup> билігінде;

Қаракерей байжігіт найманның<sup>158</sup> 10 000 отбасы Қабанбай батыр<sup>159</sup> мен Доротбай (?) батырдың<sup>160</sup> билігінде;

Матай найманның<sup>161</sup> 10 000 отбасы Олжабай (?)<sup>162</sup> мен Аталықтың (?)<sup>163</sup> билігінде;

Садыр (?) найманның<sup>164</sup> 1 000 отбасы Малай батырдың<sup>165</sup> билігінде;

Төртуыл (?) найманның<sup>166</sup> 1 000 отбасы Таңатар бидің<sup>167</sup> билігінде;

<sup>144</sup> Мәтінде «baba argan» деп хатталған.

<sup>145</sup> Мәтінде «Babanayar bi abanayar bi» деп хатталған.

<sup>146</sup> Мәтінде «Obohon tobol» деп хатталған.

<sup>147</sup> Мәтінде «Gancagan modo» деп хатталған.

<sup>148</sup> Мәтінде «Abural» деп хатталған.

<sup>149</sup> Мәтінде «Kadzanbak bi» деп хатталған.

<sup>150</sup> Мәтінде «Niyadz batur» деп хатталған.

<sup>151</sup> Мәтінде «Karkiral» деп хатталған.

<sup>152</sup> Мәтінде «Hasalak» деп хатталған.

<sup>153</sup> Мәтінде «dulungu» деп хатталған.

<sup>154</sup> Мәтінде «Janadzar batur» деп хатталған.

<sup>155</sup> Мәтінде «Teoke han» деп хатталған.

<sup>156</sup> Мәтінде «Teres tamhala» деп хатталған.

<sup>157</sup> Мәтінде «Yarhaleb batur» деп хатталған.

<sup>158</sup> Мәтінде «kala kere baijiget naiman» деп хатталған.

<sup>159</sup> Мәтінде «Habambai batur» деп хатталған.

<sup>160</sup> Мәтінде «Dorotbai batur» деп хатталған.

<sup>161</sup> Мәтінде «matai naiman» деп хатталған.

<sup>162</sup> Мәтінде «Oljibai» деп хатталған.

<sup>163</sup> Мәтінде «Atalak» деп хатталған.

<sup>164</sup> Мәтінде «sardul naiman» деп хатталған.

<sup>165</sup> Мәтінде «Malai batur» деп хатталған.

<sup>166</sup> Мәтінде «tultugur naiman» деп хатталған.

<sup>167</sup> Мәтінде «Tanggatar bi» деп хатталған.

- Болатшы (?) найманның<sup>168</sup> 500 отбасы Таз батырдың<sup>169</sup> билігінде.  
 Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Көкжарлы (?) найманның<sup>170</sup> 1 000 отбасы Барақ батырдың<sup>171</sup> билігінде;  
 Бура найманның<sup>172</sup> 2 000 отбасы Жолбасар (?) батырдың<sup>173</sup> билігінде;  
 Бағаналы найманның<sup>174</sup> 2 000 отбасы Марал (?) батырдың<sup>175</sup> билігінде.  
 Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Балталы найманның<sup>176</sup> 500 отбасы Етушы (?) батырдың<sup>177</sup> билігінде.  
 Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Осылар найман тайпасының 10 руы болып табылады.  
 Ашамайлы керейдің<sup>178</sup> 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың<sup>179</sup> билігінде.  
 Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.  
 Ашамайлы керейдің құрқар (?) руының<sup>180</sup> 2 000 отбасы Мазаркелді батырдың<sup>181</sup> билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Абақ<sup>182</sup> керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың<sup>183</sup> билігінде;  
 Абақтың 500 отбасы Нияз (?) батырдың<sup>184</sup> билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Ителі<sup>185</sup> керейдің 1000 отбасы Жантөре<sup>186</sup> батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;  
 Бұл керейдің 5 руы.  
 Уақ<sup>187</sup> тайпасының 1000 отбасы Сары Баянның<sup>188</sup> билігінде;  
 Уақ тайпасының 1000 отбасы Тілеу<sup>189</sup> батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

168 Мәтінде «bolakci naiman» деп хатталған.

169 Мәтінде «Tads batur» деп хатталған.

170 Мәтінде «Kukyar naiman» деп хатталған.

171 Мәтінде «Barak batur» деп хатталған.

172 Мәтінде «bora naiman» деп хатталған.

173 Мәтінде «Yobosar batur» деп хатталған.

174 Мәтінде «bahanala naiman» деп хатталған.

175 Мәтінде «Malar batur» деп хатталған.

176 Мәтінде «baltal naiman» деп хатталған.

177 Мәтінде «Etusi batur» деп хатталған.

178 Мәтінде «Acamali kere» деп хатталған.

179 Мәтінде «Durumbai batur» деп хатталған.

180 Мәтінде «kur kar otok» деп хатталған.

181 Мәтінде «Madzarhelde batur» деп хатталған.

182 Мәтінде «abakta» деп хатталған.

183 Мәтінде «Hojobergen batur» деп хатталған.

184 Мәтінде «Niyesu batur» деп хатталған.

185 Мәтінде «Ite ili» деп хатталған.

186 Мәтінде «Janturu» деп хатталған.

187 Мәтінде «Wak» деп хатталған.

188 Мәтінде «Sar bayan» деп хатталған.

189 Мәтінде «Tilio» деп хатталған.

Уақ тайпасының Бармақ<sup>190</sup> батыры 500 отбасын басқарады. Бұрынғы тексеруде бұлар тізім дәптерінде болмаған;

Ергенекті (?) уақ<sup>191</sup> руының 1000 отбасы Есенқұл (?) батырдың<sup>192</sup> билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Жаңа уақтың<sup>193</sup> 500 отбасы Сары<sup>194</sup> батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Бұл уақтың 5 руы.

Қыпшақ<sup>195</sup> тайпасының 3000 отбасы Қошқарбай (?) батырдың<sup>196</sup> билігінде.

Жоғарыда айтылғандай үлкендеу ру-тайпалардың (оток) жалпы саны 35, олардағы отбасының саны 68 000-нан астам.

## №6 құжат

### Шэньси-Ганьсу жеріндегі генерал-губернатор Хуан Тингуйдың өзінің қазақтармен сауда жөнінде Нұсаннан ақыл сұрағандығы туралы мәлідемесі (қытай тілінде)<sup>197</sup> (Цяньлун жылнамасының 23-жылы 3-айдың 1-күні)<sup>198</sup>

Мен, Дасюеши<sup>199</sup>, Шэньси-Ганьсу жеріндегі генерал-губернатор Хуан Тингуй, төмендегі мәселеге қатысты мәлідемені жіберіп отырмын.

Биыл 7-айда қазақтар Үрімжіге келіп сауда жасамақ. Патшаның уәзірі, мен, [осыдан бұрын болған] патша ордасындағы осы іс туралы талқылау кезіндегі «барлығын алдын ала даярлау керек» деген қорытындысы бойынша тиісті істі жүргізіп жатырмын. Шэньси провинциясынан әкелінуге тиісті 3 000 топ торғын-торқаның 2 000 тобы қазір Баркөлге<sup>200</sup> жеткізілді. Дегенмен, Баркөлде сақтаулы матаның саны әлі де болса аз-

<sup>190</sup> Мәтінде «Вармак» деп хатталған.

<sup>191</sup> Мәтінде «eihektu wak» деп хатталған.

<sup>192</sup> Мәтінде «Esangol batur» деп хатталған.

<sup>193</sup> Мәтінде «Janggu wak» деп хатталған.

<sup>194</sup> Мәтінде «Sar» деп хатталған.

<sup>195</sup> Мәтінде «habsik» деп хатталған.

<sup>196</sup> Мәтінде «Nosoorbai batur» деп хатталған.

<sup>197</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 94–95-бб. Аталмыш кітаптың 93-бетінде осы құжаттың тағы бір нұсқасы (мазмұны бірдей) берілген. Соңғысы Хуан Тингуйдың өз қолымен жазған шимай нұсқасы болса керек.

<sup>198</sup> Яғни 1758 жылғы 8 сәуір.

<sup>199</sup> Дасюеши (大学士) — Цин патшалығы 1-ші дәрежелі ұлықтарының лауазым атағы. Бұл лауазымға ең оқымысты тұлғалар ғана ие бола алады.

<sup>200</sup> Мәтінде «Валикунь (巴里坤)» деп хатталған. Бұл қазіргі ҚХР ШҰАР Баркөл қазақ автономиялы ауданының жері.

дау, сондықтан біз Гань[чжоу], Лян[чжоу] және Су[чжоу] қатарлы жерлерден 300 жүп «собу» кездемесі<sup>201</sup> мен 1 500 топ «цзинчжуан» сәлдебозын<sup>202</sup> алдырдық, олар арт-артынан [Баркөлге] тасып апарылып, сонда сақталуда.

Әскери жорықтан<sup>203</sup> Пекинге қайту жолындағы патша қорғаушысы Нұсан<sup>204</sup> осы жылы 2-айдың 29-күні кеште Су[чжоу] жеріне жеткен. Нұсан — осыдан бұрын жорықтағы армиямызда болып, қазақтарға қатысты істі ең жақсы білетін адам. Мен, патшаның уәзірі, осыны ескере отырып, Нұсаннан сауда ісі туралы тәптіштеп сұрадым. Ол маған мынадай жауап берді: «Тайпа-тайпаға бөлінетін қазақтар әр жерде тұрады. Оларды бір жерге жөнелтуге немесе жинауға тиісті болып қалса, олар өз ықыластарымен ғана барады немесе жиналады, ешкім оларды зорлай алмайды. Сондықтан, келешектегі саудаға олардан қаншалықты адам келетіндігін қазір айту қиын: мүмкін көп келер, мүмкін аз келер. Ішкі Қытайдан шығатын шайды олар аса ұнатпайды, сондықтан ондай шайларды оларға апарудың қажеті жоқ. Олар кәти<sup>205</sup> және молұн<sup>206</sup> сынды торқа түрлерін өте жақсы көреді. Дегенмен, ондай торқаларды Ганьсу жеріне тасып әкелгеннен кейінгі өз құны мен тасымалдау бағасын қосқанда бағасы тым жоғары болып кетеді. Біз олармен бірінші рет сауда жүргізіп жатырмыз, сондықтан осы торқа түрлерін жағдайға қарап қосымша тауар ретінде апарғанымыз жөн. Өйткені біз келешекте оларды ылағи да осы торқалардан дәмелендірмеуіміз керек. Ал бوماзи<sup>207</sup>, шек-

<sup>201</sup> Қытайша «собу (梭布)» деп хатталған. Мұндағы екінші иероглиф «мақтадан тоқылған кездеме» деген мағынаны береді. Осы «бу (布)» сөзі XVIII ғасырда құрастырылған ВТЦВЦ кітабында шағатайша «бөз» деп алынған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3182-бет). Дегенмен, бұл кездеменің қазақша нақты аталуы және оның өлшем сөзін не үшін «жүп» деп алғандығы анықталмады.

<sup>202</sup> Қытайша «цзинчжуан бу (京庄布)» деп хатталған. Құжатта бұдан әріде айтылатын «цзинчжуан бай бу (京庄白布)» мен «бай бу (白布)» осы кездеме түрімен бір нәрсе болса керек. Құжат мәтіні бойынша аталмыш кездеме көбінесе қазақ әйелдерінің басына салатын шылауышқа пайдаланылады екен, ал мұндай кездемені қазақтар «сәлдебоз» деп атап келген.

<sup>203</sup> Цин патшасының жоңғарларға қарсы әскери жорығы.

<sup>204</sup> Біздің № 8 құжатқа берген 243-түсіндіруге қараңыз.

<sup>205</sup> Қытайша «чжуан дуань (妆缎)» деп хатталған. Осы «чжуан дуань (妆缎)» деген торқа түрі ВТЦВЦ кітабында шағатайша «кәти» деп алынған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3182-бет).

<sup>206</sup> Қытайша «ман дуань (蟒缎)» деп алынған. Бұл — «айдаһар жылан бейнесі салынып тоқылған торқа» деген мағынаны береді. Бұны ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «молұн» деп алған (күні бүгінге дейін кей түркі тілінде төрт аяқты айдаһар жылан «молұн» деп айтылады).

<sup>207</sup> Қытайша «гужун (姑绒)» деп хатталған.

пен<sup>208</sup>, керіскі<sup>209</sup>, алаша<sup>210</sup> және сиса<sup>211</sup> сынды заттар олардың жерлерінде жоқ,<sup>212</sup> оларды сатып алу және тасымалдау да әлдеқайда оңайырақ. Сондықтан [осындай жақсы және нашарлау тауарларды] араластырып апарғанымыз бізге ең ұтымды болар. Бұдан тыс, ондағы әйелдердің барлығы ақ сәлдебозбен<sup>213</sup> бастарын орайды<sup>214</sup>, сондықтан біз ақ түсті бөзді (сәлдебөзді) көбірек дайындап қойсақ артық болмас». Мен, патшаның уәзірі, «Үрімжіге барар жол ұзақ, қажетті тауарларды сауда басталғанда барып даярласақ үлгірмеспіз, ал бомази, шекпен, керіскі сынды заттар Сиань, Ланьчжоу қатарлы жерлерде шығады<sup>215</sup> дегенді ескере отырып, аталмыш жерлердің басшыларына жеке-жеке тапсырма беріп, осы 3 түрлі тауардың әрбіреуінен 1 000—2 000 топ, онымен қоса 500 алаша және 300 жүп сиса мен 1 000 топ ақ түсті «цзинчжуан» бөз дайындатып, оларды сол жерлердің өз арбаларымен бірте-бірте Сучжоу жеріне әкелгізіп, одан әрі басқа арба жалдап Баркөл жеріне апарғызып, сонда сақтатқызуды ұйғардым. Ол тауарлар сауда басталғанда біржолата әрі [Үрімжіге] апарылмақ. Егер 7-айда саудаға келген қазақтар аз болса, онда да [осы бір даярланған тауарлардың қажеті болады], өйткені шекпен, бөз сынды заттарды біздің жауынгерлеріміз де тұрақты түрде тұтынады. Керек кезде осы заттарды жақын жерден-ақ жауынгерлерімізге таратып бере аламыз және әр әскери бөлімшеге алған тауарларды өз құнына қарай төлеткізіп алуымызға болады. Мұндай жағдайда жауынгерлеріміздің қажеті қамтамасыз етіледі әрі осы тауарларды даярлау кезінде жұмсалған қаражат бекер шығын болмайды.

Патшаның уәзірі, менің, Нұсаннан саудаға байланысты ахуалды сұрап, алдын ала бомази, шекпен, киіз сынды заттарды сатып алу істерім ұлағатты патшама мәлімдеуге тиісті істер. Онымен қоса, Нұсан 2-айдың 30-күні таңсәріде Сучжоу жерінен аттанып Пекинге қарай жол тарты — осыны да қоса отырып, мен жерге басымды ұра жазып, ұлағатты патшама осы мәлімдемені жіберіп отырмын. Аталған істер туралы патша ағзам хабар алғай.

Цяньлун патша құжаттың осы жерінде қызыл бояулы қылқаламмен

<sup>208</sup> Қытайша «хэцзы (褐子)» деп хатталған.

<sup>209</sup> Қытайша «чжанцзы (毡子)» деп хатталған.

<sup>210</sup> Қытайша «таньцзы (毯子)» деп хатталған.

<sup>211</sup> Қытайша «инхуабу (印花布)» деп хатталған.

<sup>212</sup> Мұндағы аталған тоқыма бұйымдар сол кездегі қазақтар арасында көп тұтынылғандығы даусыз, тек мұнда қытай авторы қазақтардың өздерінде де көптеп өндірілетін керіскіні (жұқа киіз) де «қазақ жерінде жоқ» дегені түсініксіз.

<sup>213</sup> Қытайша «бай бу (白布)» деп хатталған бұл сөз «ақ бөз, ақ бұл» деген мағынаны білдіреді. Мұндай матаның түрін қазақтар «сәлдебөз» деп те атаған, бұл қазақтардың күнделікті өмірінде аталмыш бөздің көбірек пайдаланылатындығынан (сәлде, кимешек, жаулық, күндік, шаршы, шылауық, т. б. тігу) шықса керек.

<sup>214</sup> Яғни кимешек-шылауыш киеді.

<sup>215</sup> Мұндағы аталған жерлердің барлығы Хуан Тингуйдың өз құзырында.

мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Жақсы. Хабар алдым».

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 3-айдың 1-күні

## №7 құжат

### **Динбянь цзянцзюнь Чжаохуэйдің<sup>216</sup> ойрат Букучағанды тұтқындауға көмек сұрап Қазақ ханы Абылайға жолдаған хаты (маньчжур тілінде)<sup>217</sup> (Цяньлун жылнамасының 23-жылы 4-айы)<sup>218</sup>**

Динбянь цзянцзюнь, бірінші дәрежелі бо<sup>219</sup>, динбянь цзянцзюньнің оң қол орынбасары, Қалқа (жерінің) цзюньваны<sup>220</sup> және амбан<sup>221</sup> қатарлылардан ресми хат.<sup>222</sup> Қазақ ханы Абылайға жазылған бұл хатта былай делінген:

Сен жіберген Кенжеқара<sup>223</sup>, Танаш<sup>224</sup> қатарлы елшілер бізге жетті. Елшілерден сенің денсаулығың жақсы, мал өсіруші халқың да аман кендігін біліп біз өте қуаныштамыз.

---

<sup>216</sup> Чжаохуэй — Цин патшалығының жоңғарларды жою мақсатында Орталық Азияға жіберген армиясының бас қолбасшысы. «Динбянь цзянцзюнь» — оның лауазымы.

<sup>217</sup> «Каталог» (6), 231-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1691—047; микрофильм бойынша — 048—2109.

<sup>218</sup> Яғни 1758 жылғы 7 мамырдан 5 маусымға дейінгі аралық — бұл дата алдыңғы түсіндірмедегі «Каталог» (6) кітабы бойынша беріліп отыр.

<sup>219</sup> Яғни динбянь цзянцзюнь Чжаохуэй. Бо — оның атағы.

<sup>220</sup> Сол кездегі «динбянь цзянцзюнь» Чжаохуэйдің оң қол орынбасары — Қалқаның (Қалқа Моңғол жерінің) цзюньваны (цзюньван — сұлтан дәрежелі атақ) Цибденжаб болған.

<sup>221</sup> «Амбан» — қытайша «цаньцзань дачень (参赞大臣)» деп айтылатын бұл сөздің маньчжур тіліндегі түпкі мағынасы — «уәзір». Сол кездегі цин патшалығының шекара аймағындағы ұлықтары да осылайша аталады. Біздің мәтіміміздің бұл жерінде «амбан» сөзі — цзянцзюньдерден тыс әскери қолбасшыларды меңзеп тұрса керек.

<sup>222</sup> Мәтінде «ци вэнь (咨文)» деп алынған.

<sup>223</sup> Маньчжурша мәтін бойынша бұл есімнің транскрипциясы «Henjihar» болып оқылады.

<sup>224</sup> Маньчжурша мәтін бойынша бұл есімнің транскрипциясы «Tanasi» болып оқылады.

Ұлы патшамыздың зор шапағатын сендер де сезіп үлгірген шығарсындар. Биыл 2-айда<sup>225</sup>, патшалығымыздың айбынды армиясы Қорғас жеріне кіріп, улеттерді<sup>226</sup> ойсырата қиратты да, олардың жан-жақтағы қалдықтарын тазалай бастады. Улеттер бытырап қашып еді, армиямыз бірталай жерге дейін қуалап барып, олардың біршама адамдарының басын алды. Өз бетімен келіп бағынғандардың барлығы Баркөл жеріне орналастырылды. Патша армиясы Іленің батысындағы Түгірік<sup>227</sup> жеріне жеткенде қазақ Әбілқайырдың<sup>228</sup> інісі Ерәліге<sup>229</sup> кездесіп қалды. Ерәлі келіп біздің ұлықтарымызға сәлем берді. Былтырғы сенің жіберген хатыңдағы келісім бойынша, біздің армиямыз Сарыбел<sup>230</sup> жерінде тұратын Чохор,<sup>231</sup> Әңгідай<sup>232</sup> және Бардамұт<sup>233</sup> қатарлылардың бірнеше ауылдарын жойдық. Келісім бойынша, біздің армиямыз қазір Іле жеріне кірді. Келе жатқан жолда армиямыз Қасақшираның<sup>234</sup> қонысынан өтіп, оларды да түк қалдырмай барымталады. Сонда Қасақшира өзі ғана қашып кетті деген хабар бар. Бүгінгі таңда біздің армиямыз жер-жерге барып улеттерді қудалап жатыр. Олар негізінен тазаланып болды деуге де болады, тек Қасақшира мен Букучаған<sup>235</sup> қатарлылар ғана әлі де болса қолға түспей отыр. Олар туралы улеттерден сұрап едік, берген жауаптары былай болды: «биыл 1-айда, Әбілқайырдың әскерлері Сарыбелге келгенде улеттерге алданып қалып, адамдары тұтқын болып, жылқылары тоналып кеткен. Сонда Әңгідай мен Қасақшира ақылдаса келіп, барлық қазақ тұтқындарды босатты және (қазақтарға): «кейін егер біз басқалардың қыспағында қалсақ, біз де сендерді паналап барамыз» деп айтқан екен. Улеттер тағы: «биыл 3-айда, патша армиясынан жеңілгеннен кейін Қасақшира Іле (өзенін) кесіп өтіп қазақтарды паналап кетті» деді. Бұдан тыс (біз мынаны да айтқымыз келеді): Букучаған чорос<sup>236</sup> (руынан шыққан) адам. Өткен жылы ол Самұл<sup>237</sup> жерінде бекініс құрып тұрғанда,

<sup>225</sup> Яғни сол жылы 2-айда.

<sup>226</sup> Мәтінде «ület» деп алынған бұл этноним әу баста Жоңғар хандығын құрайтын моңғолдардың бір тобының (тайпасының) атауы болып, кейін келе «ойрат» деген этнонимнің тағы бір баламасына айналған.

<sup>227</sup> Мәтінде бұл жер атауы «Tugurik» деп алынған.

<sup>228</sup> Мәтінде бұл есім «Abulhar» деп алынған.

<sup>229</sup> Мәтінде бұл есім «Erlei» деп алынған.

<sup>230</sup> Мәтінде бұл жер атауы «Şarabel» деп алынған.

<sup>231</sup> Мәтінде бұл есім «Cohor» деп алынған.

<sup>232</sup> Мәтінде бұл есім «Anggidai» деп алынған.

<sup>233</sup> Мәтінде бұл есім «Bardamut» деп алынған.

<sup>234</sup> Мәтінде бұл есім «Kasak sira» деп алынған.

<sup>235</sup> Мәтінде бұл есім «Buku cagan» деп алынған.

<sup>236</sup> Мәтінде «Coros» деп алынған бұл этноним Жоңғар хандығын құрайтын моңғолдардың тағы бір тобы болып табылады.

<sup>237</sup> Мәтінде бұл жер атауы «Samul» деп алынған.

сендердің Ханбаба<sup>238</sup> есімді адамдарың қол бастап оған шабуыл жасап, ақыры оны жеңе алмағаннан кейін екі жақ бітімге келген. Букучаған «қыспақта қалған кезде саған барып паналаймын» деген екен. Ол патшалық армиямыздан жеңілгеннен кейін (расында да) Көксуға<sup>239</sup> қашып барып, тікелей сендердің, қазақтардың иелігіндегі жерге кетті. (Улеттердің) өзге тәйжілері мен жайсаңдары біздің армиямыз тарапынан не өлтірілді, не тұтқындалды, қалғандары да барар жер, басар таулары қалмады деуге болады — өйткені Ресей (жеріне өтетін) шекарада біздің армиямыз әлдеқайда тосқауыл құрып тастаған. Жоғарыдағы аталған адамдар сенің құзырыңдағы жер аумағына енгендіктен, сен өз еліңе бұйрық түсіріп, әлгілерді тұтқындатқызып, оларды біздің жіберген елшілеріміз — қорғаушы Наван<sup>240</sup> мен Дэрэмбоға<sup>241</sup> тапсыртқызаң. Егер Әбілқайыр мен Ханбаба білместіктен улеттерге алданып, Қасақшира мен Букучағанды тапсырмай, жасырып алып қалса, онда біздің армиямыз әлгілерді тұтқындау үшін сенің иелігіндегі жерге еруге мәжбүр болады. Ондай жағдайда сенің қол астыңдағы елдің арасында үрей туып, халқың дүрлігуі әбден мүмкін. Дүрбелеңнен қашу үшін көшеді де, ел мен мал зардап шегеді. Халыққа зардап шеккізу — ұлы патшамыздың рақымшылдығы мен мейірімділігіне сай келмейді. Сен патшамыздың ұлы шапағатына бөленген адамсың, сондықтан сен Букучаған мен Қасақшира қатарлыларды неғұрлым тез арада тұтқындап және осыдан бұрын Әбжі, Чибаған, Улемжі сындыларды тапсырғандай Букучаған мен Қасақшираларды да тапсырып әкелсең. Ұлы патшамыз саған сөзсіз өз жақсылығын көрсетеді. Сен ғана емес, Әбілқайыр, Ерәлі және әлгілерді тұтқындауға қатынасқан басқалар да мадаққа пен сыйлыққа ие болады.

Тағы да айтарымыз — былтыр біздің елшіміз болып (сендерге барған) Нұсан<sup>242</sup> бүгінгі таңда әскер бастап Үрімжіде бекініп, сен және басқа (қазақ көсемдері) жинаған саудагерлердің көп-көп тауарларымен Үрімжіге келіп сауда жасауларын күтуде. Сенің қол астыңдағыларыңның арасында өз бетімен келіп сауда жасаймын дейтіндері болса, былтырғы келісім бойынша біз олардың Үрімжіге келулеріне рұқсат береміз.

Айтылған жағдайларға байланысты осы хат арнайы жазылды. Хатпен қоса сыйлық ретінде төрт топ торғын-торқа берілді.

<sup>238</sup> Мәтінде бұл есім «Hanbaba» деп алынған.

<sup>239</sup> Мәтінде бұл жер атауы «Kuku usu» деп алынған.

<sup>240</sup> Мәтінде есім «Nawang» деп алынған.

<sup>241</sup> Мәтінде есім «Deremboo» деп алынған.

<sup>242</sup> Мәтінде есім «Nusan» деп алынған. Нұсан туралы біздің № 8 құжатқа берген 243-түсіндірмеге қараңыз.

## №8 құжат

**[Баркөл амбаны Алигунның] «патша орда қорғаушы жасағының бөлім бастығы Нұсан<sup>243</sup> қатарлылар патшаның жарлығы бойынша жауынгерлерді бастап қазақтармен сауда жүргізуге аттанып кетті» деген мазмұндағы мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>244</sup>  
(Цяньлун жылнамасының 23-жылы 6-айдың 28-күні)<sup>245</sup>**

Патша орда қорғаушы жасағының бөлім бастығы<sup>246</sup> Нұсан 6-айдың

---

<sup>243</sup> Нұсан (Nusan) — Цин патшасы Цяньлунның қорғаушы жасағының (баяра) қолбасшыларының бірі. Ол Цин патшалығының Жоңғар хандығы мен Қашқарияны жаныштау операцияларына қатынасқан. Онысымен қоса ол Цяньлун жылнамасының 21-жылы (1756 ж.) Хэ Гозун (何国宗) есімді цин уәзірімен бірге Іледе географиялық барлау жүргізіп, карта сызған және Цин патшалығының Баркөл (қазіргі ҚХР, ШҰАР, Баркөл қазақ автономиялы ауданы) жеріндегі тың игеру ісін басқарған. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ-Цин қарым-қатынасының қалыптасуына және дамуына байланысты нақты істерді атқарған: Абылай хан басқарған Қазақ жеріне неше мәрте елші болып барған және Цин патшасы Цяньлунның тікелей жіберген өкілі ретінде Үрімжіде өткізілген қазақтар мен қытайлар арасындағы «жылқыға — жібек» сауда жәрмеңкелерінің ұйымдастырушысы болған.

<sup>244</sup> «Жинақ» (1), 125-б.; «Каталог» (6), 238-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1697—044.2; микрофильм бойынша — 048—3487.

<sup>245</sup> Біз бұл датаны «Жинақ» (1) кітабы бойынша алып отырмыз. Дегенмен ол қате қойылған болар деп есептейміз, өйткені жоғарыда аталған екі кітапта осы құжаттың хатталған уақыты екі түрлі болып жазылған: «Жинақ» (1) кітабында «Цяньлун жылнамасының 23-жылы 6-айдың 28-күні», яғни 1758 жылғы 1 тамыз деп жазылса, «Каталог» (6) кітабында «Цяньлун жылнамасының 23-жылы 6-айдың 17-күні», яғни 1758 жылғы 21 шілде деп көрсеткен. Мұндағы бірінші дата құжатта көрсетілген: ол цин патшасы Цяньлунның осы құжатқа бұрыштама жазған күні. Ал «Каталог» (6) кітабындағы екінші датаның қайдан келгендігі беймәлім.

<sup>246</sup> Маньчжурша «tui I zhanggin» деп алынған.

6 күні Баркөлге<sup>247</sup> барып болды, ал Хуан Тингуй<sup>248</sup> жіберген шенеунік те саудаға қажет тауарларды алып 12-күні шамасында жетпек. Нұсанның жіберген мәлімдемесіне қарағанда, Әскери басқару мекемесінен патшаның Цяньлун жылнамасының 23-жылы 6-айдың 4-күнгі мынадай бұйрығын жеткізген:

«Нұсанға мынаны жеткізіңдер: ол ана жаққа барып қазақтармен жылқы саудасын жасаған кезінде бағаны қазақтарға өте пайдалы етіп қоймай, қалыпты қылып бекітсін. Дегенмен, [Нұсан мынаны да ескере жүрсін]: қазіргі таңда біз Хуэйбуға<sup>249</sup> жорық жүргізіп жатырмыз, бұл жорығымызды олар [Хуэйбу жеріндегілер] ерте сезіп қойып, [қарсылық көрсетуге] дайындық жасап үлгірді, сондықтан жорығымыз тез арада аяқталмауы мүмкін. Нұсан осыны есіне сақтай отырып, мүмкіндігі болғанынша жылқы саудасына келген қазақтарға көбірек пайда тапқызысын, тіпті олардың көрген пайдасы сәл басымырақ болуына да болады — бұл жөнінде тек Нұсанның өзі ғана біліп шешіп, басқаларға білдіртпесін. Бұдан тыс мынадай мәселелер бар: [қазақтардан] саудаласып алынған бұл жылқыларды іске жаратуға дейін қалай бағу керек? Жасыл байрақты армия<sup>250</sup> жасақтары жылқы баға алмағанымен, чахар [моңғол] жасақтары бар. Жағдайға қарап жасақтарды қалай кезегімен жіберіп, әлгі жылқыларды баққызу керек және сол жылқыларды уақытша қай жерге апарып бағу керек — міне, Нұсан бір жағынан осы мәселелердің барлығына жауап беріп мәлімдеме жіберсін де, бір жағынан Баркөлдегі амбанға хат жолдап, сонымен бірлесіп мәселелерді шешсін. Бұл жақтан тағы 1 000 чахар жасағы жіберіліп, олар тез арада сол жаққа жетпек. Бұдан тыс, қазір қазақтармен арадағы сауда ісіне тек Нұсан ғана жауапты болып жүр, тағы бір жауапты адам жіберілгені жөн. Осыны ескере отырып мен Юндәні жіберіп, Нұсанға барып көмектесіп, аталмыш істі жүргізуді үйренсін деп ұйғардым. Юндә барғаннан кейін, Нұсан жақсылап тұрып жол көрсетіп, оған қалай іс жүргізуді үйретсін. Аталмыш мәселелер жөнінде Нұсанға менің осы арнаулы бұйрығым жеткізілсін».

Баркөлде қазір қанша чахар жасағы бар екендігін мен, патшаның

<sup>247</sup> Мәтінде «Bar kul» деп хатталған. Бұл қазіргі ҚХР ШҰАР Баркөл қазақ автономиялы ауданының жері.

<sup>248</sup> Хуан Тингуй (黃廷桂) — 1755—1759 жылдар аралығында Цин патшалығының Шэньси-Ганьсу цзундуы (генерал-губернаторы) міндетін атқарған. Цин патшалығының Жоңғар хандығы мен Қашқария жерін басып алу кезіндегі артқы шеп қызметтерін және іле-шала жүргізілген Цин патшалығы мен Қазақ хандығы арасындағы үлкен көлемдегі «мемлекетаралық» сауданың алғашқы кезеңіндегі қажетті торғын-торқаларды дайындау жұмысын сәтті жүргізген.

<sup>249</sup> Цин патшалық әдебиетінде Қашқария жерін «Хуэйбу» деп, ондағы халықты «хуэйцзи» деп атайды.

<sup>250</sup> Яғни таза қытай ұлтынан шыққан адамдардан құралған цин патшалық армиясы, олардың байрағы жасыл болғандықтан осылай аталады.

құлы, анықтадым. Сонымен қоса мен, патшаның құлы, Нұсанмен ақылдаса отырып мына мәселені шештім: улеттерді қорғап әкелген Баркөлдегі әскерлерден шамамызға қарап 100 солын және чахар жасақтарын бөліп бердім. Сонымен қоса, Нұсан және оның ертіп келген жасақтарына берілуге тиісті ат пен түйе және жол ақылары түгелдей ереже бойынша берілді. Нұсан тауарлар мен қол астындағы жауынгер-жасақтарды өзімен бірге алып 6-айдың 17-күні Баркөлден аттанып кетті.

Аталмыш іске арнап осы мәлімдеме арнайы хатталып отыр.

Цяньлун жыланамасының 23-жылы 6-айының 28-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қылақаламмен мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Білдім. Мақұлдадым».

## №9 құжат

### **Амбан Агуйдың қазақтар Хэшоциді қалай әкеліп тапсырғаны және Хэшоцидің Пекинге жіберілгені жөнінде жазған мәлімдемесі (қытай тілінде)<sup>251</sup> (Цяньлун жыланамасының 23-жылы 7-айдың 26-күні)<sup>252</sup>**

Мен, патшаның уәзірі Агуй, төмендегі іске байланысты осы мәлімдемеді жіберіп отырмын.

6-айдың 28-күні, солын әскери бөлімінің көк қауырсынға ие болған<sup>253</sup> Дэлунь<sup>254</sup> есімді адамы қарақшы Букучағанды<sup>255</sup> айдап әкелді. Онымен бірге Хаэрцзинь (?)<sup>256</sup> қатарлы қазақтар да патша гвардиясының ойрат [бөлімшесінің] қолбасшысы<sup>257</sup> болған Хэшоциді<sup>258</sup> айдап әкеліп бізге тапсырды. Мен, патшаның уәзірі, генерал Цибденжабпен<sup>259</sup> бірге оларды тергеуге алған едік, Хэшоци былай деп жауап берді: «Мені Цериннің

<sup>251</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 129-130-бб.

<sup>252</sup> Яғни 1758 жылы 29 тамыз. Мұндағы дата — құжаттың жазылған уақыты емес, Цяньлунның осы құжатта айтылған іске пікір білдірген күні.

<sup>253</sup> Көк қауырсын (қытайша ланьлин (籃翎) деп айтылады) — Цин патшалығының төмен дәрежедегі шенеуніктерінің немесе қолбасшыларының баскиіміне тағылатын әшекей. Қырғауылдың қауырсынынан жасалынатын бұл әшекей бұйым көбінесе сыйлық ретінде беріледі.

<sup>254</sup> Қытайша 德伦 деп хатталған.

<sup>255</sup> Қытайша «Букучахань (布库查罕)» деп хатталған бұл адам жоңғар көсемдерінің бірі болып табылады.

<sup>256</sup> Қытайша 哈尔津 деп хатталған.

<sup>257</sup> Қытайша «саньдачэнь (散秩大臣)» деп аталатын бұл лауазым цин патшалық дәуірінде патшаның қорғаушы жасақтарының қолбасшыларына беріледі.

<sup>258</sup> Қытайша 和硕齐 деп хатталған.

<sup>259</sup> Қытайша «Чэбүдэньчжабу (车布登扎布)» деп хатталған бұл адам сол кездегі жоңғарларға бағытталған Цин армиясы қолбасшыларының бірі.

қол астындағы Қазақбай<sup>260</sup> есімді қарақшысы Булунай<sup>261</sup> деген жерге апарған. Сонан соң Церин Сэньболотэге (?)<sup>262</sup> 6 адам жіберіп, өздерінің Ресейге өтіп кетпек ниетін жеткізіп, өзі елін бастап, артынан сол жаққа қарай жылжыған. Сэньболотэ әлгі 6 адамның бесеуін алып қалып, біреуін кері жіберіп, Церинге Ресей карун<sup>263</sup> басшысының «сендер егер әлдеқашан Ұлы патшаға<sup>264</sup> бағынған болсаңдар, онда біз сендерді өз жерлерімізде қалдыра алмаймыз» деген сөзін жеткізді. Церин үрейленіп, Қазақ жері арқылы Туэргутэге (?)<sup>265</sup> барып паналамақшы болды. Сөйтіп ол Ертіс<sup>266</sup> өзенін жағалап, Сэньболотэнің жерінен өтеді. Әрі қарай 2 күндік жол жүргеннен кейін, Ресей карунынан жіберілген адам арттарынан қуып келіп: «сендер бізге бағынбасаңдар, біз цзянцзюнь амбандарға<sup>267</sup> хабар жіберіп, оларды сендердің іздеріңе түсіреміз» дегенді айтты. Онымен қоса олар тағы: «қазақ Абылай 30 000 әскер бастап сендердің алдарыңды кесіп, сендерді тұтқындамақшы. Егер сендер қайтып оралғыларың келсе, онда біз кемемізді дайындап, сендерді Ертіс өзенінен өткіземіз» дегенді айтты. Оны естіген соң Церин кері қайтты. Ресейліктер Церин қатарлылардың қол астындағыларды тексеріп болған соң, оларды Ертіс өзенінен өткізді. 5-айдың 8-күні олар Сэньболотэнің жеріне барғанда Давациге<sup>268</sup> қарасты Отбала<sup>269</sup> есімді әйел адам бізге: «тонап әкелінген адамдардың барлығы өлтіріледі» дегенді айтты да, өз атын маған берді. Сөйтіп мен сол күні орайын тауып, әлгі жерден қашып шығып, Ертіс өзенінің айрығынан өтіп барып бір шілікке тығылдым да, түн жамыла өзеннен өтіп, әрі қарай 6 күндік жолды артқа тастап қазақтарға бардым да, Қожабергенмен<sup>270</sup> кездестім. Сонда мен Букучағанды қузап келген Наванның<sup>271</sup> қазақтар арасында екендігін білдім. Сонан соң Қожабергеннің інісі Жолбасар (Жаубасар ?)<sup>272</sup> мені Букучаған тұрған қазақ Байбарақтың<sup>273</sup> үйіне апарып, Букучағанмен кездестірді. [Сонан соң] мен Наван және Букучағанды әкеле жатқан қазақтармен бірге келдім».

<sup>260</sup> Қытайша «Хасакэбай (哈萨克拜)» деп хатталған.

<sup>261</sup> Қытайша 布鲁奈 деп хатталған.

<sup>262</sup> Қытайша 森博洛特 деп хатталған.

<sup>263</sup> Шекарадағы қарауыл бекет.

<sup>264</sup> Бұл жерде Цин патшасын меңзеп тұр.

<sup>265</sup> Қытайша 图尔古特 деп хатталған.

<sup>266</sup> Қытайша 额尔齐斯 деп хатталған.

<sup>267</sup> Яғни Цин ұлықтарына.

<sup>268</sup> Қытайша 达瓦齐 деп хатталған.

<sup>269</sup> Қытайша «Этэбала (额特巴拉)» деп хатталған.

<sup>270</sup> Қытайша «Хоцзибоэргэнь (和集波尔根)» деп хатталған.

<sup>271</sup> Қытайша 那旺 деп хатталған.

<sup>272</sup> Қытайша «Чжаобасаэр (兆巴萨尔)» деп хатталған.

<sup>273</sup> Қытайша «Ваibalake (拜巴拉克)» деп хатталған. Төменде көрсетілмек болған маньчжур тіліндегі бір құжатта бұл адамның есімі «Baibugak» деп хатталған (қараңыз: жоғардағы № 9 құжатқа берілген 273-түсіндірме), сондықтан бұл есімнің түпнұсқасы «Байбурақ» болуы да мүмкін.

Мен, патшаның уәзірі, осыдан бұрын қашып кеткен [өзге] адамдардан ұғысқан едім, олар маған: «Қарақшы Церин қатарлылар біздің жасақтармен кездесіп, әлі де болса бізбен шайқаса қоймаған кезде, Хэшоци біздің жауынгерлерге «аттарыңды жайылымға жіберіңдер» деп бұйрық берді. Сонан соң қарақшылар тұтқиыл шабуыл жасап, патшаның қорғаушы жауынгерлерін өлтіріп, жарақаттады. Өзінің аты жарақатқа ұшырағаннан кейін, Хэшоци үстіндегі киімін шешіп, қарақшылардың тобына қосылып кетті. Сонан соң, қарақшы Церин Ертіс өзенін кесіп өткеннен кейін барып Хэшоциді босатып, оған бір ат берді» дегенді айтқан еді. Мен, патшаның құлы Агуй, осыдан бұрын: «Хэшоци егер осылай қашып келсе, оны қорғаушы арқылы мықтап тұрып Пекинге айдап апарып, патшаның жаза лауына тапсыру керек» дегенді мәлімдегенмін. Бұл мәлімдемем мұрағатта сақтаулы. Бүгінгі таңда Қазақ жерінен Хэшоци әкелініпті, мен, патшаның уәзірі Агуй, өз бөлімімнен Букучағанды айдап апаруға жіберген қорғаушы Тохэлиге<sup>274</sup> Хэшоциді де қатаң тәртіппен Пекинге айдап апаруды тапсырдым.

Аталмыш іске байланысты осы мәлімдеме арнайы жазылды.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 7-айдың 26-күні Цяньлун патшаның мынадай бұйрығы түсті: «Аталмыш іс туралы тиісті уәзірлік хабардар болсын».

## №10 құжат

**Амбан Фудэнің өзінің әскер бастап Қазақ жеріне барып Қасақшираны тұтқындау ісін орындай алмағандығы және патшамен дидарласпақ болған қазақ және хуэйци<sup>275</sup> елшілерін қорғап әкеле жатқандығы туралы жазған мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>276</sup>**

<sup>274</sup> Қытайша 托和里 деп хатталған.

<sup>275</sup> «Хуэйци (回子)» — Цин патшалық дәуірінде қытайлар ортаазиялық отырықшы мұсылмандарды осылай деп атаған. Бұл құжатта автор «хуэйци» деп сол кездегі Ташкент өңіріндегі отырықшы мұсылмандарды меңзеп тұр.

<sup>276</sup> «Каталог» (6), 250-б.; «Жинақ» (1), 136–147-бб. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1712–038; микрофильм бойынша — 050–0024.

Мұнда біз мына бір жайтты ерекше ескерткіміз келеді: «Жинақ» (1) кітабының 139–144 беттерінде енгізілген құжаттың бір бөлігі құрастырылған кезде ретімен қойылмай, кей мазмұндары алға, кей мазмұндары кейін кеткен. Осының салдарынан атамшы кітаптағы бұл құжат мүлде түсініксіз болып қалған. Бұл туралы кітабымыздың факсимиле бөлігіне берілген аңдатпаға қараңыз.

(Цяньлун жыланамасының 23-жылы 9-айдың 5-күні)<sup>277</sup>

Мен, патшаның құлы Фудэ, осы мәлімдемені жазып жібердім. Патша ағзам төмендегі айтылған іс туралы хабар алғай.

Жақында, мен, патшаның құлы, Моңғолдай<sup>278</sup> мен Хэшан<sup>279</sup> қатарлыларды Батыс бөлік қазақтарға<sup>280</sup> жіберген кезімде оларға егжей-тегжейіне дейін түсіндіре отырып мынадай тапсырма бергем: «сендер Батыс бөлік қазақтарға барғаннан соң, егер Қасақшираның<sup>281</sup> сонда екендігін анықтасаңдар, онда оны қайтсеңдер де тұтқындап, айдап әкеліңдер. Ал егер ол расында да ол жерде болмаған жағдайда, сендер міндетті түрде Төле би<sup>282</sup> мен Тілеуке<sup>283</sup> қатарлыларды өздеріңмен бірге ертіп келіңдер. Бұрыт жерінен келген хабарға қарағанда, Ташкент хуэйцзилер<sup>284</sup> Батыс бөлік қазақтармен өте жақын тұратын көрінеді. Қазір қазақтар тағы да хуэйцзилерге тисіп жатқан көрінеді. Сатқын қарақшылар<sup>285</sup> осы дүрбелең жағдайды пайдалана отырып сол өңірге барып тығылып алуы да әбден мүмкін. Біз барлығымыз маньчжур [патшасының] құлымыз, ата-бабамыздан бері ағзам патшамыздың аса көп қайырымдылығына бөленіп келеміз. Сондықтан біз мұнда келген екенбіз, ендеше анау-мынау деп еш нәрсені жасырудың жөні жоқ. Сендер онда [Қазақ жеріне] барған шақта, жауыз қарақшы<sup>286</sup> қазақтардың арасында болмаған жағдайдың өзінде, олардың<sup>287</sup> [басқа] батырлары мен ел билеушілері сонда барған болуы мүмкін. Егер қазақтар мен хуэйцзилердің арасында соғыс болып жатса, онда сендер тікелей тартып барып Ташкент<sup>288</sup> қаласына кіріп, біздің іздеп жүрген қашқын қарақшымызды тұтқындап, сонымен бірге әлгі екі жақтың соғысын тоқтатыңдар. Сендер менің мөрім басылған хатты Ташкент хуэйцзилерінің басшысына тапсырып, оған жұмсақ сөйлеп, ақылдарыңды айтсаңдар, олар сөзсіз бізге бағынады. Бұл орай қазақтармен қоса хуэйци-

<sup>277</sup> Яғни 1758 жылғы 5 қыркүйек.

<sup>278</sup> Мәтінде «Monggoldai» деп хатталған.

<sup>279</sup> Мәтінде «Hešan» деп хатталған.

<sup>280</sup> Бұл жерде автор «Батыс бөлік қазақтар» деп Төле би қатарлылар басқарып отырған Ұлы жүз қазақтарын меңзеп тұр. Бұл туралы тағы қараңыз: жоғарыдағы № 2 құжатқа берілген 17-түсіндірме.

<sup>281</sup> Цин патшалығының қудалауына ұшыраған Жоңғар хандығының соңғы көсемдерінің бірі.

<sup>282</sup> Мәтінде «Tulibai» деп хатталған.

<sup>283</sup> Мәтінде «Teliuke» деп хатталған.

<sup>284</sup> Жоғарыдағы 275-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>285</sup> Бұл жерде автор өздерінің құзырларынан қашып шыққан Қасақшира бастаған Жоңғар қалмақтарын меңзеп тұр.

<sup>286</sup> Бұл жерде автор Қасақшираны меңзеп тұр.

<sup>287</sup> Жоңғар қалмақтардың.

<sup>288</sup> Мәтінде «Tasigan» деп хатталған.

лерді де бағындырудың жақсы орайы<sup>289</sup>. Ауызға түскен дәмді бекерден-бекер кім түкіріп тастамақ! Егер осы жолы қазақтар мен хуэйцзилер шын көңілдерімен бағынса, онда біз істі біржолата тындырып, келешекте оларды бағындырамыз деп тағы арнаулы күш шығарудан құтыламыз. Егер олар сырттай мақұл деп, іс жүзінде көңілдері екі болып тұрған жағдайда, сендер дереу адам жіберіп маған хабар жеткізіңдер. Мен неғұрлым тез уақыттың ішінде әскер бастап сонда барамын. Ағзам патшамыздың қасиетті айбары мен теңіздей құтының арқасында біз жоңғарларды жойдық. Дәл осы кезде жауынгерлеріміз ұлы жеңіске қол жеткізіп, жігер-күштері асып төгіліп тұр. Осындай кезде біз екіойлы болып, батылдыққа бара алмай қолда тұрған орайдан айырылып қалмауымыз керек! Сондықтан сендер онда барғанан кейін міндетті түрде жағдайды мұқият бақылай отырып алған міндеттеріңді орындап, сол арқылы ағзам патшамыздың өздеріне көрсеткен жақсылығын қайтарыңдар». Осыдан бұрын цзянцзюнь Чжаохуэй<sup>290</sup> «шұғыл жағдайларда керекке жаратарсың» деп маған, патшаның құлына, біраз мөр басылған бос ісқағазын беріп еді. Мен сол ісқағазды пайдаланып алдымен қазақтарға бір хат жаздым, сонан соң «керек болып қалар» деп тағы тотын жазуымен<sup>291</sup> Ташкент хуэйцзилерінің көсеміне де алдын ала бір хат даярлап, әлгі адамдарыма тапсырып, оларды жолға салдым. Мен, патшаның құлы, олардан хабар күту үшін армиямды алға жылжытып барып, Маңкент<sup>292</sup> қаласына екі рет аялдайтындай жол қалғандағы Бешағаш [тың иелігіндегі] Модо Қызырет жеріне<sup>293</sup> барып бекіндірдім.

7-айдың 24-күні Моңғолдай мен Хэшан адам жіберіп мынадай хабарды жеткізді:

«Біз бұрыттан шыққан жол бастаушыны ертіп алдымен Батыс бөлік қазақтардың шет жеріндегі Маңкент қаласына барып [ондағы адамдардан] сұрастырып едік, [олар]: «Қазақтардың Төле би, Қойгелді<sup>294</sup> және Сасық би<sup>295</sup> сынды көсемдерінің барлығы Ташкент қаласына жақын жерлерде тұрады. Олар әлде қайда хуэйцзилермен соғыса бастаған. [Қазақтардың тағы бір

<sup>289</sup> Осы сөздерді және құжаттың келесі жерлеріндегі кездесетін осыған ұқсап қалатын сөздерді автор, сірә, қытайдың дәстүрлі феодалдық ұғымына сай, өздерінің басқа елдермен арада орнаған қарапайым дипломатиялық қарым-қатынасты «басқалар бізге бағынды» деп түсіндіріп, сол арқылы өзін өзі «тәңірдің ұлымын» деп санайтын патшасын масайратпақ ниетімен жазып отырса керек.

<sup>290</sup> Алдыңғы №4 құжатқа берілген 99-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>291</sup> Жоңғар қалмақтардың жазуымен. Осының алдында айтылған қазақтарға жіберілген хат қай тіл-жазумен жазылғандығы туралы автор нақтылап көрсетпеген.

<sup>292</sup> Мәтінде «Mangget» деп хатталған.

<sup>293</sup> Мәтінде «Beşi agasi modo keseret» деп хатталған. Мұндағы «Beşi agasi» туралы біздің жоғарыдағы № 2 құжатқа берілген 31-түсіндірмеге қараңыз. Ал «modo» сөзі ойрат моңғол тіліндегі «төбе, төбешік» деген сөз болуы да мүмкін. Сондықтан аталмыш сөз тіркесін «Бешағаштың тұратын Қызырет төбесі» деп оқысақ та болар.

<sup>294</sup> Мәтінде «Hoigeldei» деп хатталған.

<sup>295</sup> Мәтінде «Sasakbai» деп хатталған.

көсемі] Тілеуке аурудан қайтыс болып, оның ұлы Жанбаланың (?)<sup>296</sup> қонысы осы жерден алыс емес» деп жауап берді. Сонан соң біз Шымкент<sup>297</sup> қаласына барып ұғысып едік, [ондағылар]: «Жанбала бұл жерден солтүстікке қарай көшіп кеткелі 3 күн болды» деп жауап берді. Бұл хабарды естігеннен кейін біз Жанбалаға адам жіберіп, оның келіп бізбен кездесуін талап еттік те, өзіміз әрі Ташкент қаласына қарай тартып, ондағы Төле би қатарлыларды тауып алмақ болдық. Жарты жолда Жанбала бізді қуып жетіп бізге мынаны айтты: «Менің әкем осы жылдың 3-айында қайтыс болған. Біздің қазақтың көсемдері Ташкенттегі сарттарға<sup>298</sup> соғыс ашып, қазір олар қаланы қоршап, сол маңда бекініп отыр». Осыны естігеннен кейін біз суыт жүріп отырып 7-айдың 12-күні Ташкент жеріне жеттік. Сонда Сасық би батыр 40-тан астам адамын бастап, қымыз<sup>299</sup> ала келіп алдымыздан қарсы алып шықты. Біз Сасық биге: «Сіздер, Батыс бөлік қазақтардың ішінде кім Ташкент қаласының бастығы болып саналады? Сіздерде қанша батыр бар? Олар кімдер?» деп сұрақ қойып едік, Сасық би: «Ташкент қаласында Әбіліз хан<sup>300</sup> біздің, Батыс бөлік қазақтардың көсемі болып саналады. Батырлардан Төле би, Қойгелді және мен өзім бармын. Тілеукенің орнын кім басатындығы әлі белгісіз. Төле би осы жерден оңтүстікке қарай 100 шақырым<sup>301</sup> алшақ жерде тұрады. Ал Қойгелді болса, ол осыдан солтүстікке қарай жақын жерде тұрады. Сіздердің елші болып келе жатқандарыңызды біле сала мен батырларымызға хабар жібердім. Төле би 14-күні осында келмек. Ташкент қаласында Молдасамшы,<sup>302</sup> Шада<sup>303</sup> және Тұржан<sup>304</sup> есімді 3 қожа бар, олар хуэйцзилерді бөліп басқарады. Тұржан мен Шада екеуі қаланың оңтүстігінде тұрады, ал біздің Әбіліз ханымыз бен Молдасамшы қожа екеуі қаланың солтүстігінде тұрады. [3 қожа ішінде] тек Тұржан ғана біздің қазақтармен таласып-тартысып отыр. Ертең мен сіздерді біздің қазақтың ханына ертіп барайын» деп жауап берді. 13-күні, біз Сасық бимен бірге Ташкент қаласына еніп, Әбіліз хан, Қойгелді батыр және хуэйцзилердің қожасы Молдасамшы қатарлы адамдармен кездестік. Кездескен шақта біз, амбан

<sup>296</sup> Мәтінде «Yambalak» деп хатталған.

<sup>297</sup> Мәтінде «Simuget» деп хатталған.

<sup>298</sup> Мәтінде «хуэйцзи» деп хатталған.

<sup>299</sup> Мәтінде «cige» деп хатталған бұл сөз ойрат моңғол тілінде «қымыз» деген мағынаны білдіреді (ҚХР, ШҰАР Ұлттар істері комитетіне қарасты Көне қолжазба кеңсесінің ғылыми қызметкері, ойрат моңғол тілінің маманы Галденнің кеңесі бойынша).

<sup>300</sup> Мәтінде «Abilis han» деп хатталған.

<sup>301</sup> Мәтінде қытай тіліндегі қашықтықты білдіретін сөз «ли»-мен (1 ли = 0.5 км) көрсетілген.

<sup>302</sup> Мәтінде «Moldosamsi» деп хатталған.

<sup>303</sup> Мәтінде «Šada» деп хатталған.

<sup>304</sup> Мәтінде «Turjan» деп хатталған.

сіздің тапсырмаңыз бойынша оларға апарған мөр басылған хатты оқып жеткізіп, сондай-ақ өзіміздің осында келген мақсатымызды, яғни опасыз қарақшы Қасақшираны тұтқындауға келгенімізді айтып, «қазақтар бізге бағынсын» деген бұйрықты жеткіздік.<sup>305</sup> Әбіліз хан мен барлық батыр, қожалар бірауыздан: «Сіздер айтқан опасыз қарақшылар шынында да бізге келмеген. Егер олар бізде болса, біз оларды қалайша сіздерден жасырып алып қалмақ едік! Біздің осы Қазақ жеріміздегі болып жатқан барлық істер Төле бидің басшылығымен шешіледі. Ертең Төле бидің өзі осында келмек. Ертең біз бас қосып ақылдасқаннан кейін сіздермен кездесіп, бір келісімге келейік» дегенді айтты.

14-күні бір күн күтіп едік, Төле би келмеді. 15-күні біз, Моңғолдай мен Хешан екеуіміз Төле бидің тұрған жеріне барып, Төле биге болған ахуалдың мән-жайын анықтап түсіндіріп бердік. Сол күні, Төле би екеуімізбен бірге атанып, түн ортасында [Ташкенттің маңына] жеттік. 16-күні, қазақтардың Әбіліз ханы мен Төле би, Қойгелді және Сасық би сынды батырлары [Ташкент қаласында] бас қосып, сонан соң олар қаладан шығып келіп бізбен кездесті. Олар бізге мынаны айтты: «Біз, қазақтар, бұрыннан бері ұлық патшамен қарым-қатынаста болып<sup>306</sup>, сол арқылы жайбарақат өмір сүрсек деген ниетте болғанбыз. Амал қанша, арамызда жоңғарлар болып, мұндай қарым-қатынас орнайтындай орай болмады. Бүгін міне ұлық патшаның Таласқа<sup>307</sup> келіп жеткен армиясынан біздің Ұлы жүз Қазақ жеріне<sup>308</sup> елші жіберіліп, Қасақшира қатарлы опасыз қарақшыларды тұтқындасақ деген талаптарымен қатар, бізбен қарым-қатынас орнатпақ ниеттерін білдіріп отыр.<sup>309</sup> Мұны естіп, біз Қазақ Ұлы жүздің барша елі аса риза болдық. Біз ұлық патшамен қарым-қатынас орнатып<sup>310</sup>, әрі қарай ұрпақтан-ұрпаққа дейін бейбіт, тыныш өмір сүруді қалаймыз. Ал опасыз қарақшы Қасақшира қатарлылар біздің жерге келмеген. Егер олар шынында осында болса, ұлық патшамен тату-тәтті қарым-қатынас орнатамыз деп тұрған біз, қазақ жұрты<sup>311</sup>, қалайша оларды сіздерге ұстап берудің орнына жасырып алып аламыз! Егер осыдан былай ол бізге басын сауғалап келсе, біз сөзсіз оны сіздерге тұтқындап береміз. Енді міне біз

<sup>305</sup> Жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз.

<sup>306</sup> Мәтінде «ұлық патшаға бағынсақ» деп жазылған — бұл, әрине, құжат авторының бұрмалағанынан шыққан сөйлем (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>307</sup> Мәтінде «Талас» деп хатталған.

<sup>308</sup> Мәтінде автор өз ұғымы бойынша «Батыс бөлік қазақтардың жері» деп жазған.

<sup>309</sup> Мәтінде «бізді өздеріне бағындыруға шақырып келіпті» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>310</sup> Мәтінде «ұлық патшаға бағынып» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>311</sup> Мәтінде «патшаның боданы болған бүкіл қазақ жұрты» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

ұлық патшамен қарым-қатынас орнатып отырмыз,<sup>312</sup> осы орайда біз ұлық патшаға барып сәлем беріп, онымен жүздессек деген ойдамыз. Алайда Төле бидің жасы 83-ке келді, Қойгелді болса, ол да 70 жасқа толған, сондықтан олар өздері ұзақ жол жүре алмайды. Осыны ескере отырып, біз, Әбіліз, Төле би, Қойгелді және Сасық би ақылдаса келіп, Төле бидің ұлы Жолан<sup>313</sup> мен Қойгелдінің аталас бауыры Босұрманды<sup>314</sup> елші етіп жіберіп, біздің атымыздан патшамен дидауласып келсін деген шешімге келдік. Олар өздерімен бірге патшаға беретін сыйлық ретіндегі 3 бөлік ат<sup>315</sup> пен амбанға<sup>316</sup> беретін сыйлық ретіндегі 1 бөлік атты апармақ. Тілеуке қайтыс болғаннан кейін, оның орнын ешкім баспаған. Біз ақылдаса келіп, Тілеукенің орнын оның ұлы Жанбала бассын деген шешімге келдік». Сонан соң олар әлгі сыйлық ретінде бермек болған аттарды әкелгізіп, бізге көрсетті. Біз де өзіміздің алдын ала даярлап әкелген торғын-торқаларымызды алып шығып, оларды әлгі сыйлық аттардың қаруын қайтарып, Әбілізге жарты топ жай торқа мен 1 топ «молун» торқасын<sup>317</sup>, Төле биге жарты топ жай торқа мен 1 топ «кәті» торқасын<sup>318</sup>, Қойгелдіге жарты топ жай торқа мен жарты топ «самсайы» торқасын<sup>319</sup>, Сасық биге жарты топ жай торқа мен 1 топ «кәті» торқасын, Жанбалаға 1 топ жай торқа мен жарты топ «пянь цзин» торқасын бердік<sup>320</sup>, олар бұл сыйлықтарды бастарын иіп тұрып ризашылықтарын білдіре қабылдап алды. Сонда Әбіліз ханның көкесінің Сұлтан-Иманкұл (?)<sup>321</sup> есімді бір ұлы болды, ол бізбен танысқаннан кейін бізге қолғанаттық істеді, елшілік жіберу туралы істің жүзеге асуына да оның еңбегі сіңді, сондықтан біз оған да жарты топ жай торқа сыйладық.

Біз, Моңғолдай мен Хешан екеуіміз былай деп ойладық: келерде амбан бізге «орайын тауып Ташкент қаласына барып кіріп Қасақширанны іздеңдер. Сонымен бірге хуэйцзилерді да бағындыра алсаңдар, онда

<sup>312</sup> Мәтінде «ұлық патшаға бағынып, оның боданы болдық» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>313</sup> Мәтінде «Jolan» деп хатталған.

<sup>314</sup> Мәтінде «Bosurman» деп хатталған.

<sup>315</sup> Бөлік ат — сол кездегі қазақтардың сыйлыққа тартқан (шыңдығына келгенде таза сыйлықтан гөрі бұл да сауданың бір бөлігі тәрізді, өйткені осы тартуларға да ақы төленіп отырған) ең керемет арғымақтарды осылай атаған.

<sup>316</sup> Яғни осы құжаттың авторы Фудэге.

<sup>317</sup> Осы бір торқа түрі туралы біздің №17 құжатқа берген 581-түсіндірмемізге қараңыз.

<sup>318</sup> Осы бір торқа түрі туралы біздің № 6 құжатқа берген 205-түсіндірмемізге қараңыз.

<sup>319</sup> Осы бір торқа түрі туралы біздің № 22 құжатқа берген 697-түсіндірмемізге қараңыз.

<sup>320</sup> «Пянь цзи (片金)» — көне Қытайда бетіне таза алтын талшықпен гүл салынған торқаны осылай атаған.

<sup>321</sup> Мәтінде «Solton imahulu» деп хатталған.

тіпті де керемет болар еді» деген тапсырма беріп еді, бүгін міне қазақтар мен Ташкент хуэйцзилері арасында талас-тартыс болып жатыр екен, біз басқаны былай қоя тұрып, алдымен оларды татуластырайық та, сонан соң олармен бірлесе Қасақшираны тауып, оны тұтқындайық. Егер мұндағы хуэйцзилердің барлығы біздің патшалығымызға бағынса — нұр үстіне нұр емес пе! Осы оймен ақылдаса келе біз Төле биге барып мынаны айттық: «міне, сіздер ұлық патшамен қарым-қатынас орнаттыңыздар<sup>322</sup>, сондай-ақ елшілеріңізді бізбен бірге Пекинге жіберіп, патшамен дидарласып келсін деп отырсыздар. Алайда біздің түсінбей отырғанымыз: Ташкент хуэйцзилері сіздермен тату тұрудың орнына не үшін сіздермен жанжалдасады? Біз сіздерді татуластырмақ ниеттеміз. Сіздер жанжалды тоқтатып, барлықтарыңыз ұлық патшамен қарым-қатынас орнатып,<sup>323</sup> сол арқылы мәңгі тыныш өмір сүргендеріңіз артық емес пе!» Төле би былай деп жауап қайтарды: «Ташкенттік сарттар<sup>324</sup> бұрын бізге салық төлеп келген, арамызда айтарлықтай өшпес кек бомаған. Тек Тұржан біз тағайындаған қожа Молдасамсыны қуып шыққандықтан арамызда осы соғыс пайда болды. Елші сіздер бізге «татулассандар» деп отырсыздар — бұларыңыз құптарлық іс». 17-күні біз солын бошоқуы Тұлұсұнды<sup>325</sup> басшы етіп тағайындап, оған гирин ула бошоку Лю Бао<sup>326</sup> қатарлы 10 жауынгерді бастап барып қожа Тұржанды шақырып келтірмек болдық. Арада Есентай<sup>327</sup> және Дэхэбу<sup>328</sup> есімді уксиндер<sup>329</sup> келіп мынаны мәлімдеді: «Тұржан осылай қарай келер жол ортада қазақтар өзін тосып алып өлтіреді деген үреймен бізге келе алмай отыр. Ол тек қана келіскен уақытта қаланың шетіне шығып күтпек. Осы себептен [Тұлұсұн] бізді осылай жіберді. Олар келіскен уақытта Тұржанмен бірге қаладан шығып сіздерге қосылмақ». Осыдан кейін біз, патшаның құлы Моңғолдай мен Хешан екеуіміз тағы 11 адам және Есентай, Дэхэбуларды ертіп Тұржан күтпек болған жерге бардық. Дәл сол кезде, өзен суына таласып, өзеннің екі жағалауына бекініп алып ұстасып тұрған Тұржан мен қазақтардың жасақтары бір-

<sup>322</sup> Мәтінде «ұлық патшаға бағынышты халық болдыңдар» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>323</sup> Мәтінде «барлықтарыңыз ұлық патшаға бағынып» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 15-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>324</sup> Мәтінде автор өз ұғымы бойынша «хуэйцзи» деп жазған.

<sup>325</sup> Мәтінде «solun boşokü Tulusun» деп хатталған. Мұндағы «solun» сөзі аталмыш адамның шыққан тегін (ұлтын) білдіріп отыр. Ал «boşokü» — Цин патшалық армиясының төмен дәрежедегі қолбасшысы.

<sup>326</sup> Мәтінде «girin ula boşokü Liu Bo» деп хатталған. Мұндағы «girin ula» сөзі аталмыш адамның шыққан тегін (туған жерін ?) білдіріп отыр.

<sup>327</sup> Мәтінде «Esentei» деп хатталған.

<sup>328</sup> Мәтінде «Dehebu» деп хатталған.

<sup>329</sup> Мәтінде «uksin» деп хатталған бұл сөз Цин патшалық армиясының төмен дәрежедегі қолбасшысының тағы бір түрінің атауы.

біріне оқ пен жебе атып, сұрапыл соғыс салып жатыр екен. Біздің бұрын-ырақ жіберген Лю Бао қатарлы 8 адам осы жолғы барған бізбен қосылып, барлығы 21 адам болып соғыс майданындағы екі шептің ортасына жарып кіріп, екі жақтағы әскерлеріне де былай деп сөз салдық: «біз үлкен елдің елшісіміз, сіздердің соғыстарыңызды тоқтату үшін арнайы осында келдік». Өстіп біз екі жақты шегіндірдік те, олардың арасында әрі-бері шақыылап жүріп, не жақсы, қайтсе пайда екендігін түсіндіріп бердік. Сонан соң біз Тұржанды шақырып шығып, оны Төле бимен беттестірдік. Олардың әрбіреуі өздерінше уәжідерін айтып болғаннан соң, Тұржан өзінің ойын былай білдірді: «Осыдан былай біз жанжалды тоқтатып, бітімге келсек және бірге барып ұлық патшамен қарым-қатынас орнатсақ<sup>330</sup>. Біз, сарттар<sup>331</sup>, бұрынғы қағида бойынша сіздер, қазақтарға салық төлеп, сол арқылы тыныштығымызды сақтасақ». Сөйтіп, олар біздің бетімізше бітімге келгеннен кейін, өз әскерлерін шегіндірді. [Қазақтар] өзен арнасына салған бөгеулерін алып тастап, Тұржанның құзырындағы елге өзен суын жіберді. ...<sup>332</sup> [Тұржан былай деді]: «Біз үлкен елден елші келді деген хабарды баяғыда алып, қаладан шығып сіздермен кездеспек ниетте болғанбыз. Алайда біз қазақтармен соғысып жатқандықтан қаладан шыға алмадық. Енді міне елші сіздер өздеріңіз келіп бізді татуластырып отырсыздар. Сіздердің арқаларыңызда мен, Тұржан, ажалдан аман қалғандай болдым. Ертең, мен елші сіздермен кездескенде, патшамен дидарласып келу үшін елшімді жіберу жөніндегі істі әрі қарай сіздермен ақылдасайын». 18-күні, біз бір күн күтіп едік, Тұржан келмеді. Шамасы, Тұржан әліде болса қазақтар қастық істей ме деп күмәнданып, қаладан шыққаннан жүрексініп отырса керек. 19-күні, біз алдын ала адамымызды жіберіп, Тұржанға «сіз Шада қожаны да өзіңізге шақырып алыңыз. Біз сіздің тұрған жеріңізге барып сіздермен кездеспекпіз» дегенді жеткіздік. Алайда біз оның тұрған жеріне барғанда, Шада қожаны көрмедік, онда Тұржан өзі ғана бар екен. Біз Тұржаннан «Шада қожа қайда» деп сұрап едік, ол: «Шада қожа ауырып қалып, келе алмады» деп жауап берді. Біз, амбан, сіздің бізге тапсырған хуэйцзилерді біздің патшалығымызға бағындыруға шақырған хатнамаңызды алып шығып, оларға оқып бердік. Сондай-ақ оларға: «біз бұйрық бойынша Қасақшираны құдалап келдік, сонымен бірге сіздер, Ташкент хуэйцзилерін бізге бағынуға шақырып келдік» дегенді жеткіздік. Тұржан: «Біз, сарттар<sup>333</sup>, асылы бұрын да қазақтарға салық төлеп тұрғанбыз. Жоңғарлар қазақтарды қуып тастап, біз сарттарды өздеріне бағындырғаннан кейін, біз жоңғарларға салық

<sup>330</sup> Мәтінде «бірге барып ұлық патшаға бағынып» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 15-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>331</sup> Мәтінде автор өз ұғымы бойынша «хуэйцзи» деп жазған.

<sup>332</sup> Мәтіннің бұл жеріндегі бір жол жазуы жоғалған.

<sup>333</sup> Мәтінде автор өз ұғымы бойынша «хуэйцзи» деп жазған.

төлей бастағанбыз. Қазір міне біз қайтадан қазақтарға салық төлейтін болдық. Осыдан былай біз, Ташкент сарттары, бүкіл ел болып ұлық патшамен тату-тәтті қарым-қатынаста болуды қалаймыз<sup>334</sup>. Сондықтан егер әлгі опасыз қарақшылар осында болса, біз қалайша ұлық патшаның бізге көрсеткен қамқорлығын ескермей, оларды сіздерге тапсырмай жасырып қаламыз! Олар расында біздің қаламызға келген жоқ. Мен Шадамен ақылдаса келе, өзіміздің бір елшімізді жіберіп патшамен дидарласып келсін дегенге келіп отырмыз» деген сөздерді айтқаннан кейін біз қаладан қайтып шықтық. Сол күні кеште, Төле би, Сасық би және Молдасамшы үшеуі тағыда келіп бізге: «Молдасамшы да өз елшісін біздің қазақ елшілерімен бірге Пекинге жіберіп, патшамен дидарласып келсе дейді» дегенді айтты. Сөйтіп, біз, Моңғолдай мен Хешан, қазақ елшілері Жолан мен Босұрманды және хуэйцзи Молдасамшының елшісі Мениязді<sup>335</sup> ертіп алдық та 7-айдың 20-күні кері сапарға аттандық. Ал Тұржанның елшісін өзімізбен бірге неге алып жүрмегендіміз туралы біз, амбан, сізбен кездескенде анықтап тұрып айтып бермекпіз.

Жоғарыдағы айтылғандардан тыс біздің тағы қосарымыз: біздің анықтауымыз бойынша, опасыз қарақшы Қасақшира расында да Батыс бөлік қазақтар мен Ташкент хуэйцзилерінің арасында болмаған көрінеді. Ал біздің арамыздағы Батужіргал<sup>336</sup> есімді адамның Пекиннен ертіп келген жол бастаушысы, ойраттан шыққан патшаның қорғаушы жасағы Бұрыт-ку<sup>337</sup> бізге мына бір қызықты айтты: «Мен байқасам, хуэйцзи Молдасамшының жанында ілесіп жүрген анау бір жас неме — Әмірсананың ағасы Бадамцериннің<sup>338</sup> ұлы, мен оны жақсы білемін». Бұны ести салып біз дереу Төле биге «ана бір жас жігітті әкеп берсеңіздер, біз оны тұтқындап әкетеміз» дегенді айттық. Әлгі жас жігітті алып келген соң, біз оны анықтап тұрып сұраққа салып едік, ол: «менің есімім Ишімжаб<sup>339</sup>, жасым 18-де. Мен шынында да Бадамцериннің ұлы болам. Менің көкем Әмірсана қылмыскер ретінде танылып, әулетіміз қудалауға ұшырағанда мен, Ишімжаб өлімнен қашып Қазақ жерін паналап келгем. Сонда ташкенттік хуэйцзи Молдасамшы 100 сәрі күміс ақша шығарып, мені сатып алып, өзінің қолғанаты қылып алған» деп шындықты айтты. Біз дереу оны тұтқындап, өзімізбен бірге алып жүрмек болдық. Осыдан тыс, біз, Моңғолдай мен Хешанның байқауымыз бойынша, Әбіліз хан, барлық қазақ батырлары және Ташкенттің хуэйцзи бұқаралары ұлы патшамыз бен

<sup>334</sup> Мәтінде «барлығымыз ұлық патшаға бағынып, ұлық патшаның боданы боламыз» деп хатталған (бұл туралы біздің жоғарыдағы 289-түсіндірмемізге қараңыз).

<sup>335</sup> Мәтінде «Menias» деп хатталған.

<sup>336</sup> Мәтінде «Batujirgal» деп хатталған.

<sup>337</sup> Мәтінде «Burutkeu» деп хатталған.

<sup>338</sup> Мәтінде «Badamcereng» деп хатталған.

<sup>339</sup> Мәтінде «Isimjab» деп хатталған.

армиямыздың қасиетті айбары туралы хабар алғаннан кейін жаппай бізге бағынып, сол арқылы патшамыздың қамқорлығына бөленіп, мәңгі тыныш та жайбарақат өмір сүру ниетте. Әбіліз «хан» аталғанымен, іс жүзінде ешқандай нақты іс басқармайды екен. Батыс бөлік қазақтар мен Ташкент жеріндегі басқару ісінің барлығы Төле бидің құзырында екен, өзге батыр қолбасшылар мен бұқаралардың барлығы Төле бидің билігіне бойсұнады екен. Біз олардың жеріне барғандағы байқағанымыз — Төле би шынында да батыл шешім қабылдап, істерді тез-тез шешіп, бізді қысқа уақыттың ішінде қайтаруға талпынды. Ол біздің «хуэйцзилермен татулассаңыздар» деген сөзімізді де қабыл алып, алдымен барып бітімге келді.

Сөйтіп, біз алдын ала Лиринча<sup>340</sup> қатарлы 6 адамды хатымызбен бірге жіберіп, біздің елшілерді ертіп бара жатқандығымызды хабарлап отырмыз».

Осыдан кейін, яғни 7-айдың 29-күні Моңғолдай мен Хешан екеуі Жолан, Босұрман және Менияз қатарлы елшілерді ертіп келіп, менімен кездестірді. Сонда Жолан менің, патшаның құлының, санын құшақтап тұрып сәлем бергеннен соң, мен оны жайғастырып отырғызғаннан кейін, оған: «Біздің таяу жылдардан бері жорық жасап, жоңғарлар мен улеттерді<sup>341</sup> жойғандығымыздың себебін мен өзімнің сіздер, Батыс бөлік қазақтарға жіберген хатымда анықтап түсіндіргем. Ол туралы сіздердің Әбіліз хандарыңыз бен Төле би сынды батырларыңыз хабар алған шығар? Опасыз қарақшы Қасақшира Қазақ жеріне еніп кеткен деген хабар бар — бұл рас па? Осыдан бұрын, сіздердің Оңтүстік бөлік қазақтарыңыздың Абылай [ханы] Әмірсананы өз жерінде жасырып алған себептен өзіне үлкен зиян келтірген. Ол былтыр шын ниетімен ұлық патшамызға бағынғаннан кейін көп-көп сый-сыяпатқа ие болған — бұл туралы сіздер хабар алған шығарсыздар. Міне, қазір Әбіліз бен Төле бидің бағы жанып, бізге бағынып, сіздерді патшамен дидарласып келуге жіберіп отыр. Сіздер аттанар кезде Төле би сіздер арқылы маған басқаша арнаулы сәлем жолдады ма?» деп сұрақтарымды қойып едім, Босұрман былай деп жауап берді: «Әбіліз бен Төле би бізге: «сендер цянцзюньге мынаны жеткізіңдер: біздің Ұлы жүз қазақтардың жері тар ... Қасақшира расында да біздің Ұлы жүз қазақтарының жеріне келмеген ...<sup>342</sup> Сендер сыйлыққа апара жатқан аттарды

<sup>340</sup> Мәтінде «Lirinsa» деп хатталған.

<sup>341</sup> Біздің жоғарыдағы № 7 құжатқа берген 226-түсіндірмемізге қараңыз.

<sup>342</sup> Жоғарыдағыдай, мәтіннің бұл жерінде де автор қазақ елшілерінің сөзін бұрмалап берген тәрізді: мұндағы біраз жолдардан құрастырылған мәтіннің негізгі мазмұны — «Абылай басқарған Орта жүз қазақтар және бұрыттар сияқты, біз Ұлы жүз қазақтар да патшаға бағынсақ деп талпынып тұрмыз» деген ақылға сыймайтын сөздер. Оның ортасындағы 3 жол мәтін құжаттың зақымдалуна байланысты жоғалған (қараңыз: «Жинақ» (1), 138-2-2). Шындығына келсек, елшінің «біздің Ұлы жүз қазақтарының жері тар» деп бастаған сөзінің өзі оның не айтқаны жөнінде біраз сыр шертіп тұрған тәрізді. Осы орайда, жоғарыдағы № 2 құжатта сақталған

амбанның өзіне жеткізіп, ахуалды түсіндіргеннен кейін, сол жерден әрі қарай барып патшаға сәлем беріп келіңдер» деп тапсырма берген». Хуэйцзи Менияз мынаны айтты: «Мен Ташкенттегі қожа Молдасамшының қол астындағы сарт<sup>343</sup> болам. Біз, ташкенттік сарттар, бұрын қазақтарға салық төлеп тұрғанбыз. ...<sup>344</sup> Сондықтан қожамыз сізге сәлем беріп, содан әрі қазақтармен бірге Пекинге барып патшаға сәлем беру мақсатында мені осылай жіберді». Сонан соң мен Ишімчабті әкелгізіп, оны тергеу сұраққа салып едім, оның айтқаны Моңғолдай мен Хешан екеуінің мәлімдегеніндей болып шықты. Мен қол астымдағы адамдарыма оны тапсырып, оны қатаң түрде күзеткізіп қойдым. Ертеңінде, Жолан маған келіп: «Кетерімде менің әкем өзінің ұлық патшаға жазған бір дана хатын маған тапсырып еді» дегенді айтты. Менияз да: «Біздің қожа да өзінің ұлық патшаға жазған бір дана хатын маған тапсырып еді. Оны да сіз, мәртебелі амбан, біздің қожамыздың атынан ұлық патшаға жолдап берсеңіз» деді<sup>345</sup>. Сөйтіп олар сол хаттарды маған тапсырды. Мен хаттарды ашып көріп едім, екеуі де мұсылман жазуымен<sup>346</sup> жазылған екен. Мен оларды армия қатарындағы улет бен бұрыт елдерінен шыққан адамдарға оқытып едім, ешкім оқи алмады. Сонан соң мен Жоланнан хаттың мазмұнын сұрап едім, ол былай деді: «Төле бидің сіздермен қарым-қатынас орнату ниеті шын. Сондықтан ол осы жолы сіздерге көп көмек көрсетті. Ол өзінің хатында осы жайттарды патшаларыңызға мәлімдеп отыр». Ал Менияз болса: «Мен әкелген бұл хатты біздің қожамыз Молдасамшы менің аттанар кезімде ғана маған әкеліп тапсырған. Сондықтан мен онда

---

бір дерекке сүйенуге болады: Төле би бастаған Ұлы жүз қазақ көсемдері сонау 1755 жылы қыркүйек айында-ақ цин патшалығының Банди есімді цянцзюнімен қарым-қатынаста болып, оған жолдаған сәлемде «қазір міне сіздер біздің ескі жұртымызға келіп бекінген екенсіздер» деген сөздер болған. Осы сөз-сөйлемдерден біз Жоңғар хандығы жойылған шақта Қазақ елі өздерінің кезінде жоңғар қалмақтар басып алған көне жұртын қайтарып алуға талпынып жатқандықтарын байқаймыз.

<sup>343</sup> Мәтінде автор өз ұғымы бойынша «хуэйцзи» деп жазған.

<sup>344</sup> Мұнда да «біз, сарттар да, қазақтардан қалыспай, патшаның боданы болғымыз келеді» деген сөздер жазылған.

<sup>345</sup> Осы жердегі мағлұматтардан білгеніміз: Цин патшалық ереже-жосыны бойынша, цин ордасына барған Орталық Азия елдері елшілерінің өздері апара жатқан елбасшыларының хатнамалары циннің шекара аймақтарындағы ұлықтарының патшаларына жіберген мәлімдемелері арқылы сол патшаларына жеткізіліп отырған. Осы себептен әлгі Орталық Азия елдерінен барған хатнамалар негізіннен Қытайдың бірінші тарих мұрағатының «Әскери басқармасында сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесінің қорында» сақталған. Осы жерде айта кетерлік бір жайт: біз аударып отырған осы құжаттағы айтылған Төле би қатарлы ел көсемдерінің «мұсылман жазуымен» жазып жіберген хаттарын өзіміздің осыған дейінгі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында жүргізген ғылыми зерттеу кезімізде таба алмадық. Дегенмен, біз әлі де болса сол хаттар табылар деп үміттенеміз.

<sup>346</sup> Мәтінде «хуэйцзинің жазуымен» деп хатталған.

не жазылғандығын білмедім» дегенді айтты. Мен, патшаның құлы, олардың сол хаттарын басқаша қылып қаптап, өзімнің осы мәлімдемеммен бірге ағзам патшамның назарына ұсынып отырмын. Сонымен қатар, мен Моңғолдай, Хешан екеуімен бірге елшілік сапарда болған солын бошоку Багэ<sup>347</sup> мен гирин ула бошоку Есентай<sup>348</sup> және қазақ тілін білетін, әскери еңбек сіңіргендігі үшін көк қауырсынға ие болған<sup>349</sup> дашдава улет<sup>350</sup> елінен шыққан Черикчи<sup>351</sup> 30 жасақ қосып беріп, оларға қазақтар мен хуэйцзилердің Жолан, Босұрман және Менияз сынды 3 елшісін, сондай-ақ сол елшілердің атқосшысы болып келген 8 адамды Пекинге дейін қорғап апаруды тапсырдым. Осыдан бұрын бағынған бұрыт Ақбайды<sup>352</sup> да осы жолы [қазақ елшілерімен] бірге апарып патшамен дидаластырып келу керек еді, алайда оның ұлы Білік<sup>353</sup> кенеттен ауырып қалып, [қазақ елшілерімен] бірге жүре алмай қалды да, мен оны өз жеріне қайтарып жібердім. Тек [басқа бір] Айдарбек<sup>354</sup> [есімді бұрыттың] Ноқы<sup>355</sup> есімді інісі мен оның 1 атқосшысын оларды осында бастап әкелген солын бошоку, әскери еңбек сіңіргендігі үшін көк қауырсынға ие болған Лимбаоға<sup>356</sup> тапсырдым. Лимбао Моңғолдай, Хешандармен бірге аттанып, оларды да Пекинге дейін қорғап апаратын болды. Опасыз қарақшы Әмірсананың ағасы Бадамцериннің ұлы Ишімжабты [оны осында айдап әкелген] Моңғолдайдың өзіне тапсырып, оны жол бойы қатаң түрде күзетіп, оны да біржолата Пекинге айдап апарғызуды ұйғардым. Олар 8-айдың 7-күні жолға шықты. Баркөлге барғанда Моңғолдай өзімен бірге ертіп бара жатқан жасақтарды сонда қалдырмақ. Баркөлден шығысқа қарай жүретін сапарда Моңғолдай, Хешан және Лимбао қатарлылар ереже-қағида бойынша жол бойындағы қарауыл бекеттеріндегі әрі-бері шапқылауға жауапты әскерлерді жұмсап, солар арқылы қорғау істерін атқармақ — бұл туралы ереже бойынша Баркөлдегі амбанға, Шэньси-Ганьсу жерлерін басқаратын губернаторға және [Ле] цзянцзюнь Чжаохуэйге өз хатнамаларымды жолдадым. Сондай-ақ мен өзімнің Ташкент хуэйцзилерге жазған бұйрығымды да Моңғолдай мен Хешан қатарлыларға тапсырып, солар арқылы ағзам патшамның назарына жолдап отырмын.

<sup>347</sup> Мәтінде «Bage» деп хатталған.

<sup>348</sup> Жоғарыдағы № 327-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>349</sup> Цин патшалары өздерінің төмен дәрежедегі қолбасшыларына осындай қауырсын сыйлап, сол арқылы олардың абырой-атағы мен мәртебесін көтеріп отырған.

<sup>350</sup> Мәтінде «dasidawa i ület» деп хатталған.

<sup>351</sup> Мәтінде «Čerikči» деп хатталған.

<sup>352</sup> Мәтінде «Akbaı» деп хатталған.

<sup>353</sup> Мәтінде «Belek» деп хатталған.

<sup>354</sup> Мәтінде «Aidarbek» деп хатталған.

<sup>355</sup> Мәтінде «Noki» деп хатталған.

<sup>356</sup> Мәтінде «Limboo» деп хатталған.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 9-айының 7-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен былай деп бұрыштама жазған: «Білдім. Бұл туралы арнайы бұйрық берілді. Солай атқарылсын».

8-айдың 7-күні

## №11 құжат

### **Патшаның қорғаушы жасағының қолбасшысы Нұсанның<sup>357</sup> қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандары туралы мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>358</sup> (Цяньлун жылнамасының 23-жылы 9-айдың 8-күні)<sup>359</sup>**

Біз, патшаның құлы Нұсан мен Юндэ, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Патшаның құлы, біз, осыдан бұрын «[саудаға] келетін қазақтар өз жерлерінен аттанды деген хабар келе салып мәлімдеме арқылы хабарлаймыз» дегенді жазып жібергенбіз. Міне, 9-айдың 7-күні<sup>360</sup> генерал Цедденжабтың<sup>361</sup> мәлімдемесі келді, онда: «Қабанбай<sup>362</sup> өз ұлы

---

<sup>357</sup> Нұсан (Nusan) — жоғарыдағы № 8 құжатқа берілген 243-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>358</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 155-157-66.; «Каталог» (6), 257-6. «Каталог» (6) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1715—036; микрофильм бойынша — 050—0654.

<sup>359</sup> Яғни 1758 жылғы 9-қазан.

<sup>360</sup> Яғни Цяньлун жылнамасының 23-жылы 9-айдың 7-күні, біздің жыл есебімізбен 1758 жылғы 9 қазан.

<sup>361</sup> Мәтінде «Седенжаб» деп хатталған. Тегі қалқа моңғолдан шыққан бұл адам Цин патшасының Жоңғар хандығы мен Қашқария жерлерін тыныштандыру операциялары кезіндегі негізгі цин армия қолбасшыларының бірі болған. Цяньлун жылнамасының 23-жылы ол Цин патшалық шекара аймақтарын тыныштандыру армиясының қолбасшысы Чжаохуэйдің (兆惠) оң қол орынбасар генералы (дин бянь ю фу цзянцзюнь (定边右副将军)) лауазымында болып, жоңғар көсемдерінің бірі Қасақшираны қолға түсіру мақсатында қазақтармен арада біраз барыс-келісте болып, қазақтар туралы мәліметтер жіберіп тұрған.

<sup>362</sup> Мәтінде «Набамбай» деп хатталған.

Едіге<sup>363</sup> мен інісі Төметайға<sup>364</sup> 50-ден астам адамын бастатқызып, [біз жіберген?] елшімен бірге Букучағанның<sup>365</sup> ұлын Үрімжіге айдап апарып, ол жердің қаншалықты алшақ екендігін және сондағы саудагерлер санының қаншалықты екендігін білу үшін келе жатыр. Олар өздерімен бірге 500-дей жылқы айдап келе жатыр. Оларды қарсы алу үшін қорғаушы Батыр<sup>366</sup> мен солын әскерінің кіші офицері Чоры<sup>367</sup> жіберілді. Наван әлі Қазыбектің<sup>368</sup> жерінде екен, Абылайға кезіге алмапты» делінген екен. Букучағанның ұлын Пекинге жеткізу үшін генерал Цебденжаб адамдарын шығарған екен, бұл іске басқаша шара қолданудың қажеті жоқ деп шешім қабылдадық.

Біздің ұғысуымыз бойынша, Қабанбай — [қазақтың] Орта жүзінің<sup>369</sup> Қожаберген<sup>370</sup> сынды 4-5 адамының ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр, патшаның құлдары Шундэнэ<sup>371</sup> мен Нұсан мәлімдеме жазып, [патшадан] рұқсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлық ретінде берген торғын-торқасының біразын Қабанбайға бөліп бергеннен соң, патшаның шапағатына бөленген Қабанбай риза болды, сондай-ақ Қазақ мемлекетіндегі елдің барлығы алғыстарын айтып, бірінен соң бірі жоңғарлардың басшыларын тұтқынға алып, оларды бізге әкеліп тапсыруда. Дегенмен осы жолы Қабанбайдың Букучағанның ұлын айдап жеткізуді пайдаланып жердің қаншалықты шалғай екендігі мен саудагерлеріміздің саны қаншалықты көп екендігін білмекші болғаны — барша қазақтар үшін емес, өйткені қазақтар — біртұтас, ортақ билеушісі жоқ халық. Егер расында да [бүкіл елдің атынан] келіп, жердің қаншалықты шалғай екендігі мен саудагерлеріміздің саны қаншалықты көп екендігін білгілері келсе, онда Абылай, Әбілпейіз,<sup>372</sup> Қожаберген және Дәулетбай (?)<sup>373</sup> қатарлылар [дың адамдары] да келуі тиіс еді. Сондықтан Қабанбай осы жолы шын мәнінде басқалардың жолын орап, Букучағанның ұлын айдап жеткізуді пайдаланып, өз ұлы мен інісіне өз тауарларын әкелгізіп отыр. Олар келіп саудаласқанда біз қалайда болсын көбірек жылқы сатып алып қалуды басты мақсат етуіміз керек те, бағаны өте жоғары да, өте төмен де ұстап тұрмай, жағдайға қарап олармен сауда жүргізуіміз керек. Олар қайтқан

<sup>363</sup> Мәтінде «Etehe» деп хатталған.

<sup>364</sup> Мәтінде «Tumutai» деп хатталған.

<sup>365</sup> Мәтінде «Buku sağan» деп хатталған бұл адам да сол кездегі Цин патшалық армиясының қудалауында болған жоңғар көсемдерінің бірі.

<sup>366</sup> Мәтінде «Baturu» деп хатталған.

<sup>367</sup> Мәтінде «Corig» деп хатталған.

<sup>368</sup> Мәтінде «Nawang» деп хатталған.

<sup>369</sup> Мәтінде «Ortoyus» деп хатталған.

<sup>370</sup> Мәтінде «Hoijibergan» деп хатталған.

<sup>371</sup> Мәтінде «Šundene» деп хатталған.

<sup>372</sup> Мәтінде «Abulbis» деп хатталған.

<sup>373</sup> Мәтінде «Dolotbai» деп хатталған.

кезде әскери басқармадағы уәзірлеріміздің осыдан бұрын ақылдасқандағы қорытындысына сай, Қабанбай мен оның ұлын, інісін марапаттау керек. Егер олар әрі қарай барып патшамен дидарласқылары келсе, онда жағдайдың ыңғайына қарай шешім қабылдауымыз керек.

Бұдан тыс, Наван әлі Қазыбектің жерінде болып, Абылайға кезіге алмапты. Бұл туралы біз, патшаның құлдары, былай деп ойлаймыз: Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай, Батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шекарамыздың маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен де кездеспей қалмас. Егер Наваннан «үлкен сауда жүргізбек мақсатында Абылайдың жіберген елшісі келе жатыр» деген хабары келсе, біз, патшаның құлдары, дереу патшаға мәлім етерміз.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 23-жылғы 9-айының 23-күні<sup>374</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Хабар алдым. Осылай атқарылсын».

9-айдың 8-күні.

## №12 құжат

**Қазақтардың шығу тегі<sup>375</sup> және оларға қатысты карта туралы мәлімет (маньчжур тілінде)<sup>376</sup>**

**[Цяньлун жылнамасының 23-жылы 11-айдың 13-күні]<sup>377</sup>**

Өткен жылы қазақ Кенжеқара<sup>378</sup> сындылардан сұрап, бір карта сызылған. Осы жолы сол картаны алып шығып қазақ Жоланға<sup>379</sup> көрсетіп, одан сол картада қателік бар ма деп сұраған едік, Жолан: «картадан

<sup>374</sup> Яғни 1758 жылғы 24 қазан.

<sup>375</sup> Құжаттың мазмұнына үңілсек, мұнда жалпы қазақтардың шежіресі емес, қазақтың хан-сұлтандарының шежіресі айтылған.

<sup>376</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 180-182-бб.; «Каталог» (6), 272-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1726—044; микрофильм бойынша — 050—3320.

<sup>377</sup> Жоғарыдағы аталған кітаптың екеуінде де құжаттың хатталған уақытын «[Цяньлун жылнамасының 23-жылы 11-айдың 13-күні]» (яғни [1758 жылғы 13 желтоқсан]) деп болжайды (мұндағы орта жақша — көрсетілген уақыттың деректемеде берілген нақты мағлұмат емес, кейінгі кітап құрастырушылардың пайымдағаны немесе болжағаны бойынша қойылғандығын білдіреді).

<sup>378</sup> Мәтінде «Henjigar» деп хатталған бұл адам Абылайдың 1757 жылы цин патшалық ордасына жіберген елшісі.

<sup>379</sup> Мәтінде «Jolan» деп хатталған. Ол Төле бидің ұлы және Ұлы жүз қазақтарының 1758 жылы Цин патшалық ордасына жіберген елшісі болып табылады.

қателік байқалмайды, ондағы Есіл<sup>380</sup>, Нұра<sup>381</sup>, Жарлы<sup>382</sup> (?), Қазалы<sup>383</sup> сынды жерлерге мен барып көрмегем, дегенмен [картадағы көрсетілген жағдай] менің естігендеріммен негізінен сай келеді» деп жауап берді. Соған соң одан тағы да қазақтардың келіп-шығуы жөнінде сұрап едік, ол былай деп жауап қайтарды: «біз қазақтарда Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз<sup>384</sup> деп аталатын 3 қазақ [бөлігі] бар, ойрат<sup>385</sup> тілінде бұл үшеуін Еке жоо, Думда жоо және Баған жоо<sup>386</sup> деп атайды. Елдің айтуына қарағанда бұл үшеуінің де арғы тегі Қоңыр<sup>387</sup> мемлекетінен келген. Біздің Ұлы жүзде екі хан бар: оның біріншісі Қарабас хан<sup>388</sup>, оның ұлы Жолбарыс хан<sup>389</sup>, Жолбарыс ханның ұлы Әбіліз хан,<sup>390</sup> оның екіншісі Рүстем хан<sup>391</sup>, оның ұлы Есмандыр (?) хан<sup>392</sup>, Есмандыр ханның ұлы Мамұт хан<sup>393</sup>, Мамұт ханның ұлы Ханбаба хан<sup>394</sup>. Қазіргі таңда Әбіліз хан мен Ханбаба хан екеуі билік тағында отыр. Орта жүзде бір хан болған, ол Есім хан<sup>395</sup> деп аталады, оның ұлы Жәңгір хан<sup>396</sup> деп аталады, Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан<sup>397</sup> деп аталады, Тәуке ханның ұлы Болат хан<sup>398</sup> деп аталады, Болат ханның ұлы Әбілмәмбет хан<sup>399</sup> деп аталады. Қазіргі таңда Әбілмәмбет хан билік тағында отыр. Әбілпейіз — Әбілмәмбеттің ұлы, қазір сұлтан лауазымын атқарады. Абылай — Әбілмәмбеттің аталас бауырының ұлы<sup>400</sup>, хан тағына отырмағандықтан ол да сұлтан болып табылады, ол армия бастап шекаралық аймақта бекінген. Сол Орта жүзде тағы бір хан бар, оның аты Ханбаба сұлтан, ол найман деген үлкен тайпаны басқара-

<sup>380</sup> Мәтінде «Isil» деп хатталған.

<sup>381</sup> Мәтінде «Nura» деп хатталған.

<sup>382</sup> Мәтінде «Yarla» деп хатталған.

<sup>383</sup> Мәтінде «Hasalak» деп хатталған.

<sup>384</sup> Мәтінде «Ulu yuds», «Orto yuds», «Kici yuds» деп хатталған.

<sup>385</sup> Мәтінде «ület» деп хатталған бұл атау әу баста жоңғарлардың бір тайпасына гана тән болып, кейін келе бүкіл «ойрат» деген атаудың синониміне айналған.

<sup>386</sup> Мәтінде «Ike joo», «Dumda joo», «Bagan joo» деп хатталған.

<sup>387</sup> Мәтінде «Kongker» деп хатталған.

<sup>388</sup> Мәтінде «Harabas han» деп хатталған.

<sup>389</sup> Мәтінде «Yolboros han» деп хатталған.

<sup>390</sup> Мәтінде «Abilis han» деп хатталған.

<sup>391</sup> Мәтінде «Urustum han» деп хатталған.

<sup>392</sup> Мәтінде «Ismandir han» деп хатталған.

<sup>393</sup> Мәтінде «Mamut han» деп хатталған.

<sup>394</sup> Мәтінде «Hanbaba han» деп хатталған.

<sup>395</sup> Мәтінде «Isim han» деп хатталған.

<sup>396</sup> Мәтінде «Yanggir han» деп хатталған.

<sup>397</sup> Мәтінде «Teoke han» деп хатталған.

<sup>398</sup> Мәтінде «Bolot han» деп хатталған.

<sup>399</sup> Мәтінде «Abulmambit han» деп хатталған.

<sup>400</sup> Мәтінді «zhalahi zhui» деп хатталған. Бұл сөз XVIII ғасырда құрастырылған ВТЦВЦ кітабында шағатайша «аға-інінің балалары» деп алынған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3182-бет).

ды, орны Абылаймен тең. Кіші жүзде екі хан бар: бірі Әбілқайыр хан<sup>401</sup> деп аталады, оның ұлы Нұралы хан<sup>402</sup> деп аталады; тағы бірі Қайып хан<sup>403</sup> деп аталады, оның ұлы Батыр хан<sup>404</sup> деп аталады. Қазіргі таңда Нұралы, Батыр екеуі де билік тағында отыр. Осылардан бұрынғы хандар мен сұлтандардың есімдері өте көп болған, мен оларды білмеймін».

Сондай-ақ біз оған «сендердің Ұлы жүздерінде Әбіліз хан және Ханбаба хан деген екі хан бар екен, ендеше неге Әбіліз хан ғана елші жіберіп, ал Ханбаба хан елші жібермеген? Бұдан тыс, біз бұрын Солтүстік Қазақ жеріндегі Ханбаба — найман тайпасын басқаратын жайсаң деп еститінбіз, ал сен оны неліктен сұлтан деп атап отырсың?» деген сұрақтарды қойып едік, ол: «біздің Ұлы жүздің Әбіліз ханы мен Ханбаба ханы екеуі бірге болғанымен, сіздердің елші қорғаушыларыңыз біздің жерімізге келгенде Ханбаба хан өз жұртында болмаған. Сол кезде шәншікүл<sup>405</sup> тайпасының Жанкелді<sup>406</sup> есімді жайсаңның ұлы қайтыс болған, Ханбаба хан қаза білдіріп сонда барып, әлі қайтпаған, сондықтан ол елші жіберуге үлгімеді. Біз қазақтардың салты бойынша, тәйжінің туыстары түгелдей сұлтан деп аталады. Солтүстік Қазақ жеріндегі Ханбаба — тәйжі туыстар руының жайсаң істеріне (?) жауапты<sup>407</sup>, осыған байланысты мен оның туыстар руын басқаратын сұлтан екендігі жөнінде естігем, алайда ол шын мәніндегі сұлтан емес» деп жауап қайтарды.

Осы туралы мәлімдемемізді жіберіп отырмыз. Мәлімдемемізбен бірге картаны да ағзам патша тақсырымыздың назарына ұсынып отырмыз<sup>408</sup>.

<sup>401</sup> Мәтінде «Abulahair han» деп хатталған.

<sup>402</sup> Мәтінде «Nurali han» деп хатталған.

<sup>403</sup> Мәтінде «Hayab han» деп хатталған.

<sup>404</sup> Мәтінде «Batur han» деп хатталған.

<sup>405</sup> Мәтінде «janjihula» деп хатталған.

<sup>406</sup> Мәтінде «Jangildu» деп хатталған.

<sup>407</sup> Бұл жерде шамасы «төре-төлегіттердің ішкі істеріне жауапты» дегенді білдірмек болса керек.

<sup>408</sup> Өкініштісі — аталмыш карта осы құжатпен бірге сақталынбаған. Жалпы, XVIII ғасырдың екінші жартысында Цин патшалығы өз барлаушыларын жіберіп немесе өздеріне барған қазақ-қырғыз елшілерінен сұрастырып білу арқылы Қазақ және Қырғыз жерлерінің біраз географиялық жағдайларымен таныс болып, соның нәтижесінде біраз карталар пайда болған. Бұл карталардың көбі кейін келе жоғалып кеткен. Дегенмен оларда жиналған бірсыпыра мәліметтерді «Цяньлун нэйфу юй ту» («Цяньлунның ордасында сақталған карта») атты картада (1760-жылдары сызылған бұл картаның қытай тіліндегі және маньчжур тіліндегі екі нұсқасы бар, олардың барлығы Қытайдың бірінші тарих мұрағатында сақталуда) және «Сиюй ту чжи» («Батыс өлке карталары мен сипаттамалары», 1762 жылы қытай тілінде жазылған тарихи-географиялық еңбек), «Сиюй шуй дао цзи» («Батыс өлкедегі өзен арналары», 1811–1821 жылдар аралығында қытай тілінде жазылған тарихи-географиялық еңбек) сынды кітаптарда сақталған карталардан білуімізге болады.

Цяньлун жылнамасының 23 жылы 11-айдың 13-күнгі [Цяньлун] патшаның жазып қалдырған пікірі: «Білдім».

## № 13 құжат

**Жалан-жаңгі<sup>409</sup> Наванның Қазақ жеріне елші болып барып Абылай қатарлы қазақ көсемдерімен кездескендігі туралы цянцзюнь мен амбандарға жазған мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>410</sup> (Цяньлун жылнамасының 23-жылы 12-айдың 13-күні)<sup>411</sup>**

Мен, Наван, осы мәлімдемемді сіздер, цянцзюнь мен амбандарға жазып жіберіп отырмын. Сіздер төмендегі айтылған іс туралы хабар алғайсыздар.

Мен және басқалар, сіздер — «бо» [атағы бар] динбянь цянцзюнь-нің<sup>412</sup>, «ван» [атағы бар] динбянь цянцзюньнің орынбасарының<sup>413</sup> және кеб амбанның<sup>414</sup> берген тапсырмаларыңыз бойынша Қазақ жеріне келген-

---

<sup>409</sup> Маньчжурша «zhalan i zhanggin» деп хатталған — бұл маньчжурлардың «сегіз байрақты» армиясының 4-дәрежелі қолбасшыларының лауазым атағы. XVIII ғасырда құрастырылған «Бу ти Цин вэнь цзянь» кітабында бұл лауазым атақтың «jalan jangi» деген шағатай жазба тіліндегі баламасын берген (қараңыз: ВТЦВЦ, 356-б.).

<sup>410</sup> «Жинақ» (1), 188-198-бб. Ескертетін бір жайт: бұл құжат «Каталог» кітап сериясында көрсетілмеген. Сондықтан біз бұл құжаттың Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы сақталу нөмірін біле алмадық.

<sup>411</sup> Яғни 1759 жылғы 10 қаңтар.

<sup>412</sup> Яғни динбянь цянцзюнь (шекара аймақтарды тыныштандыру армиясының қол басшысы) Чжаохуэй. Бо — оның атағы.

<sup>413</sup> Сол кездегі «динбянь цянцзюнь» Чжаохуэйдің оң қол орынбасары — Қалқаның (Қалқа Моңғол жерінің) цзюньваны (цзюньван — сұлтан дәрежелі атақ) Цебденжаб болған.

<sup>414</sup> Мәтінде «hebeu amban» деп хатталған. «Амбан» — маньчжур тіліндегі түпкі мағынасы — «уәзір». Сол кездегі цин патшалығының шекара аймағындағы ұлықтары

нен кейін, осындағы байжігіт найманның<sup>415</sup> Байбұрақ<sup>416</sup> есімді адамының тұрған жерінен Букучағанды<sup>417</sup> тұтқынға алдық. 6-айдың 8-күні Букучаған Дерембу<sup>418</sup> қатарлы адамдарға тапсырылып, Дұлұтбайдың<sup>419</sup> жері арқылы сіздер, цзянцзюнь мен амбандарға жіберілген — бұл туралы осыдан бұрын мен мәлімдеме жолдағам. Осыдан кейін мен, Наван, Құттыбай-аталық<sup>420</sup> пен Байсақал<sup>421</sup> есімді екі қазақ жолбастаушыларын қосқандағы жалпы саны 11 адамды бастап әрі қарай Абылайды тауып алуға аттандық. Сол айдың 20-күні, біз Жарқан-Еремен (?)<sup>422</sup> деген жерге жетіп барғанда Әбілпейізге<sup>423</sup> кезігіп, оған өзіміздің келген себептерімізді айттық. Сонда Әбілпейіз бізге былай деді: «Біздің Қазақ жерінде Қасақшира<sup>424</sup> келді деген хабар таралмады. Сондай болса да, мен жақын арада [сіздердің оны іздеп жүргендеріңізді] өз еліме ұқтырып жеткізем. Саудаға адам жіберу туралы Абылай біледі. Әбілмәмбет хан да осында [біздің тұрған жерімізге] келді». Мен: «Әбілмәмбет хан қазір қай жерде?» деп сұраған едім: «ол қазір Нұра<sup>425</sup> жерінде» деп жауап берді. Мен өзімнің Әбілмәмбет ханға барып сәлем бергім келетіндігімді айтып едім, Әбілпейіз: «Әбілмәмбет біздің қазақтың ханы болғанымен, ол менің әкем. [Мен әкенің атынан] сіздерді әкеме барып сәлем бересіздер деп бұйрық түсіре алмаймын-ғой. Өз ниеттеріңізбен барам десеңіздер — еріктеріңіз білсін» дегенді айтты. Сонан соң мен, Наван, және басқалар Нұра жеріне барып Әбілмәмбет ханды табуға атандық. Үшінші күні біз

---

да осылайша аталады. Ал «хебей» сөзі маньчжур тілінде «ақылшы» деген мағынаны береді. Екі сөз қосыла келіп құрастырылған «хебей абама» сөзі — цзянцзюньнен бір дәреже төмен ұлыққа берілетін лауазым атағы (қытай тілінде «цаньцзань дачэнь (参赞大臣)» деп айтылады). Бұл сөзді сол замандағы қазақтар «кеб амбан» деп алған.

<sup>415</sup> Мәтінде «baijigit naiman» деп хатталған.

<sup>416</sup> Мәтінде «Baiburak» деп хатталған. Жоғарыда көрсетілген қытай тіліндегі бір құжатта бұл адамның есімі «Baibalake» деп хатталған (қараңыз: жоғарыдағы № 9 құжатқа берілген 273-түсіндірме), сондықтан бұл есімнің түпнұсқасы «Байбарақ» болуы да мүмкін.

<sup>417</sup> Букучаған — біздің жоғарыдағы № 9 құжатқа берген 255-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>418</sup> Мәтінде «Deremboo» деп хатталған.

<sup>419</sup> Мәтінде «Dulutbai» деп хатталған.

<sup>420</sup> Мәтінде «Hotobai atalik» деп хатталған.

<sup>421</sup> Мәтінде «Baisakal» деп хатталған.

<sup>422</sup> Мәтінде «Jarkan eremen» деп хатталған.

<sup>423</sup> Мәтінде «Abulbis» деп хатталған.

<sup>424</sup> Мәтінде «Hasak sira» деп хатталған. Бұл Цин патшалығының құдалауына ұшыраған Жоңғар хандығының соңғы көсемдерінің бірі.

<sup>425</sup> Мәтінде «Nuga» деп хатталған.

Кенжеқара (?)<sup>426</sup> мен атығай-арғынның<sup>427</sup> Әлімбет батыр<sup>428</sup> есімді адамына кезіктік. Олар бізге: «Біз жаңа ғана Абылайдың жерінен келдік. Абылай өзі де осындағы Қазыбек бидің<sup>429</sup> тұрған жеріне қарай келе жатыр. Әбілмәмбет хан да Қазыбек бидің жеріне келмек. Қазыбек би үлкен той жасамақшы, сондықтан олардың барлығы тойға келе жатыр. Сіздер Нұраға барған кезде Әбілмәмбет әлдеқашан аттанып кетуі де мүмкін. Онда сіздер оған кездесе алмай қалар ма екенсіздер» деді. Осыны ескере отырып, Кенжеқара бізді ертіп барып Қазыбек биді тауып алмақ болды. Біз Есілді<sup>430</sup> қуа жүріп отырдық та 7-айдың 2-күні Ханбаба<sup>431</sup> мен Қазыбек қатарлылардың тұрған жеріне жетіп, оларға цзянцзюнь және амбандардың бізді Абылаймен сәлемдесуге жібергендерінің себебін түсіндірдік. Ханбаба мен Қазыбек қатарлылар бізге: «Әбілмәмбет пен Абылай екеуі де бірнеше күннің ішінде осында келеді. Сіздер осында тоссаңыздар болды» дегенді айтты. Төрт-бес күн өткеннен соң мен Ханбаба мен Қазыбекке: «Біз – маңызды міндет атқарып келген адамдармыз. Осылай күте берсек атқаратын ісімізге пайда келмес. Арадағы жол ұзақ емес екен, ендеше біз қазір-ақ атанып барып Әбілмәмбет ханмен кездесейік те, сонан соң барып Абылаймен кездесейік» дедім. Олар маған: «Сіздер солай тартқанда олар осылай жүріп, бір-бірлеріңізге кездесе алмай қаласыздар. Шамасы олар әлдеқашан аттанған, тек жолда айналып қалса керек. Сіздер қозғалмай күте тұрыңыздар. Мен дереу адам жіберіп, оларды осында келуге тездеттірейін» деді. Сөйтіп бізді тағы да тосқызып қойды да, екі жерге де адам жіберіп қуау салды. Алтыншы күні әлгі Әбілмәмбет ханға жіберілген адам қайтып оралып мынаны айтты: «хан өзі былай деді: елші Қазыбектің тұрған жерінде күтсін. Мен сонда барамын да адамдарды жинап ақылдасамын». Он бірінші күні Абылайға жіберілген адам да қайтып келіп мынаны айтты: «Абылай былай деді: елшілер сонда тұрып мені күтсін, мен тез арада сонда барамын. Сол жерде кездесу болғаннан кейін елшілер кері қайтсын. Оларды мұнда келгізбеңдер». Сөйтіп біз тағы да он неше күн күтіп едік, олар бәрібір келген жоқ. Біз Ханбаба мен Қазыбекке: «Біз сіздердің жерлеріңізге келіп Әбілмәмбет хан мен Абылайды күткелі, міне, бір ай болайын деп қалды. Егер олар өз жерлерінде жұмыс болып уақытша осында келе алмайтын болса, онда біз мұнда бекер күтіп,

<sup>426</sup> Мәтінде «Henjigar» деп хатталған. Бұл адам кейін Абылай ханның елшісі болып Цин патшалық ордасына барған (қараңыз: Сұңғатай, Еженханұлы 2005, 51-бет, 30-түсіндірме).

<sup>427</sup> Мәтінде осы қазақ руының аты «atahai argal» деп хатталған. Мұндағы соңғы «-l» дыбыс әріптің қате жазылуынан болған (маньчжур тілінде сөздің соңына келетін «-n» әріп «-l» әрпіне ұқсас дерлік).

<sup>428</sup> Мәтінде «Alimbet batur» деп хатталған.

<sup>429</sup> Мәтінде «Hadzabek bai» деп хатталған.

<sup>430</sup> Мәтінде «Isil» деп хатталған.

<sup>431</sup> Мәтінде «Hambaba» деп хатталған.

жолымыздан қаламыз. Оның орнына біз өзіміз-ақ тікелей барып оларды тауып алсақ. Олар осында келіп жатса, біз де [қайтып оралып] осында келерміз; олар келмеген жағдайда біз олармен өз жерлерінде кездесерміз» деген едік, Ханбаба қатарлылар бізге: «Әбілмәмбет хан мен Абылай екеуі өздерінің осында келіп бас қосатындығын айтып, сіздерге онда бармай осында күтсін деп еді-ғой! Сіздер біздің айтқанымызға сенбей, соншалықты асығып не жетті?» деді. Мен оларға: «Мен сіздердің айтқандарыңызға сенбей тұрғам жоқ. Дегенмен, біз бұл жерде күтеміз-күтеміз, олардан болса ешқандай хабар-ошар болмағалы да бірталай уақыт болды ғой!» деп едім, олар: «Сіздің айтқаныңыз да жөн. Естісек, Абылайдың ауылына екі рет ұры түсіп, 2 000-нан астам жылқысын ұрлап әкетіпті. Бұны істеген орыстар ма, әлде басқалар ма — бұл жағы әлі белгісіз. Естісек, Абылай Орыс жеріне кетті деседі. Біз тағы адам жіберіп Абылайдан мән-жайды анықтап келгізейік — оған көп уақыт кетпейді» дегенді айтып, Абылайды іздестіруге қайтадан адам жіберіп, бізді тағы да күткізіп қоймақ болды. Мен, Наван, оларға: «Сіздер Әбілмәмбет хан мен Абылай айтты деп бізді осында күткізіп қойып, қайта-қайта оларды шақыруға адамдарыңызды жіберіп жатырсыздар. Енді міне бізге Абылайдың хабарын тағы да күтуге тура келіп тұр, ал Әбілмәмбеттің тұратын жері осыдан алыс емес екен, біз жүктерімізді осында қоя тұрып, өзіміз барып онымен кездесіп келсек» дедім де, 3 адамымды ғана ертіп алып, 8-айдың 4-күні Нұра [өзенінің] жеткен шегіндегі «Қорғалжын»<sup>432</sup> деген жерге барып, сондағы Нияз батырдың<sup>433</sup> қонысында тұрған Әбілмәмбет ханға кезіктік. Мен оған мынаны айттым: «Былыр, Абылай мен Әбілпейіз барша қазақтарды бастап, солардың атынан цзянцзюнь мен амбандарға хат көтеріп, елші жіберіп, ұлық патшамызға бағынған<sup>434</sup> — бұл туралы хан, сіз, хабардар болған шығарсыз. Қазіргі таңда қарақшы улеттерден<sup>435</sup> жер-жерге қашып барып жасырынып алғандары бар. Біздің цзянцзюнь-амбандарымыз әскер бастап Еренқабырғада<sup>436</sup> қыстап шыққаннан кейін, биыл 2-айда жорық жасап, әлгі қашқын қарақшыларды ұстағанын ұстап, өлтіргендерін өлтірді. Естісек, қашып кеткен Букучаған мен Қасақшира сіздердің жерлеріңізге келді деседі. Сондықтан [цзянцзюнь-амбандар] шұғыл жағдайда бізді Абылайға елшілікке жіберді. Хан, сіз, асылы, Түркістан<sup>437</sup> жерінде тұрасыз ғой, осында келеді деп ойламаған едік. Ханның, яғни сіздің осында

<sup>432</sup> Мәтінде «Hügaljin» деп хатталған.

<sup>433</sup> Мәтінде «Niyas batur» деп хатталған.

<sup>434</sup> Бұл жерде автор қытайдың дәстүрлі феодалдық ұғымына сай, өздерінің басқа елдермен арадағы қарапайым дипломатиялық қарым-қатынасты «басқалар бізге бағынды» деп түсіндіріп отыр.

<sup>435</sup> Яғни жоңғар моңғолдар.

<sup>436</sup> Мәтінде «Egen habirgan» деп хатталған.

<sup>437</sup> Мәтінде «Turkustun» деп хатталған.

келгендігіңізді біле салып, мен арнайы сізге келіп, біздің цзянцзюнь-ам-бандарымыздың Абылайға жазған хатын алдымен сізге, ханға көрсетейін деп отырмын». Сонан соң хатты оған көрсеттім де істі әрі қарай егжей-тегжейіне дейін түсіндіріп бердім. Әбілмәмбет маған мынаны айтты: «Былтыр Абылай мен Әбілпейіздің Боғда Ежен хандарыңызбен<sup>438</sup> бітімге келгендігі туралы мен хабар алғам<sup>439</sup>. Сондықтан мен осында биыл сөзсіз елші келер деп ойлағам және мен елшілермен бетпе-бет кездесіп, әңгімелесу үшін осында арнайы келдім. Елшілер, яғни сіздердің келіп болғандарыңызды естідім. Мен, асылы, сіздердің түскен жерлеріңізге өзім бармақшы едім, біраз іс болып үлгімедім. Мен «осы арада Абылай өзі келіп, елшілерді кері қайтарған шығар» деп ойлап, Түркістанға қайтпақшы болып отырғам. Сөйтіп отырғанда сіздер келіп қалыпсыздар — бұл өте жақсы болды. Абылай — менің інім<sup>440</sup>, Әбілпейіз — менің ұлым. Олар менің тапсырмам мен бұйрығыма қарсы шығады дейсіз бе! Әрине, мен де өзімнің інім мен ұлымның игі бастамасын бұзбаймын ғой. Сіз маған Абылайға жіберген хатты көрсетіп отырсыз — бұл өте жақсы. Мен бұл хатты көшіріп алайын да, оның мәнін барша Қазақ жұртына жеткізейін. Сондай-ақ мен Түркістан төңірегіндегі маған қарайтын Ташкент<sup>441</sup>, Бескент (?)<sup>442</sup>, Ордасарай (?)<sup>443</sup>, Қарамұрын (?)<sup>444</sup>, Сайрам<sup>445</sup>, Шымкент<sup>446</sup>, Қарабұлақ<sup>447</sup>, Маңкент<sup>448</sup>, Иқан<sup>449</sup>, Ташанақ (?)<sup>450</sup>, Қарнақ<sup>451</sup>, Сауран<sup>452</sup>,

<sup>438</sup> Мәтінде «ұлық патшаларыңызбен» деп хатталған. Цин патшасын қазақтар «Боғда Ежен хан» деп атағандығы белгілі.

<sup>439</sup> Мәтінде «Былтыр Абылай мен Әбілпейіз Боғда Ежен хандарыңызға бағынып, оның боданы болғандығы туралы мен хабар алғам» деп хатталған — бұл, әрине, құжат авторының бұрмалауынан шыққан сөздер (қараңыз: алдыңғы 434-түсіндірме).

<sup>440</sup> Жоғардағы № 12 құжатта «Абылай Әбілмәмбеттің аталас бауырының ұлы» деп айтылады (қараңыз: сонда берілген 400-түсіндірме).

<sup>441</sup> Мәтінде «Тасикен» деп хатталған.

<sup>442</sup> Мәтінде «Besiken» деп хатталған.

<sup>443</sup> Мәтінде «Ortosarai» деп хатталған.

<sup>444</sup> Мәтінде «Kara mогоn» деп хатталған.

<sup>445</sup> Мәтінде «Sairam» деп хатталған.

<sup>446</sup> Мәтінде «Сімкен» деп хатталған.

<sup>447</sup> Мәтінде «Kara bulak» деп хатталған.

<sup>448</sup> Мәтінде «Manggin» деп хатталған.

<sup>449</sup> Мәтінде «Ikan» деп хатталған.

<sup>450</sup> Мәтінде «Tashanak» деп хатталған.

<sup>451</sup> Мәтінде «Karnak» деп хатталған.

<sup>452</sup> Мәтінде «Saoran» деп хатталған.

Қарашық<sup>453</sup>, Аққорған<sup>454</sup>, Үзкент<sup>455</sup>, Созақ<sup>456</sup>, Қазақдыжолық (?)<sup>457</sup>, Құлантабе<sup>458</sup>, Қошосар (?)<sup>459</sup>, Мұхаможын (?)<sup>460</sup> және Жанкент<sup>461</sup> сынды жерлердің барлығына «егер Қасақшира тұрған жерлеріңе барған болса, оны сөзсіз тұтқынға алып, Боғда Ежен ханға тапсырып беріңдер» деп бұйрық түсірейін. Егер ол [атаалмыш жерлерге] бармаған болып шықса, онда мен «келмепті» деп хат жазып жіберермін». Сөйтіп ол Абылайға жіберілген хаттың бір дана көшімесін көшіріп алып қалды. Сонысымен қоса ол тағы: «Былтыр, мен Боғда Ежен хандарыңызбен бітімге келген жайтты<sup>462</sup> өзімнің барша қазақ жұртыма жеткізіп, «осыдан былай ұйқымыз тәтті, жанымыз тыныш болатын болды» деп айтып едім, елім түгелдей аса қуанышта болды. Бүгін міне мен өз көзіммен елшіні көріп, өз құлағыммен елшінің жақсы сөздерін естіп, одан әрі риза болып қалдым. Біз Боғда Ежен хандарыңызбен қарым-қатынас орнаттық<sup>463</sup>, өзім де осында келіп елші сіздермен кездесіп, мәз-мейрам болып отырмын. Ендеше, мен [қазірше] жеріме қайтпай, осы жерден-ақ өз адамымды сіздер, аса құрметті елшілермен бірген жіберіп, Боғда Ежен ханмен дидарласып, ол кісіге сәлем беріп келгізуді ұйғардым. Сіздер Ханбабаның тұрған жеріне барып күте тұрыңыздар. Мен іле-шала барып адамдардың басын қосып ақылдасқаннан кейін сіздерді кері жолдарыңызға салып қоярмыз. Абылай да сонда бармақ» дегенді айтты. Сөйтіп, ол бізді Ханбабаның тұрған жеріне кері қайтарды. Сол айдың 18-күні,

Әбілмәмбет хан мен Абылай екеуі де келіп, бізбен кездесті. Кездескен кезде біз цзянцзюнь-амбандардың Абылайға жазған хатты тапсырып, елшілік мақсатымызды тәптіштеп тұрып айтып бердік. Хатты оқып болған соң, Әбілмәмбет хан мен Абылай алдымен өзара ақылдасты. Сонан соң Абылай маған былай деді: «Әбілмәмбет менің ағам болғандықтан, барлық іс соның айтқаны бойынша жүреді, мен оның айтқантапсырғандарына бойсұнамын. Мен [сіздерден] алыс жерде тұрам, оның үстіне жылқыма ұры түсті, соған байланысты мен Орыс жеріне барып

<sup>453</sup> Мәтінде «Кагаçак» деп хатталған.

<sup>454</sup> Мәтінде «Ак кoгoл» деп хатталған. Мұндағы соңғы «-л» дыбыс әріптің қате жазылуынан болған.

<sup>455</sup> Мәтінде «Ujugen» деп хатталған.

<sup>456</sup> Мәтінде «Sodzok» деп хатталған.

<sup>457</sup> Мәтінде «Hasakda jolon» деп хатталған.

<sup>458</sup> Мәтінде «Kulan tube» деп хатталған.

<sup>459</sup> Мәтінде «Hoşosar» деп хатталған.

<sup>460</sup> Мәтінде «Muhamojin» деп хатталған.

<sup>461</sup> Мәтінде «Yanggin» деп хатталған.

<sup>462</sup> Жоғарыдағыдай, құжаттың авторы бұл жерде де «Боғда Ежен хандарыңызға бағынған жайтты» деп бұрмалап жазған.

<sup>463</sup> Жоғарыдағыдай, құжаттың авторы бұл жерде де «біз Боғда Ежен хандарыңызға бағындық, оның боданы болдық» деп бұрмалап жазған.

іздеу салдым да, мұнда кешігіп келдім. Біз ақылдаса келіп сіздерді алдымен қайту жолдарыңызға салсақ дегенді ұйғардық. Букучаған осыдан бұрын тұтқынға алынып, айдалып кеткен; Қасақшира болса, ол менің жеріме келмеген. Сондай бола тұра, Әбілмәмбет пен мен екеуіміз барша қазақ жұртына бұйрығымызды түсіріп, Қасақшира келген жағдайда оны дереу тұтқынға алып, Боғда Ежен ханға тапсырып беру керек екендігін жеткіземіз. Ал сауда ісіне келсек, мен былтыр өзімнің Боғда Ежен ханға жазған хатымда былай дегем: біздің қазақтарымыз асау ат сияқты, емен-еркін өмір сүруді табиғи әдеттеріне айналдырған. Оларды өте зорлап кетуге болмайды. Оған қоса, біздің ауылдарымыз жер-жерлерге шашыраңқы орналасқан, олардың арасы 1 ай, тіпті 40 күндік жол жүретін қашықтықта. Ондағы елдерді түгелдеп саудаға барғызу — қиынның қиыны. Сондықтан әр ауыл өз еркіне қарай саудагерлерін жіберіп сауда жасауына рұқсат берейік. Біздің қазақтардың мінезіне қарай олардың жіберген саудагерлеріне пайда көзін көрсетіп қойсаңыз, келесі жолы «саудаға бармайсың» деп тосқауыл жасағыңыз келсе де оларды тоқтата алмай қаласыз. Ондай жағдайда олар өздері-ақ бірінің өкшесін бірі басып барады да, сіздер «саудаға адам келмеді» деп қам жеуден аулақ боласыздар». Осы сөздеріне қарай мен былай дедім: «Істерді қалай жүргізесіздер — оны өздеріңіз біліп жатарсыздар. Мен тек мынаны айтқым келеді: Қазақ жұртына қашқын қарақшыны тұтқындау ісі туралы бұйрықты міндетті түрде жеткізу керек — бұл өте маңызды. Сауда ісіне келсек, былтыр Абылай сіз өз өтінішіңізді жазып жібергенсіз, біздің патшамыз да жарлық түсіріп, амбан бастаған адамдарымызға: “Сауда айдап келе жатқан қазақтарды Үрімжі жерінде күтіндер” деп тапсырма берген. Бұл туралы осы реткі жіберілген хатта да айтылды. Егер осы жылы сіз өзіңіздің былтырғы уәдеңізде тұра алмай, көп адамыңызды саудаға жібере алмасаңыз, онда сіздің патшамызға «сауда жүргізейік» деген өтінішіңіз жалғанға айналып қалады. Ондай жағдайда келесі жылғы сауда ісін жүргізуге қандай негіздеме қалмақ?» Сонда Абылай: «Бұл сөзіңіздің де жаны бар екен. Мен міндетті түрде неғұрлым көп адамымды саудаға жіберермін» деді.

Әбілмәмбет: «Келесі жылы осындағылар ғана емес, мен тұрған Түркістан жеріндегілерге де бұйрық түсіріп, оларды сіздердің жерлеріңізге барып сауда жүргізермін» деді. Кейінірек, Абылай тағы былай деп сұрады: «Былыр біз тек Боғда Ежен ханмен бітімге келу үшін<sup>464</sup> елшімізді жібергенбіз. Қазір, міне, менің ағам Әбілмәмбет хан да осында келіп қалыпты. Біз өз әулет мүшелерімізді<sup>465</sup> арнайы жіберіп патшаға сәлем беріп, онымен дидарласып қайтса деп отырмыз. Біздің осы әулет мүшелеріміздің аман-есен Пекинге барып, патшамен дидарласып қайтуына сіз өзіңіз жол қорғаушысы болып берсеңіз қандай?» Мен былай деп жауап бердім: «Сіздер өз әулет мүшелеріңізді ұлық патшаларымызбен дидарласып келуге жібермекші болып отыр екенсіздер, әрине, біз оларды қорғап, оларға жол бастап беруден бас тартпаймыз ғой. [Алайда] олар цзянцзюнь-амбандардың лагеріне жеткеннен кейін, цзянцзюнь-амбандар оларға бізден мықты қолбасшыларын қосып, әрі қарай патшаға дидарластырып келетін шығар. Біз болсақ әншейін цзянцзюнь-амбандардың тапсырған міндетін атқарып жүрген адамдармыз, сондықтан сіздердің әулет мүшелеріңіздің аман-есен барып-келуіне байланысты барлық жауапкершілікті өзіміз көтеріп аламыз деп айта алмаймыз». Абылай маған: «Ондай деменіз. Біз Боғда Ежен ханға сәлем беріп, оған өзіміздің ризашылығымызды білдіру мақсатында әулет мүшелерімізді жібермекші болып отырмыз. Олардың барлығы шешек шығып үлгірмегендер<sup>466</sup>. Былырғы барып келген елшілердің айтуларына қарағанда, сіздердің Баркөл бағытындағы жолдарыңыз алыс, онымен жүргенде ауыруға оңай шалығады екен. Оған қарағанда, Улясутай бағытындағы жолдарыңыз әм жақындау, әм жол бойы Моңғол даласы болғандықтан жүруге өте ыңғайлы көрінеді. Қазір сіздің еліңіз бен біздің ел бір отбасының адамдарындай болып кетті ғой. Ендеше, кімдікі болса да бәрібір емес пе!<sup>467</sup> Қазір міне сізбен танысып, біз сізге сенім артып отырмыз. Сіз біздің осы сенімімізді ақтап, біздің әулет мүшелерімізді өзіңіз бастап Улясутай бағытындағы жолдарыңызбен Пекинге жеткізіп, патшамен дидарластырып, сонан соң оларды аман-есен қайтарсаңыз жөн болар!» деді және «егер сіз өзіңіз Пекинге дейін жол бастап бара алмасаңыз, онда олар

<sup>464</sup> Жоғарыдағыдай, құжаттың авторы бұл жерде де «Боғда Ежен ханға бағынып, оның боданы болу үшін» деп бұрмалап жазған.

<sup>465</sup> Мәтінде «іні-бауыр, туыстарымыз» деп хатталған.

<sup>466</sup> Цин патшалығы өздеріне баратын моңғол, қазақ адамдар туралы үнемі сұрайтын бір сұрақ — «Олар шешек ауруымен ауырып үлгірген бе? Жоқ па?» Мұның өзіндік себебі бар: кезінде Боғда Ежен ханның әулетінде осы ауруға шалдыққан адамдар көп болған, тіпті сол себептен бір патша қайтыс болған. Ал деректемелерге үңілсек, Цин патшалығына елші болған қазақтар ішінде расында да күннің ыстығына байланысты осы ауруға шалдыққандар болған.

<sup>467</sup> Абылайдың мұндағы айтпақшы болғаны — «қай бағыттағы жолмен жүрсек те бәрібір емес пе! Сіздер оған кедергі жасамасаңыздар».

Баркөлге барғаннан кейін әрі қарай қалай апарылады?» деген сұрақты қайта-қайта қоя берді. Мен, Наван, былай ойладым: Осыған байланысты цзянцзюнь-амбандар өз кезінде тапсырма берген, ал мыналар болса соншалықты ақкөңілдерімен өз әулет мүшелерін Пекинге жіберіп, патшамен дидарласып келсе деп отыр. Мұндай жағдайда егер біз олардың «Улясутай бағытындағы жолмен жүрсек» деген талабын мақұлдасамыз, онда бұл іске кері ықпалын тигізуі мүмкін. Осыларды ескере отырып біз өзіміз ақылдастық та оларға: «Сіздер маған, Наванға осылай «әулет мүшелерімізді Улясутай бағытындағы жолмен Пекинге бастап апарыңыз» деп тұрып алған екенсіздер, жарайды, мен сіздердің талаптарыңыз бойынша сіздердің әулет мүшелерімізбен бірге барайын. Ал сіздер де өздеріңіздің саудагерлеріңізді тез арада Үрімжіге аттандырып, сауда ісін атқарғызғандарыңыз жөн» деп жауап бердік. Менің бұл сөзімді естігеннен кейін Әбілмәмбет дереу: «Біз сізге сенім артып отырмыз, ал сіз болсаңыз біздің талабымыз бойынша біздің әулет мүшелерімізді жақсы жолмен бастап апармақшы болып отырсыз — мұнысызға мен өте ризамын. Абылай, сен бұларды елдің шетіне дейін өзің апарып жолға салып жібер» деді. Абылай да: «Бұл бір көңілден шыққан іс болды-ау! Ал, міне, сіздерді мен ел шетіне дейін апарып аттандырайын. Сол жерде мен саудагерлерімізді Үрімжіге қарай жіберсем, әулет мүшелерімізді сіздерге тапсырып, Улясутай жаққа қарай аттандырамын» деді. Осылай келістік те өз жайымызға кеттік.

Біз, Наван қатарлылар, барған жерімізде жақсының да, жаманның да жүрек сөзін тындауға тырыстық та, астыртын Қасақшира туралы хабарды сұрастырдық. Алайда, мұндағылардың барлығы ол туралы ешнәрсе білмейтін болып шықты. 8-айдың 25-күні біз Абылайдың бастауымен Атбасар<sup>468</sup> маңындағы Есіл<sup>469</sup> өзенінің бойынан аттандық. 9-айдың 7-күні біз Көксеңгір<sup>470</sup> деп аталатын жерге жеткенде, Абылайдың үйінен екі мәрте адам жіберіліп, Абылайдың бәйбішесі<sup>471</sup> «науқастан халі нашарлап қалды» деген хабарды жеткізді. Сонда Абылай: «Отбасымның жағдайы соншалықты маңызды емес қой. Оның сыртында, мен үйімде болғанда да өлейін деп жатқан адамды тірілте алмаспын. Оған қарағанда Боғда Ежен ханмен арадағы іс маңыздылау. Мен сіздерді ел шетіне дейін апарып тастағаннан кейін қайтармын» деді де, бізді бастап әрі қарай сапарды жалғастырды. Сонан кейін тағы да адам келіп Абылайды үйіне қайтқызбақ болып қуады. Абылай бізбен ақылдасқанда бұрынғысынша әрі қарай жүре бермекші болып еді, біз ол кісіні тоқтатып, «сіз істің бәрін орны-орнына қойып болдыңыз ғой. Әрі қарай тек бізді аттандыру ғана

<sup>468</sup> Мәтінде «Atbasar» деп хатталған.

<sup>469</sup> Мәтінде «Isil» деп хатталған.

<sup>470</sup> Мәтінде «Kuksengger» деп хатталған.

<sup>471</sup> Мәтінде маньчжурше «амба хэхэ» («үлкен әйелі») деп хатталған.

қалды емес пе! Қазір үйіңізде іс туған екен, сіз қайта берсеңіз. Маңыздысы — тезірек барып жұбайыңызды дәрігерге көрсетіңіз» дегенді айттық. Абылай сонда барып бізге: «Ендеше сіздер «жол ортада бізді тастап кетті» демеңіздер. Мұндай қиын жағдай болғандықтан мен де шарасыз болып тұрмын. Мен қайтып барғанда, [бәйбішем] бойында әлі де жан бар болса, онда мен оны дәрігерге көрсетермін; ал егер мен қайтып барғанда ол әлдеқашан қайтыс болса, онда мен оны міндетті түрде үлкендеріміз жатқан Түркістан жеріне апарып жерлеймін. Сіздер анадай сөз айтқандықтан мен, міне, тездетіп кері қайтайын деп тұрмын. Сіздерді елдің шетіне дейін апарып тастауға мен Әбілпейізді жіберейін» деді де бізбен қоштасып, кері қайтты. Біз 10-айдың 2-күні Әбілпейіздің ауылына келіп жеттік. Әбілпейіз бізді әрі қарай елінің шетіндегі Серке (?)<sup>472</sup> деген жерге дейін әкеліп тастап, өзі қайтып кетті. Осыдан кейін Аягөз<sup>473</sup> жеріне барғанда біз ақылдаса келе бұрынғы жасаған жоспарымыз бойынша әрі қарай былай бөліндік: Наван Номұн-хашинай,<sup>474</sup> Моринча<sup>475</sup> және Жотба<sup>476</sup> сынды жасақтарды өзіне алып, патшамен дидарласуға бара жатқан қазақ адамдарын бастап Улясутайға қарай жүріп кетті; Яку<sup>477</sup> мен Идамжап,<sup>478</sup> Дондоқ<sup>479</sup> қатарлы жасақтар саудагерлерді бастап Үрімжі бағытына қарай жүріп кетті.

Патшамен дидарласуға бара жатқан қазақ адамдарының саны, олардың аты-жөндері және олардың сыйлыққа апара жатқан жылқыларының түсі мен саны жөніндегі мәліметтер тізбек ретінде осы мәлімдемеміздің соңына жапсырылды.<sup>480</sup> Бұдан тыс, патшамен дидарласуға бара жатқандар Улясутай бағытындағы жолмен жүріп бара жатқандықтан, динбянь цзянцзюнь сіз Улясутайдағы цзянцзюнь-амбандарға хат жолдап, осы іс туралы хабар жібергейсіз. Сол үшін біз осы тізбектердің тағы бір көшірмесін жіберіп отырмыз.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 12-айдың 12-күні.

---

<sup>472</sup> Мәтінде «Serhe» деп хатталған.

<sup>473</sup> Мәтінде «Aigüs» деп хатталған.

<sup>474</sup> Мәтінде «Nomun hasinai» деп хатталған.

<sup>475</sup> Мәтінде «Morinča» деп хатталған.

<sup>476</sup> Мәтінде «Jotba» деп хатталған.

<sup>477</sup> Мәтінде «Yakü» деп хатталған.

<sup>478</sup> Мәтінде «Idamjab» деп хатталған.

<sup>479</sup> Мәтінде «Dondok» деп хатталған.

<sup>480</sup> Өкініштісі — аталмыш тізбектер жоғалып кеткен тәрізді, өйткені біздің аудармамызға арқау болып отырған «Жинақ» (1) кітабындағы бұл құжаттың соңында аталмыш тізбектер берілмеген.

## №14 құжат

**Пішән<sup>481</sup> амбаны Динчанның мәлімдемесі, онда «қазақтар Үрімжі қатарлы жерлерге сауда жүргізгелі келді және Абылайдың<sup>482</sup> Нұсанға жазған хатын әкелді» деген мазмұн жазылған(маньчжур тілінде) (тотын-моңғол тіліндегі қосымша 1 дана: Әбілпейіздің Нұсанға жазған хаты)<sup>483</sup>(Цяньлун жылнамасының 23-жылы 12-айдың 14-күні)<sup>484</sup>**

Біз, патшаның құлы Динчан<sup>485</sup> мен Шушан,<sup>486</sup> төмендегі мәлімдемені

<sup>481</sup> Қазіргі ҚХР, ШҰАР, Пішән (Қытайша Шаньшань) жері.

<sup>482</sup> Құжаттың тақырыбын қоюшылар бұл жерде «Абылайдың» деп көрсеткен. Құжаттың маньчжур тіліндегі мәтінінде де аталмыш хатты «Абылай Нұсанға жазған» деп айтады. Осы құжаттан келсе керек, Цин патшасы Цяньлунның өз жылнамасының (өз билігінің) 23-жылы 12-айдың «гәнчэн» күнгі (1759 жылғы 26 қаңтардағы) орда естелігінде («Шилу»-да) осы «Абылай Нұсанға хат жазды» деген мағлұмат қайталанады (қараңыз: «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 577-цзюань, 29-30-66.). Алайда біз осы бір деректемеде қате кеткендігін, ондағы аталған хатты Абылай хан емес, Әбілпейіз сұлтан жазғанын айтқымыз келеді. Біз бұл тұжырымдамамызды мынадай дәйектерге сүйеніп айтып отырмыз: біріншіден, осы маньчжурша құжаттың қосымшасы ретінде берілген аталмыш хаттың тотын-моңғол тіліндегі мәтіні «Әбілпейіздің хатнамасы» деп басталған. Сонымен қатар хаттың соңындағы мөрдегі мәтін де «Әбілпейіз бин бахадүр сұлтан» деп хатталған (қараңыз: төмендегі аталмыш хатқа берген транскрипциямыз бен аудармамыз); екіншіден, басқа қытай деректемелеріне үңілсек, осы құжатта аталған Бұрыт есімді адам Абылайдың емес, Әбілпейіздің елшісі болған — бұның мысалы ретінде мына деректерді айтуға болады: 1) Цин патшасы Цяньлунның жылнамасының 25-жылы 5-айдың «цзи сы» күнгі (1760-жылы 8-шілдедегі) орда естелігінде («Шилу»-да) бір реткі қазақ дипломатиялық миссиясына қатысты мынадай бір мәлімет сақталған: «Цяньлун жылнамасының 25-жылы 5-айдың «цзи сы» күні патша «чжэн да гуан мин» залына келді. Қазақ Әбілмәмбеттің елшісі Құттыбай, Аталай, Абылайдың елшісі Ырысқұл, Әбілпейіздің елшісі Бөкенай, Бұрыт, Ханбабаның елшісі Үсен қатарлылар сонда патшамен дидалрасып, қабылдау рәсімін өткізді («Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 613-цзюань, 12-6.). 2. Цяньлун жылнамасының 37-жылы 8-айдың 18-күні (1772 жылғы 14 қыркүйек) Әбілпейіздің Тарбағатай амбаны Илытуға жіберген елшісінің есімі де Бұрыт (қараңыз: төмендегі 24-құжат). Біз өз тұжырымдамамызды жасағанда аударып отырған осы құжаттың қосымшасы ретінде берілген хаттың атауын «Әбілпейіздің Нұсанға жазған хаты» деп қойдық.

<sup>483</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 199-202-бб.; «Каталог» (6), 278-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1735-010; микрофильм бойынша — 051-1583.

<sup>484</sup> Яғни 1759 жылғы 12 желтоқсан.

<sup>485</sup> Мәтінде «Dingsang» деп хатталған.

<sup>486</sup> Мәтінде «Šušan» деп хатталған.



сіздерден тағы саудаға әкеле жатқан жылқы бар ма?» деп анықтаңыздар. Сауда ісі аяқталғаннан соң қазақтарды кері қайтарыңыздар да, тез арада мәлімдеме жазып жіберіңіздер. Мәлімдемелеріңізбен бірге қоса Абылайдың Нұсанға жазған хатын да патшаға жіберіңіздер» дегенді тапсырдым.

Аталмыш іске байланысты осы мәлімдеме арнайы жазылды.

Цяньлун жылнамасының 23-жылы 12-айдың 28-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қылақаламмен мынадай бұрыштама жазды: «Хабар алдым».

12-айдың 14-күні

*Қосымша:*

**Әбілпейіздің Нұсанға жазған хаты**<sup>495</sup>

**Хаттың транскрипциясы:**

**Мөрдегі жазу:** Abu-a-lfeis bahadur sultan

**Хаттың аудармасы**

Әбілпейіздің хаты.

Нү амбан,<sup>496</sup> әскери қолбасшылар және уәзірлер: жақсымысыздар? аман-есенсіздер ме?

Мен сіздерден Бұрыт қатарлы 3 адамның қайтуына қажетті ат көлік

---

<sup>495</sup> Мәтін тым ретті жазылмаған. Дегенмен, мұндағы бірінші сөз «Әбілпейіз» екендігі анық.

<sup>496</sup> Бұл жерде «Нү амбан» деп Үрімжідегі цин ұлығы Нұсанды меңзеп тұр. Нұсан туралы біздің № 8 құжатқа берген 243-түсіндірмеге қараңыз.

пен азық-түлік берулеріңізді сұраймын.

## № 15 құжат

### Патшаның қорғаушы жасағының қолбасшысы Нұсанның<sup>497</sup> «қазақ елшілері келе жатыр, патшаның тапсырысы бар ма екен» деген мазмұндағы жолдаған мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>498</sup> (Цяньлун жылнамасының 24-жылы 5-айдың 19-күні)<sup>499</sup>

Біз, патшаның құлы Нұсан мен Юндэ, патшамызбен ақылдасу үшін құлшылық етіп төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз.

Патшаның құлдары, біздің ойымызша, қазақтар жат ел болса да, патшамыздың мейір-шапағатына ынтызарлық білдіріп, осылай келіп жатыр. Былтыр Абылай Орыс сұлтанды жіберіп, патшамен дидарласып кетті. Біздің ойымызша, Абылай мен қазақ қауымы түгелдей ұлы патшамыздың қамқорлығына риза болып отыр, сондықтан да олар адамдарын осында мал айдатқызып келіп сауда жүргізулері әбден мүмкін. Тек мынаны ескеру керек: қазақтар табиғатынан пайдақұмар жандар, биыл Абылай адам жіберіп сауда жүргізген жағдайда, барлық іс патшаның бұйрық-нұсқауларымен жүргізілуі керек. Өткенде Абылай елшісі Орыс сұлтанды жібергенде, патшаның құлы, біз, әскери жорықта болатынбыз, сондықтан әлгі елшілердің не айтып, не қойғандарынан және...<sup>500</sup> туралы бейхабармыз. Биыл қазақтар келіп жатқан жағдайда ұлағатты патшамыз қандай тапсырмалар берер еді деген оймен біз патша ағзамнан ақыл сұрап отырмыз. Бұдан тыс, патшаның құлы, біз ойлана-ойлана келе мынаны айтқымыз келді: патшамыздың айбарының арқасында осы реткі батыстағы әскери жорығымыз өте оңай болып, Яркенд пен Қашқарды тыныштандырдық. Бұл жорығымыз сәтті аяқталды, сондықтан бұл жақта [әскери] жылқылардың қажеті шамалы. Алайда, мемлекетіміздің ішкі жерлерінде әлі де болса жылқыны қажет ететін жерлер көп. Сондықтан,

<sup>497</sup> Жоғарыдағы № 8 құжатқа берілген 243-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>498</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 230-231-бб.; «Каталог» (6), 309-б. «Каталог» бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1762-042; микрофильм бойынша — 053-0533. «Каталог» (6) кітабында берілген осы құжаттың аталуы өзгеше, ол «Патшаны қорғаушы жасақтың қолбасшысы Нұсанның Үрімжіде қазақтармен сауда жүргізу туралы мәлімдемесі» деп хатталған.

<sup>499</sup> Яғни 1759 жылғы 13 мамыр.

<sup>500</sup> Бұл жердегі мәтін «туған жері бар ма, жоқ па» деп түсініксіздеу болып хатталған.

біз, патшаның құлдары, қалайда жылқыны көптеп алсақ дегенді ойластырып жүрміз. Тарбағатай жерінде жұмыс істеп жүрген Улден<sup>501</sup> қазақтардың қонысына жақын тұрғандықтан қазақтармен кездесіп қалуы сөзсіз. Осыны ескере отырып, патшаның құлдары, біз мынаны өтінеміз: Әскери басқару мекемесі Улденнің мәлімдемесіне жауап берген кезде Улден арқылы қазақтарға патшаның қайырымдылығын насихаттай отырып «патша Нұсан қатарлыларға үлкен сауда жүргізу туралы міндет жүктеді, олар қазір Үрімжіде жылқы базарын ашып, қазақтардың сонда барып саудаласуларын күтуде» дегенді жеткізсе. Осы өтінішіміз орынды ма, жоқ па — ол туралы біз құлшылық білдіре отырып, патша бұйрық түсірсе екен деп тілейміз.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді. Патшаның пікірін күтеміз.

Цяньлун жылнамасының 24-жылғы 6-айдың 8-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Бұл іс туралы жарлық түсірілген».

5-айдың 19-күні.

## №16 құжат

**Қалқа[дан шыққан] орынбасар цзянцзюнь Цебденжабтың<sup>502</sup> «қазақтар махачиндар<sup>503</sup> тарабынан тоналыпты» және «қазақтар Үрімжіге келіп сауда жасады» деген мазмұнда жазған мәлімдемесі (маньчжур тілінде)<sup>504</sup> (Цяньлун жылнамасының 24-жылы кібісе 6-айдың 19-күні)<sup>505</sup>**

Біз, патшаның құлы Цебденжаб қатарлылар, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Біз, патшаның құлы Цебденжаб қатарлылар, осы кібісе 6-айының 8-күні Боро-хужыр<sup>506</sup> жеріне жетіп, сонда бекінгенде, Қара-Барақ<sup>507</sup>

<sup>501</sup> Мәтінде «Ulden» деп хатталған.

<sup>502</sup> Жоғарыдағы 13-құжатқа берілген 413-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>503</sup> Цин патшалық деректемелерінде хандықтары жойылғаннан соң жер-жерге бытырап барып, тонаушылықпен өмір сүріп жүрген жоңғар қалмақтарды осылай деп атаған.

<sup>504</sup> «Жинақ» (1), 240-244-бб.; «Каталог» (6), 321-б. «Каталог» бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1775-048; микрофильм бойынша — 053-3313.

<sup>505</sup> Яғни 1759 жылы 10 қаңтар.

<sup>506</sup> Мәтінде «Вого һүјіг» деп хатталған.

<sup>507</sup> Мәтінде «Нара барак» деп хатталған.

есімді қазақ 200-ден астам адам бастап біздің алдымыздан шықты және бізге: «Біздің Ішкі Қытайға барған елшілеріміз аман-есен қайтып оралды. Олар бізге «цзянцзюнь-амбан батырлар әскер бастап кіші қоғам<sup>508</sup> мен махачиндерді қудалап жүр» дегенді айтып келді. Біз сіздердің, цзянцзюнь мен амбандардың, Тарбағатай, Боро-хужыр жеріне келіп бекінгендіктеріңіз туралы хабарды ести салып Боғда Ежен ханның амандығын сұрап, сіздерге, цзянцзюнь-амбандарға, сәлем беру мақсатында осында арнайы келіп отырмыз» дегенді айтты. Сонан соң олар тағы былай деді: «Бұрын, жоңғарлар топ-тобымен келіп біздің қазақтарымыздың мал-мүлкін тонап, тыныштық бермейтін. Жақын жылдардан бері жоңғарлар жойылғаннан кейін ғана біздің қазақтар бейбіт өмір сүре бастады. Алайда жоңғар қашқындары әлі де болса баршылық, олардың арасында қуыс-қуысқа тығылып жүрген махачиндер де бар. Осыны ескере отырып, мен, Қара-Барақ, Қалбай батырмен<sup>509</sup> бірге 1 000 әскер бастап, былтыр 11-айда енді қар жауып, жаудың ізіне түсу оңай болатын орайын пайдаланып, екі бағытпен Тарбағатай, Ертістің<sup>510</sup> Зайсан көлі,<sup>511</sup> Шаған оба,<sup>512</sup> Үліңгір<sup>513</sup> және Жиделік<sup>514</sup> сынды жерлерге барып тінту жұмысын жүргіздік. 12-айда Қалбай батыр Зайсан көлі маңынан Қаданның<sup>515</sup> 40-тан астам отбасының 100-ден астам адамдары және 50 түйесі мен 100-ден астам жылқыларын қолға түсірген кезде олардың Жамыян<sup>516</sup> есімді басшысын сұраққа салып едік, ол былай деді: «Былтыр [Боғда Ежен ханның] армиясы келіп махачиндерді тінткен кезде, мен амал тауып қашып шыққам. Сонан кейін атымыз арып, тонымыз тозғаннан соң осында келіп жасырынып қалғанбыз. Ойламаған жерде сендерге кездесіп қалып, тұтқын болғанымызды қарашы!» деді. Біз олардың 50-ден астам ерлерін түгелдей өлтірдік те әйелдерін, балаларын және мал-мүліктерін бөлісіп алдық. Сонан кейін біз Үліңгір өзені жерінде адам етін жеп жүрген 2 ер, 2 әйелді ұстап алдық. Жиделік жеріне барған кезімізде біз осыдан бұрын біздің Ұлы жүз қазақтарымыздың<sup>517</sup> бір қора малын ұрлап кеткен 30-дан

<sup>508</sup> Бұл жерде 1756-1759 жылдар аралығында Қашқария жерінде Цин патшалығына қарсы шыққан ұйғырлардың көсемі Қоджа-Жаханды (қытайша «Хоцзичжань (霍集占)») меңзеп түр (оны қытай деректемелерінде «кіші қоғам» деп атайды).

<sup>509</sup> Мәтінде «Halbai batur» деп хатталған.

<sup>510</sup> Мәтінде «Erčis» деп хатталған.

<sup>511</sup> Мәтінде «Jaisang noog» деп хатталған.

<sup>512</sup> Мәтінде «Čagan obo» деп хатталған.

<sup>513</sup> Мәтінде «Urunggüi» деп хатталған.

<sup>514</sup> Мәтінде «Jikdelik» деп хатталған.

<sup>515</sup> Мәтінде «Nadan» деп хатталған.

<sup>516</sup> Мәтінде «Jamyan» деп хатталған.

<sup>517</sup> Мәтінде «Батыс бөлік қазақтары» деп хатталған — Цин дәуірі қытай деректемелерінде Ұлы жүз қазақтарын осылай «Батыс қазақтар» деп атайтын жағдай кездеседі (бұл туралы қараңыз: жоғарыдағы № 2 құжатқа берілген 17-түсіндірме).

астам махачиндерге кездесіп қалдық. Олар бізді алыстан көре салып шеп құрып, бекіне бастады. Біз олардың екі бүйірінен қоршап шабуылдап 20-дан астам адамдарын атып өлтірдік. Қалған оншақты адамдары түн жамылып Сәуір тауына қарай қашып кетті. Біз оларды әрі қарай қумадық. Сонан кейін біз Ерен қабырға<sup>518</sup> маңынан маханчиндерді тінттік. Манас<sup>519</sup> жеріне жеткенде біз 40-тан астам махачинге кездестік те, олардың 20-дан астам ер-әйелдерін тұтқынға алдық, қалған оншақты ерлері қашып құтылып, батыс жақтағы таудан асып кетті. Біз бұларды да әрі қарай қумадық. Манастан осылай оралып біз Іле өзені<sup>520</sup> мен Бораталаны<sup>521</sup> басып өтіп, Балқаш көлінің<sup>522</sup> оңтүстігіндегі Көксу,<sup>523</sup> Қаратал,<sup>524</sup> Аққоңыр қарағай (?)<sup>525</sup>, Гүрбан башай (?)<sup>526</sup> және Барлық<sup>527</sup> сынды жерлердің барлығын тінтіп шықтық, бірақ ол жерлерден махачин кездеспеді. [Сонан соң] біз Жайырдың<sup>528</sup> Шилі<sup>529</sup> деген жерде қашып жүрген 3 отбасы, 10-нан астам махачинге кезігіп, оларды өкшелей отырып Орашор (?)<sup>530</sup> тауына дейін қуып барып түгелдей тұтқындадық — бұл туралы мәлімдеме жазып жібергенбіз<sup>531</sup>». Сонан соң біз, патшаның құлдары, Қара-Барақ қатарлыларға патшаның Үрімжідегі сауда жөніндегі жазып жіберген жарлығын оқып беріп едік, Қара-Барақ: «Былыр, біздің Қабанбайымыз өзінің ұлы Едіге<sup>532</sup> мен інісі Төметайға<sup>533</sup> 50-ден астам адам қосып беріп, Үрімжідегі сауданың жағдайын бақылап келгізген. Сол Едігелер қайтып келгеннен кейін бізге: «Біздің Қазақ жерінен Үрімжіге бару үшін 1 айдай уақыт кетті, арадағы жол тым ұзақ екен. Оның үстіне, онда үлкен 1 атпен 2 киім ғана шығатын 1 топ жаман торғын алмастырып алады екенсің» деп келді. Оны естіп біздің елдегі адамдардың барлығы Үрімжіге сауда істегісі келмей қалды. Біздің қазақтар анау-мынауды көп білмейді<sup>534</sup> және табиғатынан емін-еркін жүруді ұнатады. Дегенмен мен қайтып барғаннан

<sup>518</sup> Мәтінде «Eren habirgan» деп хатталған.

<sup>519</sup> Мәтінде «Manas» деп хатталған.

<sup>520</sup> Мәтінде «Ili bira» деп хатталған.

<sup>521</sup> Мәтінде «Boro tala» деп хатталған.

<sup>522</sup> Мәтінде «Balkasi noor» деп хатталған.

<sup>523</sup> Мәтінде «Kuku usu» деп хатталған.

<sup>524</sup> Мәтінде «Hara tala» деп хатталған.

<sup>525</sup> Мәтінде «Ahúur hargai» деп хатталған.

<sup>526</sup> Мәтінде «Gurban baçai» деп хатталған.

<sup>527</sup> Мәтінде «Barluk» деп хатталған.

<sup>528</sup> Мәтінде «Jair» деп хатталған.

<sup>529</sup> Мәтінде «Sili» деп хатталған.

<sup>530</sup> Мәтінде «Orgoçog» деп хатталған.

<sup>531</sup> Бұл мәлімдемені кімге жазғаны белгісіз.

<sup>532</sup> Мәтінде «Edige» деп хатталған.

<sup>533</sup> Мәтінде «Tumatai» деп хатталған.

<sup>534</sup> Мәтінде «білімсіз надандар» деп жазылған — бұл, әрине, құжат авторының бұрмалауынан шықса керек.

кейін өз елімде тағы да үгіт жүргізіп, ондағы өз еркімен саудаға барғысы келетіндерді топтастырып сіздерге жіберейін. Қазір дәл жаз кезі, шыбын-шіркей көп, құбашөлден жүріп өту өте қиын. 7-айдан кейін ғана барып [мал айдап] жол жүруге болады. Қазақтарды Үрімжіге сауда жасауға барғызу мақсатында цзянцзюнь-амбан сіздер біздің Абылай сынды көсемдерімізге 1 дана хат жазып жіберулеріңізге болады. Ол хатты мен апарып беруіме болады. Хатты барша қазақ жұртына жеткізіп, елді оның мазмұнынмен таныстырып, сол арқылы саудаға барғысы келген адамдарды топтастырып, сіздерге жібергізу керек» деді. Біз, патшаның құлдары, оған былай дедік: «Осыдан бұрын біздің Чжаохуэй есімді цзянцзюніміз сіздердің Абылай,<sup>535</sup> Әбілпейіз,<sup>536</sup> Ханбаба,<sup>537</sup> Қабанбай,<sup>538</sup> Қожаберген<sup>539</sup> және Дәулетбай<sup>540</sup> қатарлы адамдарыңызбен ақылдасқаннан кейін барып Үрімжіде сауда базарын ашу жөнінде патшамызға мәлімдеме жазған. Былтыр, патшамыз ол істі құптаған соң Үрімжіге көп мөлшерде тауар апарылып базар ашылған. Алдыңғы жолы сіздердің Қабанбайларыңыз ұлы Едіге мен інісі Төметайды Үрімжіге жіберіп сауда жасатып қайтқаннан кейін, [біздің цзянцзюніміз] тағы бір рет патшаға мәлімдеме жазып, сауда базарын ашу ісін қайтадан бекіткізді. Мұндай жағдайда сіздер патшаның бұйрығына құлақ асып, Үрімжіге көп-көп мал айдап барып саудаласуларыңыз жөн болар, сонда ғана сіздер елдің алдында сенімдеріңізден айырылмайсыздар да, біздің патшамыз да одан әрі риза болып, сіздер, қазақтарға қамқорлығын көрсетеді. Осылай болса сіздер, қазақтарға пайда емес пе!» Сөйтіп біз сол айтқанымызды тот жазуымен<sup>541</sup> хатқа жазып, ол хатты Қара-Бараққа тапсырып жібердік. Біз, патшаның құлдары, былай деп ойлаймыз: «Қазақтардың барлығы пайданы көздеп, басқаны білмейтін адамдар. Біздің ойымызша, осы жолы егер олар Үрімжіге саудаға барса, онда патша ағзам, сіз, Нұсан қатарлыларға бұйрық түсіріп, барғандарға бұрынғыдан біраз пайда қосып бергізсеңіз. Бұлар пайда көру үшін арт-артынан келіп сауда жасауы мүмкін.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жыланамасының 24-жылы 7-айдың 15-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қықаламмен мынадай бұрыштама жазған: «Бұл туралы бұйрық жазылған. Солай атқарылсын.»

<sup>535</sup> Мәтінде «Abulai» деп хатталған.

<sup>536</sup> Мәтінде «Abulbis» деп хатталған.

<sup>537</sup> Мәтінде «Hambaba» деп хатталған.

<sup>538</sup> Мәтінде «Habambai» деп хатталған.

<sup>539</sup> Мәтінде «Hoji bergem» деп хатталған.

<sup>540</sup> Мәтінде «Dolotbai» деп хатталған.

<sup>541</sup> Яғни тотын-моңғол жазуымен.

12-айдың 14-күні

[Мәлімдеме жазушылар] Цебденжаб, Фулу<sup>542</sup>, Чинухун<sup>543</sup>, Цемчук-жаб<sup>544</sup>, Улден<sup>545</sup>.

## №17 құжат

**Үрімжідегі үшінші дәрежелі қорғаушы Юндэнің қазақтармен жылқы саудасы кезіндегі жұмсалған күміс ақшаның шамасы туралы жолдаған мәлімдемесі (маньчжур тілінде) (қытай тіліндегі қосымша 1 дана: тауар мен бағалардың тізбесі)<sup>546</sup> (Цяньлун жылнамасының 24-жылы 11-айдың 11-күні)<sup>547</sup>**

Мен, патшаның құлы Юндэ, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырым. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Биыл 10-айдың 28-күні,<sup>548</sup> қарауыл Бақсанты<sup>549</sup> мен Ши Чжунцзю былай деп хабар жеткізді: «Қазақ жерінен алдымен саудаға бара жатқан 40-тан астам адам бүгін қарунға<sup>550</sup> жетті, сонан соң олардың артынан іркес-тіркес болып тағы 30-дан астам адам келді. Олардың барлығы осында жеткізілді». Әлгі екі топ қазақтар келген соң, мен оларды жинап алып мән-жайды сұрадым. Сонда олардың ішіндегі Балапан<sup>551</sup> есімді қазақ былай деп жауап қайтарды: «бізді Қабанбай<sup>552</sup> жіберген, жалпы санымыз 47 адам. Өзіміздің мінген атымызды және жүктерімізді тасыған аттарды қосқанда, осы жолы біз 300-ден астам жылқы әкелдік». Ал Орман<sup>553</sup> есімді адам: «біз болсақ Абылайдың жіберген адамдары боламыз, жалпы санымыз 35. Өзіміздің мінген атымызды және жүктерімізді тасыған аттарды қосқанда, осы жолы біз 200-ден астам жылқы әкелдік» дегенді айтты. Сонан соң олар бірлесе отырып мынаны айтты: «биыл

<sup>542</sup> Мәтінде «Fulu» деп хатталған.

<sup>543</sup> Мәтінде «Cinuhün» деп хатталған.

<sup>544</sup> Мәтінде «Cemçukjab» деп хатталған.

<sup>545</sup> Мәтінде «Ulden» деп хатталған.

<sup>546</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 261-264-бб.; «Каталог» (6), 349-б. «Каталог» (6) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1796-025; микрофильм бойынша — 055-0771.

<sup>547</sup> Яғни 1759 жылы 29 желтоқсан.

<sup>548</sup> Яғни 1759 жылы 17 желтоқсан.

<sup>549</sup> Мәтінде «Baksantu» деп хатталған.

<sup>550</sup> Маньчжурша «қарауыл бекеті» деген мағынада.

<sup>551</sup> Мәтінде «Balapan» деп хатталған.

<sup>552</sup> Мәтінде «Hambambai» деп хатталған.

<sup>553</sup> Мәтінде «Orman» деп хатталған.

жазда осында сауда жасауға келген қазақтар оралып барған соң Абылай мен Қабанбайға «Үрімжі жерінде сауда жасайтын адам жоқ екен. Біз сауданы үстірт істей салып қайттық» дегенді айтып барды. Абылай мен Қабанбай: «ұлық патша біз, қазақтарға жақсылық істеп арнаулы базар ашып отырса, Үрімжіде қалайша сауда жасайтын адам жоқ болады? Шамасы, сендердің өз талайларың болмағандықтан мұнда келіп ауыздарыңа келгенді айтып тұрған шығарсыңдар!» деп, олардың сөзіне сенбей, осындағы екі топ, жалпы саны 80-нен асатын адамды, 600-ден астам жылқыны жіберіп отыр. Біз амбандардан тілейтініміз: саудагерлеріңізге хабарды жеткізіп, олар тез келіп бізбен сауда жасаса. Осы жолы бізге тым болмағанда бір киімдік матаны артық беріп, пайда көрсетсеңіздер, онда мұндай хабар біздің қазақтар арасында таралып, олар пайда табу үшін бірінен соң бірі толассыз мал айдап келіп, сауда жасар еді».

Біз, патшаның құлдары, былай деп ойладық: қазақтар әр жолы саудаға келгенде ығи да осылай нысапсыздықтары мен пайдақорлықтары көрсетіп, әртүрлі шырын сөздерді сөйлеп, қайтсе де пайданы көбірек табуды көздейді. Оларына қарамай, біз, патшаның құлдары, тек ұлы ағзам патшамыздың осыдан бұрын бізге жіберген ұлағатты бұйрығына бойсұнып, сауданы олардың жылқыларының тиісті құнына қарай жасап, бұрынғы бекіткен бағаны ешқашан жоғарылатпаймыз. Осылай деп ойлай келе біз бұрынғы тәжірибені қолдана отырып, жасыл байрақты армияның<sup>554</sup> офицерлеріне «төбесінде диндайы<sup>555</sup> жоқ баскиім киіп<sup>556</sup>, саудагер болып жасанып барып қазақтармен сауда жүргізіңдер» деп, Цзинь Лян мен Дарцзишан қатарлыларға «келгендерді жақсылап күтіңдер» деп тапсырды. Сонымен, 11-айдың 1-інен 10-ына дейінгі аралықта біз жалпы 454 жылқы айырбастап алдық. Оның ішінде қазірдің өзінде дереу пайдалануға жарайтын 327 күйлі, ірі ат бар. Олардың әрбіреуі үшін 4 сәрі<sup>557</sup> 8 мысқал<sup>558</sup> күміс ақша бердік<sup>559</sup>. Күйі орташа, тұрқы кішілеу келген аттан

<sup>554</sup> Цин патшалық дәуірінде таза қытай ұлтынан шыққан адамдардан құралған армиясының байрағы жасыл болғандықтан оларды «жасыл байрақты армия» деп атаған.

<sup>555</sup> Жоғарыдағы 103-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>556</sup> Яғни қарапайым халықша баскиім киіп.

<sup>557</sup> Мәтінде бұл жерде қытайдың дәстүрлі салмақ өлшемі «лян» қолданылған (1 лян = 50 г). Тарихта қазақтар бұл өлшемді «сәрі» деп алған.

<sup>558</sup> Мәтінде бұл жерде қытайдың дәстүрлі салмақ өлшемі «цянь» қолданған (1 цянь = 5 г). Тарихта қазақтар бұл ауырлық өлшемін «мысқал» деп алған.

<sup>559</sup> Бастапқыдағы біраз ерекше жағдайларды есептемегенде, цин «саудагерлері» қазақтарға іс жүзінде күміс ақшаның өзін бермеген. Осы «жылқыға жібек саудасы» барысында цин шенеуніктері сауданың бағамын күміс ақшамен белгілеп, қытай торғын-торқасы туралы қазақтардың түсінігі аздау болғандығын пайдаланып, екі жақтың тауарларын бағалағанда өз білгендерінше істеген. Бұл туралы қараңыз: Еженханұлы Б. Кіші жүз қазақтарының XVIII ғасырда Цин патшалығына жіберген сауда керуені // Қазақстанның ғылыми әлемі, 2005, № 2, 67-77-66.

64, биеден 18, айғырдан 42, жалпы саны 127 жылқы алдық та, олардың әрбіреуі үшін 2 сәрі 8 мысқалдан күміс ақша берілді. Осы саудада кеткен мата қатарлы бұйымдардың санын және сол бұйымдардың өз құны, оларды тасымалдауға кеткен шығын сынды есептерінің тізімін қытайша жазып ағзам патшамызға жіберіп отырмыз. (Саудаға келген) қазақтарға біз офицерлеріміз бен жасақтарымызды қосып, Локлон<sup>560</sup> карунына дейін қорғап апартып салғанбыз. Олар сол жерден өз ауылдарына қайтып кетті.

Алынған жылқылардың ішіндегі 18 биімен қоса 2 айғыр таңдалып, тума жылқылардың үйіріне апарылып қосылды. Қалған 40 айғырды аттардың үйіріне қосып жібердік. Біз, патшаның құлдары, алдыңғы мәлімдемеміздегі айтқанымызша, осы жолғы саудадан алынған аттарды Яр жеріне апарып қыстатуға ұйғардық. Осыған байланысты, біз, патшаның құлдары, өзімізге қарасты жасыл байрақты армия бөлімінің төменгі дәрежелі офицері Ма Цзяюнь мен жүзбасы Мэнсянь және 30 жасаққа осы жылқыларды апару міндетін жүктедік. Оларға 12-сі күні Үрімжіден шығып, жолда ақырын жүріп отырып, жылқыларды болдыртпай Яр жеріне апаруды қатаң түрде ескерттік. Жылқылар жеткізілгеннен кейін, оларды Баньчжан (?) жіберген жылқы фирмасының бастығы санап алған соң қыстан аман-есен шығару үшін жақсы қыстауға апарып бағылсын деп Динчанға хатнама жіберілді.

Аталмыш іске байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

11-айдың 11-күні.

Цяньлун жылынамасының 24-жылы 11-айдың 27-күні<sup>561</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Жақсы, білдім. Осылай атқарылсын».

#### *Құжаттың қосымшасы:*

Биыл 11-айдың 1-күнінен 23-күніне дейінгі аралықта<sup>562</sup> айырбастап алған айғыр, бие және аттың жалпы саны — 454.

Аталмыш жылқыларды айырбастап алу үшін Пекиннен әкелінген мынадай мата мен басқа бұйымдар жұмсалыңды:

жуан жіптен тоқылған, енді түрлі түсті торқалар<sup>563</sup> — 210 топ, олар-

<sup>560</sup> Мәтінде «Loklon» деп хатталған.

<sup>561</sup> Яғни 1760 жылғы 14 қаңтар.

<sup>562</sup> Яғни 1759 жылғы 19 желтоқсаннан 1760 жылғы 10 қаңтарға дейінгі аралықта.

<sup>563</sup> Қытайша «за сэ да пэн дуань (杂色大彭缎)» деп хатталған. Мұндағы айтылған «пэн дуань» деген торқа атауы туралы ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндір-

дың бағалары біркелкі емес болатын, топтар тұтастай теңделіп жіберілген. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 930 сәрі 9 мысқал 7 фэнь<sup>564</sup> күміс ақша болды. Олардың Сучжоу жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдау құны — әрбір топқа 3 сәрі 2 фэнь, жалпы сомасы 68 сәрі 4 мысқал 9 фэнь күміс ақша болды;

жуан жіппен тоқылған, енсіз түрлі түсті торқалар<sup>565</sup> — 41 топ, олардың бағалары біркелкі емес болатын, топтар тұтастай теңделіп жіберілген. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 115 сәрі 2 мысқал 6 фэнь күміс ақша болды. Олардың Сучжоу жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдау құны — әрбір топқа 3 сәрі 2 фэнь, жалпы сомасы 13 сәрі 3 мысқал 7 фэнь күміс ақша болды;

ені кең, жалтырауық торқа<sup>566</sup> — 2 топ, топтар қос-қос етіп бөліне теңделіп жіберілген. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 16 сәрі 9 мысқал 8 фэнь күміс ақша болды. Олардың Сучжоу жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдаудың жалпы құны 8 мысқал 1 фэнь күміс ақша болды;

төмен сорттағы Янчжоу торқасы<sup>567</sup> — 4 топ, олардың бағалары біркелкі емес болатын, топтар тұтастай теңделіп жіберілген. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 17 сәрі 1 мысқал күміс ақша болды. Олардың Сучжоу жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдаудың жалпы құны 1 сәрі 3 мысқал күміс ақша болды;

төмен сорттағы телпек торқасы<sup>568</sup> — 2 топ, топтар тұтастай теңделіп жіберілген. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 8 сәрі 1 мысқал 6 фэнь күміс ақша болды. Олардың Сучжоу жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдаудың жалпы құны 6 мысқал 5 фэнь күміс ақша болды.

**Сонымен, жоғарыдағы аталған енді және енсіз торқалардың жалпы саны 259.5 топ. Осылардың Пекиннен Сучжоуға дейінгі тасымалдау шығыны туралы есеп бізге қазірге дейін жеткен жоқ, біз бұл шығынды уақытша олардың Сучжоудан Үрімжіге дейінгі тасымалдау шығынына теңестіріп, әрбір топтың шығынын 3 мысқал 2 фэнь, жал-**

месінде «ирик тауар», яғни «жуан жіппен тоқылған торқа» деп алынған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3163-бет).

<sup>564</sup> Мәтінде бұл жерде қытайдың дәстүрлі салмақ өлшемі «фэнь» қолданылған (1 фэнь = 0.5 г).

<sup>565</sup> Қытайша «за сэ сяо пэн дуань (杂色小彭緞)» деп хатталған.

<sup>566</sup> Қытайша «шань сэ дда дуань (閃色大緞)» деп хатталған.

<sup>567</sup> Қытайша «ян дуань (杨緞)» деп хатталған. Осындағы «ян (杨)» иероглифі — Қытайдың Янчжоу (杨州)» жерін меңзеп тұрса керек, бұл жер Цин патшалық дәуіріндегі жібек өндірісінің негізгі 3 орталығының бірі болған.

<sup>568</sup> Қытайша «мао дуань (帽緞)» деп хатталған, «мао (帽)» иероглифі — қытай тілінде «баскиім» деген мағынаны береді. Мұндағы айтылған «мао дуань» деген торқа атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «тәлфек тауар», яғни «телпек торқа» деп аударылған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3160-бет).

**пылай шығын 84 сәрі 6 мысқал 4 фэнь күміс ақша деп есептеп отырмыз.**

Ұсақ гүлді масаты<sup>569</sup> — 47 топ. Барлығын қосқандағы жалпы өз құны — 63 сәрі 4 мысқал 5 фэнь күміс ақша болды. Олардың Баркөл<sup>570</sup> жерінен Үрімжіге жеткізгендегі тасымалдау құны — әрбір топқа 4 фэнь 7 ли,<sup>571</sup> барлығын қосқанда жалпы 2 сәрі 2 мысқал 5 фэнь күміс ақша болды. Олардың Сучжоудан Баркөлге әкелінгендегі жұмсалған тасымалдау шығыны туралы мәлімет бізге жетпеді. Біз қазірше әр топқа 5 фэнь күміс ақша қостық, сондағы осы екі арадағы тасымалдау шығыны 2 сәрі 3 мысқал 5 фэнь күміс ақша болды;

түрлі түсті ұршық — тоғыз жарым жұп. Олардың жалпы өз құны 8 сәрі 7 мысқал күміс ақша. Олардың шыққан жерінен Пішәнге<sup>572</sup> дейінгі тасымалдау шығыны — әр жұпқа 1 мысқал 7 фэнь, барлығын қосқанда жалпы 1 сәрі 7 мысқал күміс ақша болды. Олардың Пішәннен Үрімжіге әкелінгендегі жұмсалған шығынын біз хатнама арқылы ұғыспақпыз, қазірше әрбір жұпқа 3 фэнь қосып отырмыз, сондағы осы шығынның жалпы сомасы 2 мысқал 8 фэнь күміс ақша болып отыр;

ақ түсті бөз<sup>573</sup> — 81 топ. Олардың жалпы өз құны 35 сәрі 6 мысқал 4 фэнь. Шыққан жерінен Пішәнге дейінгі тасымалдау шығыны — әр топқа 1 мысқал 7 фэнь, барлығын қосқанда жалпы 14 сәрі 5 мысқал 4 фэнь күміс ақша болды. Олардың Пішәннен Үрімжіге әкелінгендегі жұмсалған шығынын біз хатнама арқылы ұғыспақпыз, қазірше әрбір жұпқа 3 фэнь қосып отырмыз, сондағы осы шығынның жалпы сомасы 2 сәрі 4 мысқал 3 фэнь күміс ақша болып отыр;

Сычуань темекісі<sup>574</sup> — 14 орам. Олардың жалпы өз құны 1 сәрі 1 мысқал 2 фэнь. Олардың Сучжоу жерінен Құмылға дейінгі жалпы тасымалдау шығыны 9 мысқал 4 фэнь күміс ақша болды. Олардың Құмылдан Үрімжіге әкелінгендегі жұмсалған шығыны туралы мәлімет бізге жетпеді, қазірше біз олардың Сучжоудан Құмылға дейінгі тасымалдау шығынына

<sup>569</sup> Қытайша «сяо хуа сянь дуань (小花线缎)» деп хатталған. Мұндағы айтылған «сянь дуань» деген торқа атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «иф тауар» деп алынған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3161-бет). «Сянь» сөзі қытай тілінде де «жіп» деген мағынаны білдіреді. Осыған қарап, біз аталмыш торқаны түкті жіп араластырып тоқылған торқаның бір түрі, оның қазақша баламасы «масаты» болса керек деп межелеп отырмыз.

<sup>570</sup> Қазіргі ҚХР, ШҰАР, Баркөл қазақ автономиялы ауданы.

<sup>571</sup> Қытайдың көне заманындағы күміс ақшаның салмақтық өлшем бірлігі, 10 ли (厘) = 10 фэнь.

<sup>572</sup> Қытайша «Пичжань (辟展)» деп алған. Бұл қазіргі ҚХР, ШҰАР, Пішән ауданы, оның қазіргі қытайша атауы «Шаньшань (鄯善)».

<sup>573</sup> Қытайша «бу (布)» деп хатталған. Бұл мата атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «бөз» деп аударған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3182-бет).

<sup>574</sup> Қытайша «чуань янь (川烟)» деп хатталған.

қарап, осы бір шығынның жалпы сомасын 9 мысқал 4 фэнь күміс ақшаға шағып отырмыз.

**Жоғарыдағы айтылғандармен қоса, бұрыннан бері [Үрімжі жерінде?] сақталып келген мынадай нәрселер жұмсалды:**

гундуань<sup>575</sup> — 15.5 топ. Олардың өз құны мен тасымалдау шығынын қосқанда жалпы 211 сәрі 1 мысқал 7 фэнь күміс ақша болды;

Сучжоу жерінен шыққан бір түсті торқа<sup>576</sup> — 63 топ. Олардың өз құны мен тасымалдау шығынын қосқанда жалпы 303 сәрі 6 мысқал күміс ақша болды;

Сучжоу жерінен шыққан гүлді торқа<sup>577</sup> — 2.5 топ. Олардың өз құны мен тасымалдау шығынын қосқанда жалпы 14 сәрі 6 мысқал 7 фэнь күміс ақша болды;

бес талшықты,<sup>578</sup> бес түсті<sup>579</sup> оқалы тон<sup>580</sup> — 1 дана. Оның өз құны мен тасымалдау шығынын қосқанда 6 сәрі 3 мысқал 2 фэнь күміс ақша

<sup>575</sup> Қытайша «Гундуань (贡缎)» деп айтылатын осы бір мата түрінің қазақша атауы табылмады. Қытайдың Қоғамдық ғылымдар академиясына қарасты Тіл зерттеу институты құрастырған «Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде» оған «бұл — тоқыма жолдары торқаға біршама ұқсап қалатын матаның бір түрі, оның беті майда әрі жылтырап тұрады. Жұрт оны көбінесе көрпе тысына пайдаланады» деген түсіндірме берілген (СВХЮЦД, 442-бет).

<sup>576</sup> Қытайша «су су дуань (苏素缎)» деп хатталған. Мұндағы бірінші «су (苏)» иероглифі — Сучжоу қаласын айтып тұрса керек, Цин патшалық дәуірінде ол қала да қытайдың 3 негізгі жібек өндіріс орталығының бірі болған. Ал екінші «су (素)» иероглифі қытай тілінде «өз түсі» немесе «ақ түс» деген мағынасымен қоса «жұпыны» деген мағынаны да білдіреді.

<sup>577</sup> Қытайша «су хуа дуань (苏花缎)» деп хатталған. Мұндағы екінші «хуа (花)» иероглифі қытай тілінде «гүл», «гүлді» деген мағынаны білдіреді.

<sup>578</sup> Қытайша «ву сы (五丝)» деп хатталған — бұл «ву сы дуань (五丝缎)» деп аталатын торқа атауының қысқартылған түрі болуы мүмкін. Осы торқа атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «беш бағли тауар» яғни «бес талшықты торқа» деп аударған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3163-бет). Мұндағы шағатайша баламадағы «бес талшықты» сөзі торқаның тоқылғандағы мәлім бір техникалық ерекшелігін білдіріп тұрса керек.

<sup>579</sup> Қытайша «ву цай (五彩)» деп хатталған

<sup>580</sup> Қытайша «ман (蟒)» деп хатталған. «Ман» иероглифінің өз мағынасы «айдаһар жылан» (төрт аяқты айдаһар) болып келеді. Сонымен қоса, Цин патшалық дәуірінде тағы мынадай екі бұйым осы «ман» иероглифімен байланысты: 1) «ман дуань (蟒缎)» — айдаһар жылан бейнесі салынып тоқылған торқа. Бұны ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «молұн» деп алған (күні бүгінге дейін кей түркі тілінде айдаһар жылан «молұн» деп айтылады); 2) «ман пао (蟒袍)» — «ман дуань»-нан тігілген тон, бұны қазақтар өз кезінде «оқалы тон» немесе «шенді шекпен» деп алған. Цин патшалық дәуірінде мұндай тонды циннің ұлықтары киетін. Біздің құжатымыздың осы жеріндегі «ман»-ның артындағы қытайша өлшем сөз кездемеге емес, киім-кешекке қолданылатын «цзянь (件)» болып тұрғандықтан (яғни «1 топ» емес, «1 дана»), мұндағы «ман» сөзі «ман пао», яғни «оқалы тонды» меңзеп тұрғаны анық.

болды.

Сонымен, жоғарыдағы айтылғандардың барлығын қосқандағы өзіндік құндары мен оларды тасымалдау кезіндегі шығындарды қосқанда, жұмсалған ақшаның жалпы сомасы 1928 сәрі 9 мысқал 3 фәнһ күміс ақша болды.

## №18 құжат

### Қазақ ханы қатарлы адамдарға берілген сыйлықтардың тізімі (маньчжур тілінде)<sup>581</sup> [Цяньлун жылнамасының 25-жылы 1-айы]<sup>582</sup>

Цяньлун жылнамасының 24-жылы<sup>583</sup> қазақ ханы Әбілмәмбет<sup>584</sup> қатарлылардың елшісі Орыс сұлтан<sup>585</sup> келген кездегі берілген сыйлық заттар

Әбілмәмбетке, Абылайға және Әбілпейізге берілген сыйлықтар  
Әрқайсысына:

- 1 топ «молун» торқа<sup>586</sup>;
- 1 топ самсайы торқа<sup>587</sup>;
- 1 топ сегіз талшықты торқа<sup>588</sup>;

<sup>581</sup> Бұл құжатты «Жинақ» (1) кітабының 279-281-беттерінен көруге болады (осы кітапта берілген құжаттар реті бойынша бұл № 110 құжат болып табылады). «Каталог» кітабының мәліметі бойынша, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1808-017; микрофильм бойынша — 055-3410.

<sup>582</sup> Жоғарыда аталған екі кітаптың екеуінде де құжаттың хатталған уақытын «[Цяньлун жылнамасының 25-жылы 1-айы]», (яғни [1760 жылғы 18 ақпан — 15 наурыз аралығы]) деп болжайды (мұндағы тік жақша — көрсетілген уақыттың деректемеде берілген нақты мағлұмат емес, кейінгі кітап құрастырушылардың пайымдағаны немесе болжағаны бойынша қойылғандығын білдіреді). Алайда, осы құжатта айтылған сыйлықтар «Цяньлун жылнамасының 24-жылы», яғни 1759 жылы берілген деп айқын көрсетілген. Ал Цин патшалығының басқа тарихи деректемелеріне үңілсек, олардың барлығы осы құжатта аталған қазақ елшісі Орыс сұлтанның Цяньлун жылнамасының 24-жылы 1-айында (1759 жылғы ақпан айында) Пекинде болғандығын көрсетеді (қараңыз: «Жинақ» (1), 210-214-бб., № 82, 83, 84 құжаттар).

<sup>583</sup> Жоғарыдағы түсіндірмеге қараңыз.

<sup>584</sup> Мәтінде бұл есім «Abulbambat» деп хатталған.

<sup>585</sup> Мәтінде бұл есім «Oros soltong» деп хатталған.

<sup>586</sup> Жоғарыдағы №17 құжатқа берілген 580-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>587</sup> Келесі № 22 құжатқа берілген 696-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>588</sup> ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде осы торқа атауын «секіз бағли тауар», яғни «сегіз талшықты торқа» деп аударған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3163-бет).

- 1 топ бес талшықты торқа<sup>589</sup>;
- 2 топ шайы;
- 2 дана шыны ыдыс;
- 2 дана фарфор ыдыс;
- 8 топ түрлі-түсті торғын;
- 4 құты шай.

Елші Орыс сұлтанға берілген сыйлық:

Маржаннан жасалған діңсе тас<sup>590</sup> және хуалин тағылған баскиім — 1 дана;

- Кестелі қамқа тон — 1 дана;
- Шенеуніктер киетін кестелі шапан — 1 дана;
- Таспиқ — 1 дана;
- 1 топ «молун» торқа;
- 1 топ самсайы торқа;
- 2 топ сегіз талшықты торқа;
- 2 топ бес талшықты торқа;
- 4 топ шайы;
- 2 дана шыны ыдыс;
- 2 дана фарфор ыдыс;
- 3 құты шай;
- 8 топ түрлі-түсті торғын.

Досай батыр<sup>591</sup> мен Ақтамберді батырға<sup>592</sup> берілген сыйлық  
Әрқайсысына:

Маржаннан жасалған діңсе тас және хуалин тағылған баскиім — 1 дана;

- Кестелі қамқа тон — 1 дана;
- Шенеуніктер киетін кестелі шапан — 1 дана;
- Таспиқ — 1 дана;
- 2 топ сегіз талшықты торқа;
- 2 топ бес талшықты торқа;
- 4 топ шайы;
- 2 дана фарфор ыдыс;
- 2 құты шай;
- 6 топ түрлі түсті торғын.

<sup>589</sup> Жоғарыдағы №17 құжатқа берілген 578-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>590</sup> «Динцзы» — жоғарыдағы №17 құжатқа берілген 555-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>591</sup> Мәтінде бұл есім «Dosoı batur» деп хатталған.

<sup>592</sup> Мәтінде бұл есім «Aktambardi batur» деп хатталған.

Шерікші,<sup>593</sup> Байсақал,<sup>594</sup> Бекенай<sup>595</sup> және Семетейге<sup>596</sup> берілген сый-лық

Әрқайсысына:

Маржаннан жасалған діңсе тас және хуалин тағылған баскиім — 1 дана;

Кестелі қамқа тон — 1 дана;

Шенеуніктер киетін кестелі шапан — 1 дана;

Таспиқ — 1 дана;

1 топ сегіз талшықты торқа;

2 топ бес талшықты торқа;

3 топ шайы;

2 дана фарфор ыдыс;

1 құты шай;

6 топ түрлі-түсті торғын.

Іди (?)<sup>597</sup> қатарлы 18 адамға берілген сыйлық

Әрқайсысына:

Маржаннан жасалған діңсе тас және хуалин тағылған баскиім — 1 дана;

Кестелі қамқа тон — 1 дана;

Шенеуніктер киетін кестелі шапан — 1 дана;

Таспиық — 1 дана;

1 топ сегіз талшықты торқа;

1 топ бес талшықты торқа;

2 топ шайы;

2 дана фарфор ыдыс;

1 құты шай;

4 топ түрлі-түсті торғын.

---

<sup>593</sup> Мәтінде бұл есім «Серіксі» деп хатталған.

<sup>594</sup> Мәтінде бұл есім «Baisakal» деп хатталған.

<sup>595</sup> Мәтінде бұл есім «Bekenei» деп хатталған.

<sup>596</sup> Мәтінде бұл есім «Semtei» деп хатталған.

<sup>597</sup> Мәтінде бұл есім «Idii» деп хатталған.

## №19 құжат

**Ганьсу провинциясының әкімі Ву Дашаньнің қазақ елшілерінің Сучжоу жерінен Пекинге аттанғаны туралы жазған мәлімдемесі (қытай тілінде)<sup>598</sup>**

**(Цяньлун жылнамасының 25-жылы 5-айдың 2-күні)<sup>599</sup>**

Мен, Шэньси-Ганьсу жерлерінің генерал-губернаторы міндетін атқарушы, Ганьсу провинциясының әкімі Ву Дашань,<sup>600</sup> тіземді бүге отырып ұлағатты патшама төмендегі іс туралы мәлімдемемді жіберіп отырмын.

Мен, патшаның уәзірі, осы жылғы 4-айдың 6-күні Үрімжінің орынбасар дутуны<sup>601</sup>, патша әулетінің мүшесі Юнжуи<sup>602</sup> қатарлылардың қазақ Абылайдың және т. б. патшаға сый-сыяпат жасап, патшамен дидаласу мақсатында жіберген елшілеріне өз адамдарын қосып аттандырғандары жөнінде жазған хатын алдым. Онда былай делінген: «Қазақтардан елшілікке 10 адам келді. Олардың ішіндегі 3 атқосшысын осы елшілікке келгендердің ат-көліктерін баққызу үшін Үрімжіге қалдырдық. Келген қазақ жайсаңы Құттыбай<sup>603</sup>, Аталай<sup>604</sup> және Бөкенай<sup>605</sup>, Үсен<sup>606</sup>, Ырысқұл<sup>607</sup>, Бұрыт<sup>608</sup> қатарлы қорғаушылары мен 2 атқосшысы, жалпы 7 адамға қажетті ат көлікпен азық-түліктерін жеткілікті етіп беріп, оларға жол бойы қамқорлық жасау үшін қорғаушы Самұтаңды қосып беріп, 3-айдың 24-күні Үрімжіден аттандырдық.<sup>609</sup> Осыны сіздерге хабарлап отырмыз. Бұдан тыс, олардың

<sup>598</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 325-326-бб.

<sup>599</sup> Яғни 1760 жылғы 14 маусым.

<sup>600</sup> Қытайша «Ву Дашань (吴达善)» деп хатталған.

<sup>601</sup> Дутун (都统) — Цин патшалық «сегіз байрақты армиясындағы» әрбір «байрақтың» бас қолбасшысы осылай аталған. Сонымен қоса Үрімжі және Чахар сынды жерлердегі қорғаныс армияларының бірінші қолбасшылары да дутун деп аталған.

<sup>602</sup> Қытайша 永瑞 деп хатталған.

<sup>603</sup> Қытайша «Хутубай (呼图拜)» деп хатталған.

<sup>604</sup> Қытайша «Аталай (阿塔赖)» деп хатталған.

<sup>605</sup> Қытайша «Бокэни (伯克尼)» деп хатталған.

<sup>606</sup> Қытайша «Юйсэн (玉僧)» деп хатталған.

<sup>607</sup> Қытайша «Әдэсыхуэр (额勒斯呼尔)» деп хатталған.

<sup>608</sup> Қытайша «Булутэ (布鲁特)» деп хатталған.

<sup>609</sup> Осы сөйлемде қазақтардың Үрімжіден әрі Пекинге аттанған елшілері мен олардың атқосшыларының жалпы санын 7 деп айтады. Алайда ондағы елшінің саны (6 адам — бұны «Ши лу» деректемесіндегі мәлімдеме растайды) мен атқосшының санын (2 адам) қосқанда жалпы сан 8 болып шығады. Цин патшасы Цяньлунның өз жылнамасының (өз билігінің) 25-жылы 5-айдың «цзи сы» күні (1760 жылы 8-шілдедегі) орда естелігінде («Ши лу»-да) осы жолғы қазақ дипломатиялық миссиясына қатысты мынадай бір мәлімет сақталған: «Цяньлун жыланамасының 25-жылы 5-айдың «цзи сы» күні, патша «чжэн да гуан мин» залына келді. Қазақ Әбілмәмбеттің (қытайша «Абулэбамубитэ (阿布勒巴木比特)» деп хатталған) елшісі Құттыбай (мұнда қытайша «Хутубай (瑚图拜)» деп хатталған), Аталай (қытайша «Аталай

патшаға сыйлық ретінде әкеле жатқан 8 жылқысын біз басқа адамдар арқылы Пекинге айдап апарғызуды ұйғардық». Мен, патшаның құлы, елшілер жүріп өтетін жол бойындағы жерлерге тапсырмамды жіберіп, онда тұрақты қағида бойынша елшілердің қажеттерін қамтамасыз ететін дайындықтарды жасатқызып, елшілерді бір жерден екінші жерге дейін жеткізіп тұратын қорғаушыларды даярлап қойдым. Сондай-ақ мен өзіме тікелей қарасты Шэнь<sup>610</sup> және Цзинь<sup>611</sup> жерлерінің әкімдеріне де менімен бірге алдын ала дайындық көру керек екендігі жөнінде хат жолдадым. 4-айдың 22-күні Самутан<sup>612</sup> есімді қорғаушы қазақ елшісі Құттыбай, Аталай қатарлыларды бастап Сучжоуға келді. Олар келген күннен бастап мен жергілікті шенеуніктер мен әскер қолбасшыларына оларды жақсы күтіп, патшалық арнайы қонақуіне орналастырып, олардың ішпек-жемектерін мол беріп тұру жөнінде бұйрық бердім. 23-күні мен елшілерге өз жауынгерлерімді қосып, қорғаушы Самутанмен бірге атандырдым. Сондай-ақ әрі қарай жүріп өтетін жолдағы шенеуніктерге бара жатқан елшілерді қарсы алып, оларды қорғау туралы тапсырма беріп, хат жолдадым. Патшаға сыйлық ретінде берілетін жылқылар айдап әкелінгенде, біз оларды әрі қарай жеткіземіз. Осы қалған міндеттен тыс, қазақ елшілерінің Сучжоуды басып өтіп, Сиань<sup>613</sup> бағытымен Пекинге бару ісіне арнап осы мәлімдемемді патшама бас ұрып жазып отырмын. Патша ағзам бұл істен хабар алғай.

Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Хабар алдым».

Цяньлун жылнамасының 25-жылы 5-айдың 2-күні

---

(阿塔賚)» деп хатталған), Абылайдың (қытайша «Абулай (阿布賚)» деп хатталған) елшісі Ырысқұл (қытайша «Элюйсыхулэ (额呀斯瑚勒)» деп хатталған), Әбілпейіздің (қытайша «Абулэбисы (阿布勒比斯)» деп хатталған) елшісі Бөкенай (қытайша «Бокэнай (伯克奈)» деп хатталған), Бұрыт (қытайша «Бурутэ (布鲁特)» деп хатталған), Ханбабаның (қытайша «Хамубаба (哈木巴巴)» деп хатталған) елшісі Үсен (қытайша «Юйсэнь (玉森)» деп хатталған) қатарлылар сонда патшамен дидарласып, қабылдау рәсімін өткізді («Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 613-цзюань, 12-б.). «Шилу» деректемесіндегі осы мағлұматқа қарағанда, Цин патшалық ордасына барған қазақ елшілерінің саны расында 6 адам болған. Оның екеуін Әбілмәмбет, біреуін Абылай, екеуін Әбілпейіз, біреуін Ханбаба жіберген. Ал біздің аударып отырған мұрағат құжатымызда неліктен елшілікке барған адамдардың жалпы санын қате есептегендігі және неліктен барған елшілерді «қорғаушы» деп атағандығы бізге белгісіз.

<sup>610</sup> Шэнь (陝) — қазіргі ҚХР, Шэньси (陝西) провинциясы.

<sup>611</sup> Цзинь (晋) — қазіргі ҚХР, Шаньси (山西) провинциясы.

<sup>612</sup> Қытайша 萨木坦 деп хатталған.

<sup>613</sup> Сиань (西安) — қазіргі ҚХР, Шэньси (陝西) провинциясының орталығы.

**Сучжоу жеріндегі тоқыма істерінің басқарушысы Аньнин қатарлылардың жолдаған тізбе дәптері; онда қазақтармен арадағы саудаға арнап Янцзыцзян өзенінің оңтүстігіндегі 3 жерде тоқылып жатқан торқа, торғын және шайылардың түрі мен бағалары көрсетілген (қытай тілінде)<sup>614</sup>**

**(Цяньлун жылнамасының 25-жылы 6-айы)<sup>615</sup>**

(Тізбе дәптердің мұқабасы)

Сучжоудағы тоқыма істерінің басқарушысы, Хушу кеденінің салық ісінің басқарушысы, патша әулет істерінің басқарма бастығы **Аньнин**  
Цянниндегі тоқыма істерінің басқарушысы, Лунцзянси жаңа кеденінің салық ісінің басқарушысы **Тоюн**

Ханчжоудағы тоқыма істерінің басқарушысы, Нань-бэй жаңа кеденінің салық ісінің басқарушысы, қазына уәзірлігінің бақылаушысы **Синин**  
бірлесе отырып патшаға жазған мәлімдеме

**«Қазақтармен арадағы саудаға арнап аталмыш  
үш жерде тоқылып жатқан торқа,  
торғын және шайылардың тізбе дәптері»**

(Тізбе дәптердің мазмұны)

Біз —

Сучжоудағы тоқыма істерінің басқарушысы, Хушу кеденінің салық ісінің басқарушысы, патша әулет істерінің басқарма бастығы **Аньнин**  
Цянниндағы тоқыма істерінің басқарушысы, Лунцзянси жаңа кеденінің салық ісінің басқарушысы **Тоюн**

Ханчжоудағы тоқыма істерінің басқарушысы, Нань-бэй жаңа кеденінің салық ісінің басқарушысы, қазына уәзірлігінің бақылаушысы **Синин**  
бірлесе отырып биыл [біз басқаратын] үш жерге міндеттелген тоқыма істері туралы патшаға осы мәлімдемені жазып отырмыз.

Биыл үш жерге қазақтармен арадағы саудаға қажетті 8 500 топ әртүрлі торқа тоқу міндеті жүктелген. Онымен қоса, былтыр сол саудаға қосымша тауар болып табылатын 4 000 топ ұсақ гүлді масаты<sup>616</sup>, торғын және шайы тоқу міндеті жүктелген. Осыған байланысты, біз бірлесе отырып талқылап, өз үлесімізді және тоқылмақ кездемелердің түстері, әрбір түрі қанша топ болуға тиістілігі және әр топтың өлшемі мен құны сынды мәселелерді айқындап ал-

<sup>614</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 347–354-бб.

<sup>615</sup> Яғни 1760 жылғы шілде айы.

<sup>616</sup> Қытайша «сяо хуа сянь дуань (小花线缎)» деп хатталған. Бұл туралы біздің жоғарыдағы 17-құжатқа берген 569-түсіндірмеге қараңыз.

дық та, олардың анықтама тізбесін жасадық. Іс жүргізілген кезінде бұл тізбе қажетті мұрағат құжаты болсын деп біз оны патшаға жіберіп отырмыз.

Біздің тізбеміз бойынша мынадай кездемелер тоқылмақ:

аспан көк түсті торқадан — 500 топ, әр топта оралған торқаның ұзындығы 4 чжан<sup>617</sup>, әр топтың құны 6 сәрі<sup>618</sup> 6 мысқал<sup>619</sup> күміс ақша болмақ.

Сучжоу жерінен шыққан бір түсті торқа<sup>620</sup> — 2 000 топ, оның ішінде:

ашық көк түсті — 350 топ;	қара қоңыр түсті — 350 топ;
тас көк түсті — 300 топ;	қоңырқай түсті — 300 топ;
шымқай жасыл түсті — 200 топ;	қанық қызыл түсті — 100 топ;
жасыл түсті — 100 топ;	қызғылт түсті — 100 топ;
көгілдір түсті — 100 топ;	көк жасыл <sup>621</sup> түсті — 100 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 4 чжан, әр топтың құны 6 сәрі 6 мысқал күміс ақша болмақ.

Сучжоу жерінен шыққан гүлді торқа<sup>622</sup> — 2 000 топ, оның ішінде:

ашық көк түсті — 300 топ;	қара қоңыр түсті — 300 топ;
қоңырқай түсті — 300 топ;	көк түсті — 300 топ;
тас көк түсті — 200 топ;	сұр түсті — 200 топ;
қанық қызыл түсті — 100 топ;	жасыл түсті — 100 топ;
көгілдір түсті — 100 топ;	күлгін түсті — 100 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 4 чжан, әр топтың құны 6 сәрі 8 мысқал күміс ақша болмақ.

Жуан иірілген жіптен тоқылған торқа<sup>623</sup> — 2 000 топ, оның ішінде:

ашық көк түсті — 300 топ;	қара қоңыр түсті — 300 топ;
қоңырқай түсті — 300 топ;	көк түсті — 300 топ;
тас көк түсті — 200 топ;	сұр түсті — 200 топ;
қанық қызыл түсті — 100 топ;	жасыл түсті — 100 топ;
көгілдір түсті — 100 топ;	күлгін түсті — 100 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 4 чжан, әр топтың құны 6 сәрі 6 мысқал 5 фэнь<sup>624</sup> күміс ақша болмақ.

<sup>617</sup> Чжан (丈) — қытайдың дәстүрлі ұзындық өлшемі, 1 чжан = 3.33 метр.

<sup>618</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 557-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>619</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 558-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>620</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 576-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>621</sup> Қытайшасы «сунхуа (松花)» деп алынған. Біздің пайымдауымызша, мұнда, асылы «сунлюй (松绿)» деп жазылуға тиісті. Қазіргі заман қытай тілінде көп қолданыла бермейтін осы «сунлюй (松绿)» сөзін ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «көк ясыл» деп алған (ВТЦВЦ, 3209-б.).

<sup>622</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 577-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>623</sup> Қытайшасы «пэндуань (彭缎)» деп хатталатын осы бір торқаны ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «ирик товар» (яғни «жуан иірілген жіптен тоқылған торқа») деп алған (ВТЦВЦ, 3163-б.).

<sup>624</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 564-түсіндірмеге қараңыз.

Самсайы<sup>625</sup> – 2 000 топ, оның ішінде:

ашық қызыл жылтырлы жасыл самсайы – 1 000 топ;

жасыл жылтырлы ашық қызыл самсайы – 1 000 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 4 чжан, әр топтың құны 5 сәрі 7 мысқал 5 фэнь күміс ақша болмақ.

Ұсақ гүлді масаты<sup>626</sup> – 1 000 топ, оның ішінде:

ашық көк түсті – 300 топ;

қара қоңыр түсті – 300 топ;

қоңырқай түсті – 100 топ;

сұр түсті – 100 топ;

қанық қызыл түсті – 50 топ;

жасыл түсті – 50 топ;

көгілдір түсті – 50 топ;

күлгін түсті – 50 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 2 чжан 3 чи<sup>627</sup>, әр топтың құны<sup>628</sup>...

Ұсақ көк гүлді шайы<sup>629</sup> – 1 000 топ, оның ішінде:

көгілдір түсті – 300 топ;

бозғылт түсті – 300 топ;

ақ түсті – 200 топ;

сарғыш түсті – 100 топ;

көк жасыл түсті – 100 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 2 чжан 6 чи, әр топтың құны 1 сәрі 4 мысқал күміс ақша болмақ.

Астарлық торғын<sup>630</sup> – 1 000 топ, оның ішінде:

көгілдір түсті – 300 топ;

бозғылт түсті – 300 топ;

ақ түсті – 200 топ;

сарғыш түсті – 100 топ;

көк жасыл түсті – 100 топ;

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 2 чжан 8 чи, әр топтың құны 1 сәрі 2 мысқал 6 фэнь күміс ақша болмақ.

«Пуюань» торғыны<sup>631</sup> – 1 000 топ, оның ішінде:

ашық көк түсті – 150 топ;

қоңырқай түсті – 150 топ;

қанық сары түсті – 150 топ;

көк түсті – 150 топ;

қанық қызыл түсті – 80 топ;

көк жасыл түсті 0Ц 80 топ;

көгілдір түсті – 80 топ;

сарғыш түсті – 80 топ;

күлгін түсті – 80 топ.

Жоғарыдағы аталған әр топта оралған торқаның ұзындығы 2 чжан 8 чи, әр топтың құны 1 сәрі 5 мысқал 4 фэнь күміс ақша болмақ.

<sup>625</sup> Қытайша «шань дуань (閃緞)» деп хатталған. Біз бұны ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесі бойынша «самсайы» деп алдық (қараңыз: ВТЦВЦ, 3155-бет). Осы құжаттағы мәліметтерге қарағанда, бұл торқаның негізі бір түсті болып, оның беті басқа түсті жылтырауықпен безендіріледі.

<sup>626</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 569-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>627</sup> Чи (尺) – қытайдың дәстүрлі ұзындық өлшемі, 1 чи = 0.33метр.

<sup>628</sup> Мәтіннің бұл жерін мөр жауып тастап, оқымайтын болып қалған.

<sup>629</sup> Қытайша «цзинхуа цюань (荆花绢)» деп алынған. «Цюань (绢)» – «шайы», «цзинхуа (荆花)» – «мәлім бір түрлі бұтаның ұсақ көк гүлі».

<sup>630</sup> Қытайша «ли чоу (里绸)» деп алынған.

<sup>631</sup> Қытайша «пуюань чоу (濮院绸)» деп аталатын бұл торғын түрі бізге беймәлім.

Цяньлун жылнамасының 25-жылы 6-айдың ... -күні<sup>632</sup>

## №21 құжат

**Іле амбаны Айлуңғаның Іле жерінде қазақтармен жүргізілген саудада алынған жылқының саны туралы мәлімдемесі (маньчжур тілінде) (қытай тіліндегі қосымша 1 дана: тауар мен бағалардың тізбесі)<sup>633</sup>  
(Цяньлун жылнамасының 30-жылы 8-айдың 7-күні)<sup>634</sup>**

Біз, патшаның құлдары, Айлуңға мен Ильту, төмендегі мәлімдемені жолдап отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Биылғы 7-айдың 9-күні мен 23-күні аралығында<sup>635</sup>, шапырашты<sup>636</sup> тайпасының қазағы Құдық (?)<sup>637</sup>, хибчина (?)<sup>638</sup> тайпасының қазағы Байытбай (?)<sup>639</sup>, алжа<sup>640</sup> тайпасының қазағы Айтақын<sup>641</sup>, сегізсары<sup>642</sup> тайпасының қазағы Бекей<sup>643</sup> [бастаған] 4 топ, жалпы саны 400-ден астам қазақ бірінің артынан бірі келіп, өздерінің мінген аттарымен қосқандағы 500-ден астам жылқыны және 4 000 тұяқтан астам қойды саудаға әкелді. Патшаның құлдары, біз, таңдаулы әскерлер батальонының алғы сапының офицері Елдембу<sup>644</sup> мен жасыл байрақты батальонның офицері Алинда<sup>645</sup> қатарлыларды жіберіп, өткендегі саудадағы тәжірибені пайдаланып, жалпы саны 287 жылқыны айырбастап алдық. Оның ішінде бірінші дәрежедегі 80, екінші дәрежедегі 100 жылқы бар; іске жарайтын әдеттегі ат пен айғырдың саны 69, биенің саны 38. Біз 38 биеге 7 айғыр қосып, өсіретін жылқы үйіріне жібердік те, қалған 242 ат пен айғырды іске қосқанша патшалық жылқы фермасында тұратын етіп сонда жібердік. Жылқы сатып

<sup>632</sup> Мұнда мәлімдеме жазылған күннің орны бос қалдырылған.

<sup>633</sup> «Каталог» (7), 700-б. «Каталог» (7) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 2155-008; микрофильм бойынша — 075-0111.

<sup>634</sup> Яғни 1765 жылғы 21 қыркүйек.

<sup>635</sup> Яғни 1765 жылғы 24 тамыздан 7 қыркүйекке дейінгі аралық

<sup>636</sup> Мәтінде «Cabaristan» деп хатталған.

<sup>637</sup> Мәтінде «Hütuk» деп хатталған.

<sup>638</sup> Мәтінде «hibcina» деп хатталған.

<sup>639</sup> Мәтінде «Baitobai» деп хатталған.

<sup>640</sup> Мәтінде «Alja» деп хатталған.

<sup>641</sup> Мәтінде «Aitahün» деп хатталған.

<sup>642</sup> Мәтінде «sek sara» деп хатталған.

<sup>643</sup> Мәтінде «Bekei» деп хатталған.

<sup>644</sup> Мәтінде «Eldembu» деп хатталған.

<sup>645</sup> Мәтінде «Alinda» деп хатталған.

алғандағы кеткен күміс ақшаның сомасы мен істетілген торғын-торқа, мата-жібектердің нақты сандары осы мәлімдемеден тыс арнайы тізбектеліп, ұлағатты ағзам патшамыздың назарына ұсынылды. Қазақтар әкелген қойдың ішінен ұрғашыларын таңдап алып, олардың әрбіреуінің бағасын 6 мысқал 8 фэнь күміс ақшаға келісіп, мата-жібекпен 2200 тұяқ ұрғашы қой айырбастап алдық, сондай-ақ осы санға қарап 92 қошқар таңдалып алынды да, олардың барлығы қой өсіретін фирмаға апарылды. Қалған еркек қойлардың барлығы әр батальон, әр бөлімшелердегі жауынгерлер мен жасақтарға тең бөлініп беріліп, оларға «осы қойларды сатып аласыңдар» деген бұйрық түсірілді.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 30-жылғы 8-айының 29-күні<sup>646</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Хабар алдым. Осылай атқарылсын».

8-айдың 7-күні.

#### *Құжаттың қосымшасы:*

Цяньлун жылнамасының 30-жылы 7-айдың 9-күнінен 23-күніне дейінгі аралықта<sup>647</sup> қазақтардан мұнша мал айырбастап алдық:

бірінші дәрежелі ат — 80. Олардың әрбіреуінің құны күміс ақшаға шаққанда 4 сәрі 8 мысқал болды;

екінші дәрежелі ат — 100. Олардың әрбіреуінің құны күміс ақшаға шаққанда 3 сәрі 6 мысқал болды;

үшінші дәрежелі ат — 69, бие — 39. Олардың әрбіреуінің құны күміс ақшаға шаққанда 2 сәрі 5 мысқал 1 фэнь болды;

ұрғашы қой — 2 208 тұяқ. Олардың әрбіреуінің құны күміс ақшаға шаққанда 6 мысқал 8 фэнь болды;

Жоғарыдағы айырбастап алған жылқының жалпы саны — 287, ұрғашы қойдың саны — 2208 тұяқ.

[Аталмыш малдарды алғанда] Сучжоу<sup>648</sup> жерінен жеткізілген мынадай торғын-торқа жұмсалды:

«Шоу»<sup>649</sup> деген алтын иероглифі бар шымқай көк түсті торқа<sup>650</sup> — 3

<sup>646</sup> Яғни 1765 жылғы 13 қазан.

<sup>647</sup> Жоғарыдағы 635-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>648</sup> Сучжоу (肅州) — қазіргі Ганьсу провинциясының Цзюцюань қаласы.

<sup>649</sup> «Шоу (寿)» — «өмір, жас» деген мағынаны білдіретін қытай иероглифі.

<sup>650</sup> Қытайша «ши цин цзинь шоу цзи дуань (石青金寿字緞)» деп хатталған.

топ<sup>651</sup>, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 36 сәрі 3 мысқал 6 фэнь күміс ақша жұмсалды;

«Пяньцзинь» торқа<sup>652</sup> — 2 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 9 сәрі 2 мысқал 1 фэнь күміс ақша жұмсалды;

**Құмыл<sup>653</sup> жерінен жеткізілген мынадай торғын-торқа жұмсалды:**

4 чилік<sup>654</sup> мақпал<sup>655</sup> — 42 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 347 сәрі 1 мысқал 3 фэнь күміс ақша жұмсалды;

8 чилік<sup>656</sup> самсайы<sup>657</sup> — 52 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 333 сәрі 9 мысқал 5 фэнь күміс ақша жұмсалды;

4 чилік Янчжоу торқалары<sup>658</sup> — 42 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 129 сәрі күміс ақша жұмсалды;

жуан жіптен тоқылған 4 чилік торқа<sup>659</sup> — 25 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда осы торқаларға жалпы 89 сәрі 3 мысқал 5 фэнь күміс ақша жұмсалды;

ақшыл түсті дарайы<sup>660</sup> — 15 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 25 сәрі 4 мысқал 6 фэнь күміс ақша жұмсалды.

**Яркен<sup>661</sup> жерінен жеткізілген мынадай торғын-торқа жұмсалды:**

хуэйцзилердің<sup>662</sup> ақ түсті бөзі<sup>663</sup> — 153 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 54 сәрі 2 мысқал 1 фэнь күміс ақша жұмсалды;

хуэйцзилердің қызыл түсті бөзі — 428 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 197 сәрі 4 мысқал 5 фэнь күміс ақша жұмсалды;

<sup>651</sup> Немесе «тең», «тай».

<sup>652</sup> Қытайша «пянь цзи (片金)» деген осы торқа түрінің қазақша атауы табылмады. Көне Қытайда бетіне таза алтын талшықпен гүл салынған торқаны осылай атаған.

<sup>653</sup> Қазіргі ҚХР, ШҰАР, Құмыл қаласы (қытайша Хами деп те аталады).

<sup>654</sup> Чи (尺) — қытайдың дәстүрлі ұзындық өлшем, 1 чи = 0.333 м. Бұл жерде торқаның енін меңзеп отырса керек.

<sup>655</sup> Қытайша «во дуань (倭缎)» деп хатталған. Бұл торқа атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «бахмал» деп аударған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3156-бет) — біз осыған қарап аталмыш торқа атауының қазақша баламасын «мақпал» деп алдық.

<sup>656</sup> Жоғарыдағы 654-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>657</sup> Қытайша «шань дуань (闪缎)» деп хатталған. Біз бұны ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесі бойынша «самсайы» деп алдық (қараңыз: ВТЦВЦ, 3155-бет).

<sup>658</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 567-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>659</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 563-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>660</sup> Қытайша «фан си (纺丝)» деп хатталған. Бұл мата атауын ВТЦВЦ кітабындағы шағатайша түсіндірмесінде «дарайы» деп аударған (қараңыз: ВТЦВЦ, 3163-бет). «Дарайы» сөзі қазіргі ұйғыр тілінде қолданылады, мағынасы: «тазартылмаған жібек пен тазартылған жібекті қосу арқылы тоқылған жолағы бар ақ торғын».

<sup>661</sup> Қазіргі ҚХР ШҰАР Иәкән қаласы.

<sup>662</sup> Цин патшалық әдебиетінде сол кездегі Қашқарияда тұратын мұсылмандарды «хуэйцзи» деп, олардың тұратын жерін «Хуэйбу» деп атаған.

<sup>663</sup> Жоғарыдағы № 17 құжатқа берілген 573-түсіндірмеге қараңыз.

хуэйцзилердің сұр түсті бөзі — 50 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 20 сәрі 8 фэнь күміс ақша жұмсалды;

хуэйцзилердің көк түсті бөзі — 218 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 100 сәрі 5 мысқал 7 фэнь күміс ақша жұмсалды;

хуэйцзилердің жасыл түсті бөзі — 150 топ, өз құны мен тасымалдау құнын қосқанда бұларға жалпы 75 сәрі 5 мысқал 2 фэнь күміс ақша жұмсалды.

Жұмсалған күміс ақша — 1094 сәрі.

Сонымен, жалпылай айтқанда, аталмыш саудада 174 топ торғын — торқа, 990 топ хуэйцзилердің түрлі-түсті бөздері және 1094 сәрі күміс ақша жұмсалды.

Барлығын қосқанда, жұмсалған ақшаның сомасы 2514 сәрі 2 мысқал 9 фэнь болды.

**№22 құжат**

**Қазақ елшісі Дәулеткерейдің өтініш хатнамасы. Онда**

**Абылайдың Қоқан Ерданаға жорық жасау үшін бізден көмек ретінде зеңбірек пен әскер жіберсеңдер деген өтінішін жеткізген (маньчжур тілінде)<sup>664</sup>  
[Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айы]<sup>665</sup>**

Патша, сіздің есен-саулығыңызды тілей отырып, алдыңғы жылдан бергі болған соғыстың себебін сізге хабарлап отырмыз.

Бұрын,<sup>666</sup> біздің қазақта үш жүзге<sup>667</sup> бөлінеді: біріншісі «Ұлы жүз»<sup>668</sup> деп, екіншісі «Орта жүз»<sup>669</sup> деп, ал үшіншісі «Кіші жүз»<sup>670</sup> деп аталады. Мына екі ел — бұрыттар<sup>671</sup> мен Ердана<sup>672</sup> [бастаған қоқандықтар]<sup>673</sup> бірлесе отырып біздің Ұлы жүзді тонап кетті. Алдыңғы жылы біз де бұрыттарды барымталадық. Кейін екі жақ бітімге келсек деген ниетпен бір-біріне елші жібере бастады. Бұхара,<sup>674</sup> Самарқанд<sup>675</sup> және сол төңіректегі басқа жерлердегі мұсылманша сөйлейтін елдердің барлығы [бізбен] тату-тәтті болып келеді, тек Ердана ғана бізге толассыз шапқын-

<sup>664</sup> «Каталог» (7) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 2240—035; микрофильм бойынша — 080-2432 (қараңыз: «Каталог» (7), 817-б.).

<sup>665</sup> Жоғарыда аталған кітаптың құрастырушылары осы құжаттың хатталған уақытын «[Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айы]» (яғни [1767 жылғы 23 қыркүйек — 23 қазан аралығы]) деп болжайды (мұндағы тік жақша — көрсетілген уақыттың деректемеде берілген нақты мағлұмат емес, кейінгі кітап құрастырушылардың пайымдағаны немесе болжағаны бойынша қойылғандығын білдіреді). Ал құжаттың өзіне үңілсек, онда (құжаттың соңында) «Бұл хатнаманы... қатарлылар 4-айдың 14-күні Шу жерінен жіберді» деген сөздер кездеседі — бұл құжат түпнұсқасының Қазақ жерінде жазылған уақыты екендігі айқын. Тек мұндағы көрсетілген айдың қандай жылынамен айтылып тұрғандығы беймәлім. Егер мұндағы көрсетілген айды құжаттың маньчжур тіліндегі нұсқасының аударушылары Цяньлун жылнамасының айын алып отыр деп есептесек, онда бұл құжат сол жылғы 12 мамырда жазылған болып шығады.

<sup>666</sup> Мұндағы «бұрын» сөзі артық жазылған тәрізді — бұл хатнаманың маньчжур тіліне аударылған кезінде қосылған сөз болар.

<sup>667</sup> Мәтінде «тайпа» деген мағынаны беретін «отоқ» сөзі пайдаланылған.

<sup>668</sup> Мәтінде «Ulu yus» деп хатталған.

<sup>669</sup> Мәтінде «Orto yus» деп хатталған.

<sup>670</sup> Мәтінде «Kiši yus» деп хатталған.

<sup>671</sup> Цин дәуіріндегі қытай деректемелерінде «бұрыттар» деп қырғыздарды айтады. Мәтінде бұл этноним «burut» деп хатталған.

<sup>672</sup> Мәтінде «Erdeni» деп хатталған.

<sup>673</sup> Мәтінде бұл сөз тіркесі «burut пен Erdeni сынды екі тайпа» деп хатталған. Бұл жердегі айтылған екінші ел — Ердана басқарған Қоқан хандығы екені айқын.

<sup>674</sup> Мәтінде «Buhara» деп хатталған.

<sup>675</sup> Мәтінде «Samarhan» деп хатталған.

шылық жасап жатыр. Біз<sup>676</sup> барлығымыз Жәнібек ханның<sup>677</sup> үш ұлының ұрпағымыз. Сол үш ұлдың екеуінің ұрпағы өз кезінде Ташкент<sup>678</sup> пен Бишпек<sup>679</sup> жерлерінде тұрған. Былтыр Ердана Бишпекте тұратын, жолы менің інім болып келетін Ескендір<sup>680</sup> есімді ханды және оның 2 інісін, 4 ұлын өлтіріп, сол інілерімнің бала-шағаларын тонап әкетті. Олар Ескендірдің жүкті әйелінің құрсағын жарып, іштегі баланы да өлтірді. Сондай-ақ олар жайылым жерлерді де басып алды. Олардың істемегені қалмады. Бұдан тыс, осыдан бұрын сіздердің қолдарыңыздан жойылған Қожа-жаханға<sup>681</sup> ілескен бірнеше ойрат сіздерден қашып құтылған соң Ерданаға барып паналаған. Кейінірек ол тағы да қашып барған біраз бұрыттарды өз қанатының астына қалдырған. Осымен байланысты, біз әскерімізбен оларға жорық жасап барып едік, олар бізге қарсы ұмтылды. Сонда біз алдымен олардың Базаршы батыр<sup>682</sup> есімді мықтыларының басын алып, олардың көптеген адамдарын өлтірдік. Олар бізден жеңілгеннен соң Бишпек қаласына шегініп барды да шықпай қойды. Біз олармен соғысайық десек, олар қаладан шықпайды, ал шегініп кетейік десек, олар маңайдағы біздің қоныс жерлерімізге тыныштық бермей отыр. Сондықтан біз ұлы хан, шахи-шах<sup>683</sup> бізге 20 000 ләшкер және зеңбірек жіберсе деп өтінеміз. Абылай хан мен біз, тәйжілер<sup>684</sup> және қолбасшылар, бірге қол қойып отырмыз.

Сыйлық ретінде соғыста қолға түскен 1 терме<sup>685</sup> шапан, 1 қылыш және бірнеше ат жіберілді.

---

<sup>676</sup> Бұл жерде қазақтың хан-сұлтандарын меңзеп тұр.

<sup>677</sup> Мәтінде «Janabek han» деп хатталған.

<sup>678</sup> Мәтінде «Tasigan» деп хатталған.

<sup>679</sup> Мәтінде «Bišket» деп хатталған.

<sup>680</sup> Мәтінде «Yisgandir han» деп хатталған.

<sup>681</sup> Мәтінде «Hoijjan» деп хатталған. Мұнда 1756-1759 жылдар аралығында Қашқарияда болған Цин патшалығына қарсы көтерілістің көсемі Қожа-жаханды (деректемелерде «Хан-хожа» деп те аталынады) меңзеп тұр.

<sup>682</sup> Мәтінде «Badzarci baturu» деп хатталған.

<sup>683</sup> Бұл жерде Цин патшасы Цяньлунды меңзеп тұр.

<sup>684</sup> Бұл жерде қазақтың «сұлтан» атағын маньчжур-монғолша «тәйжі» деп алса керек.

<sup>685</sup> Мәтінде «terme» деп хатталған бұл киім атауы моңғол тіліннен келген, «жалаң қабат ұзын шапан» дегенді білдіреді.

Бұл хатнаманы Дәулеткерей гун<sup>686</sup>, Қаратоғай<sup>687</sup>, қорғаушы<sup>688</sup> Дайыр<sup>689</sup>, қорғаушы Орман<sup>690</sup>, қорғаушы Қотан<sup>691</sup>, қорғаушы Тастемір<sup>692</sup>, қорғаушы Мұқылай<sup>693</sup>, қорғаушы Сәтен<sup>694</sup>, Бараң (?)<sup>695</sup>, Отынбазар<sup>696</sup>, Бадараңғуй (?)<sup>697</sup>, Қобыз<sup>698</sup>, Іди (?)<sup>699</sup> және Емген<sup>700</sup> қатарлылар 4-айдың 14-күні Шу<sup>701</sup> жерінен жіберді<sup>702</sup>.

## №23 құжат

**Қашқар амбаны Илытудың қазақ ханы Абылайдың өзімен амандасу үшін және сауда жүргізу туралы өтінішін жеткізу үшін Қашқарға елші жібергендігі туралы мәлімдемесі (маньчжур тілінде) (маньчжур тіліндегі қосымша 2 дана, шағатай тіліндегі қосымша 1 дана: екі жақтың бір-біріне жазған хаттары)<sup>703</sup>**

<sup>686</sup> Көне қытайда жоғарғы билік иелеріне берілетін лауазымның бір түрі. Тарихта Қытайдың иерархиялық жүйесінің әр дәуірде өзіндік ерекшеліктері болғанымен, жалпы қытайдың дәстүрлі ұғымында жоғарғы деңгейдегі билік иерархиясы былайша сатылап таралады: ди (帝, патша)→ван (王)→гун (公)→хоу (侯)...

Цин патшалығы кезіндегі деректемелерге сүйенсек, Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Цин патшалығы өздерімен қарым-қатынас орнатқан Қазақ хандығының Абылай, Әбілмәмбет сияқты көсемдер құрған билік жүйесін мойындаған. Бірақ сонымен қоса олар аталмыш тұлғалардың ұрпақтарына сыйлық ретінде құр лауазым-атақтар мен торғын-торқа беріп, қазақтарды өздеріне тартып, өздерінің билік жүйесіне бірте-бірте бой үйрету мақсатын көздеген.

<sup>687</sup> Мәтінде «Haratohoi» деп хатталған.

<sup>688</sup> Мәтінде «kia» деп хатталған бұл әскери лауазымды Цин патшалығы патшаның қорғаушыларына және орда қорғаушыларына береді. Бұл жерде аталмыш сөз «батыр» сөзінің баламасы ретінде қолданылып отырса керек.

<sup>689</sup> Мәтінде «Dayar» деп хатталған.

<sup>690</sup> Мәтінде «Orman» деп хатталған.

<sup>691</sup> Мәтінде «Hoton» деп хатталған.

<sup>692</sup> Мәтінде «Tastemur» деп хатталған.

<sup>693</sup> Мәтінде «Muhulai» деп хатталған.

<sup>694</sup> Мәтінде «Santan» деп хатталған.

<sup>695</sup> Мәтінде «Barang» деп хатталған.

<sup>696</sup> Мәтінде «Oton bazar» деп хатталған.

<sup>697</sup> Мәтінде «Badaranggüi» деп хатталған.

<sup>698</sup> Мәтінде «Kubus» деп хатталған.

<sup>699</sup> Мәтінде «Ide» деп хатталған.

<sup>700</sup> Мәтінде «Emegen» деп хатталған.

<sup>701</sup> Мәтінде «Šüi» деп хатталған.

<sup>702</sup> Мұндағы есімдер тізбегінде Абылай ханның есімі көрінбейді. Сондықтан бұл хатты (құжаттың тақырыбында айтылғандай) Абылай хан емес, оның Қоқанға қарсы жіберген ләшкерінің қолбасшылары жазып отырған тәрізді.

<sup>703</sup> «Каталог» (7), 839-б. «Каталог» (7) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың (құжат топтамасының) сақталу нөмірі мынадай: құжат-

**(Цяньлун жылнамасының 33-жылы 2-айдың 13-күні)<sup>704</sup>**

Біз, патшаның құлдары Илыту мен Циньхуан, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Биыл 2-айдың 4-күні Юкту<sup>705</sup> — Атұш қаруынан қабылдап алған қазақ Абылайдың жіберген елшісі Тілеш<sup>706</sup> Қашқарға жетті. Патшаның құлы, біз, оны қабылдадық. Ол былай деді: «Былыр біздің Абылайымыз елші жіберіп, Ұлы ханмен<sup>707</sup> дидарласып, оған дұғай сәлемін жеткізген. Қазір, міне, Абылай тағы арнайы мені жіберіп, амбан сіздерге сәлем айттып, хатнамасын жолдап отыр». Сөйтіп ол Абылайдың маған, патшаның құлына, берген 2 аты мен мөр басылған, мұсылман жазуымен жазылған хатын тапсырды. Мен хатты межелетіп аудартқызып едім, онда былай деп жазылған екен:

«Осы бір Ұлы ханның бейбітшілік заманында, мен, Абылай, сіздер, Қашқар қаласын билеп тұрған амбандарға және әкімбектерге<sup>708</sup> осы хатнама арқылы дұғай сәлем жолдап отырмын. Мен, Абылай, сіздердің жерлеріңізді қатты ұнатамын. Жерлеріңізде бала-шағаның өзі алтын-күміс тағып жүреді екен — бұл адамды қызықтыратын жайт қой! Біз барлығымыз Ұлы ханның қамқорлығындамыз, сондықтан мен сіздерден арнайы жіберген елшім Тілешке қамқорлық жасап, оны аман-есен кері қайтаруларыңызды өтінемін. Осымен қоса айтарым: осыдан бұрын, Тілеш пен Атақ<sup>709</sup> есімді бұрыттың кепілдігі бойынша, біздің 7 адамымыздың айдап апарған малы Розысупиге<sup>710</sup> тапсырылған. Сол кезде Тілеш кепіл болғандықтан да, осы жолы әлгі малдарды сұрап алу мақсатында мен оны сіздер жаққа жіберіп отырмын. Барлығымыз бір Ұлы ханның қамқорлығында болғандықтан, мен сіздерден жерлеріңіздегі саудагерлерді осында сауда жасауға жіберулеріңізді тілеймін. Немесе, сіздер біздің саудагерлерімізге жол ашып, олардың ішкі жерлеріңізге барып сауда жасауына рұқсат берсеңіздер».

[Сонымен қоса] Тілеш өз аузымен мынаны айтты: «Бізден шыққан 7 қазақ адамы бұрыттардың солтон<sup>711</sup> тайпасында қашқарлық хуэйц-

тың түпнұсқасы бойынша — 2261-031; микрофильм бойынша — 082-0715.

<sup>704</sup> Яғни 1768 жылғы 30 наурыз.

<sup>705</sup> Мәтінде «Yuktu» деп хатталған.

<sup>706</sup> Мәтінде «Tiliyeşi» деп хатталған.

<sup>707</sup> Яғни Цяньлун патшамен.

<sup>708</sup> Әкімбек — сол кездегі Қашқариядағы жергілікті билеушілердің лауазым атағы.

<sup>709</sup> Мәтінде «Atak» деп хатталған.

<sup>710</sup> Мәтінде «Ruzsupi» деп хатталған. Бұл адам туралы құжаттың бұдан арғы мәтінінде айтылады.

<sup>711</sup> Мәтінде «solton» деп хатталған.

зи<sup>712</sup> Розысупиге кезігіп, оған 12 жылқы, 400 тұяқ қой тапсырған, ол біздің қазақтарға 400 топ бөз мата бере тұрып, «тапсырып алған малды Қашқарға апарып сатқаннан кейін қайтып келіп қалған ақшаны толтырып беремін» деп кеткен. Бұл іске сарыбағыш тайпасынан шыққан бұрыт Атақ кепіл болған. Алайда [Розысупи] күні бүгінге дейін бізге не ақша, не зат берген жоқ. Біз сіздерден осы істі тексеріп, бізге тиісті ақшаны толықтырып бергізулеріңізді өтінеміз. Сонымен қоса, біз осы бір орайды пайдаланып өзімізбен бірге тағы да 100-ден астам жылқы, 600-ден астам қой және 10-нан астам сиыр айдап келдік. Осы малдарымызды саудаға салуымызға рұқсат берсеңіздер».

Біз, патшаның құлдары, былай деп ойлаймыз: «Бұрын Абылай ешқашан Қашқарға адам жіберіп, хат жолдамаған. Осы жолы оның арнайы елші жіберіп, патшаның құлы, бізге, хатнама арқылы өз сәлемін айтуының себебі — былай қарағанда 7 қазақтың малымен байланысты болғанымен, шын мәнінде Қашқарға келіп коммерция қарым-қатынасын орнатып, сауда жасау. Егер қазақтардың осында келіп сауда жасау ниетін үзбесек, онда біздің Іле жеріміздегі саудамызға сөзсіз кері ықпалын тигізеді. Бұл істің<sup>713</sup> көкейтесті екендігін ұлағатты патшамыз баяғыда айтқан. Сондықтан біз мұндай жағдайда батыл шешім қабылдауымыз керек». Осы себептен, біз Тілешке былай деп түсіндірдік: «Сіздер өз жылқыларың мен малдарыңды Қашқар хуэйцзи Розысупиге берген екенсіңдер, бұл мүлде өз араларыңдағы жеке сауда іс, біз ол туралы сұрастыруға міндетті емеспіз. Оның сыртында, сіздердің айтқандарың қаншалықты шын екендігіне біздің көзіміз жетіп тұрған жоқ, сіздер айтқан адам Қашқарда бар екендігі де екіталай. Дегенмен, сіздердің Абылайларыңыз арнайы бізге хат жолдап, сәлем айтқандықтан, біз дереу бектерді<sup>714</sup> жіберіп іздестіреміз. Ал сауда ісіне келсек, қазақтар мен хуэйцзи арасында сауда ісі бұрын болып көрмеген<sup>715</sup>, сіздер, қазақтар, Ұлы патшамызға бағынғанан кейін<sup>716</sup>, Абылай Ұлы патшаға хатнама көтеріп Іле, Яр қатарлы жерлерде базар ашып, сауда жүргізу туралы өтінішін білдірген, ал сіздер ондағы саудадан аз пайда көріп отырған жоқсыздар ғой! Сіздер сол жерлерге бармай, мұнда келгендеріңіз не? Бұл жерде айтарлықтай ірі саудагер жоқ, ал жергілікті мал да жеткілікті, сондықтан ешкім сіздердің малдарыңызды алмайды. Сіздер бекерден бекер алай-былай мал айдап, әуре болып жүрсіздер. Ал

<sup>712</sup> Цин патшалық дәуірінде қытайлар Орта Азия отырықшы мұсылмандарын көбінесе осылай атаған. Бұл қазақ сынды көшпелі халықтардың сол кезде қолданатын «сарт» сөзімен жақын.

<sup>713</sup> Іле жеріндегі қазақтармен арадағы атқарылған сауда ісі.

<sup>714</sup> Яғни жергілікті ұйғыр ұлтынан шыққан билеушілер — «әкімбектер».

<sup>715</sup> Цин ұлығының бұл уәжі шындыққа сәйкеспейді.

<sup>716</sup> Цин патшалық дәуіріндегі қытай-маньчжурлар көнеден келе жатқан қытай дәстүрі бойынша өздерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің барлығын бізге бағынды деп есептеген.

егер жолдағы басып өткен бірнеше бұрыт тайпаларының жерінде малдарың тонауға ұшырап немесе жоғалса, онда тіпті де зиян шекпейсіңдер ме? Бұдан тыс, сіздер, қазақтардың елші жіберу, хатнама көтеру, коммерция қарым-қатынасын орнатып сауда жасау істеріңіздің барлығын Іле цзянцзюнь мекемесі қарайды, біздің Қашқардағы мекеме қазаққа қатысты істі ешқашан қарамайды. Ал Абылай сіздерді бізге сәлемін жеткізу үшін жіберіпті, біз қайтсек те сіздерді осында бірнеше күн күтіп, жолдарыңызға салып жібереміз. Егер Ұлы патшамызға мәлімдейтін маңызды істеріңіз болса, онда сіздер мәлімдеме хаттарыңызды Ілеге жіберіп, сонда шешкізіп алыңыздар. Біз қазақтардың Қашқарға келіп сауда жасауына мүлдем рұқсат бермейміз».

Біздің сөзімізді естіген Тілеш қайта-қайта басын иіп тұрып бізден былай деп өтінді: «Біз сіздердің осындай ұйғарымдарыңыз бар екендігін мүлде білмедік. Сөйте тұра біраз малымызды айдап әкеліп те қойып тұрмыз. Егер су мен шөптің азайған осы кезінде оларды қайтадан кері айдап кетсек, онда зиян шегетін боламыз. Сондықтан сіздерден біздің осы ең соңғы реткі саудаларымызды жүргізуімізге рұқсат берулеріңізді өтінеміз».

Біз, патшаның құлдары, былай ойладық: «Егер олардың [осы жолғы] саудаларына үзілді-кесілді қарсы болып, оларды осылайша ауылдарына қайтарсақ, онда олардың [бізге деген] көңілін қалдырамыз. Өйткеннің орнына біз әкелген малдарын төмен бағада ғана сатылатындай етсек, онда олар үмітсізденіп, өздері-ақ малдарын сатпаймыз дегенді айтқызығанымыз тәуір». Сөйтіп біз Тілешке: «Сіздердің Абылайларыңыз бағынғаннан<sup>717</sup> бері айтқан сөзін екі етпегендігін және сіздер осы жолы білместіктен мал әкелгендіктеріңді ескере отырып, біз малдарыңды бектерге тапсырып, солар арқылы сатып бергіземіз. Мұндай жағдай осымен доғарылады. Дегенмен мұндағы малдың бағасы тым төмен, мал алатын адам өте аз. Сіздер [осындағы бағаға] сатқыларыңыз келсе сатыңыздар, сатқыларыңыз келмесе малдарыңызды айдап кетіңіздер» дедік. Ишиханбек<sup>718</sup> Тоқаны шақырып алып, оған қатаң түрде: «хуэйцзилердің қазақтардан бір тұяқ қой сатып алуына да, олардың қазақтарға жақындауына да мүлде рұқсат жоқ» дегенді қадағалап айтық. Сөйтіп үкімет қаржысынан бектерге ақша беріп, оларға «саудагер басшыларын тауып, қазақтардың әрбір жылқысына 1 сәрі, әрбір тұяқ қойларына 2 мысқал күміс ақшадан асырмай саудаластырыңдар» дегенді тапсырдық. Сонымен қатар, [келген қазақтарды] қорғаймыз деген сылтаумен олардың төңірегіне әскерлерімізді орналастырып, істі астыртын тексертіп тұрдық. Қазақтар бектерге «баға өте төмен екен, малды айдап кетеміз» дегенді айтыпты.

Сонан соң, біз, патшаның құлы, ишиханбек Тоқа арқылы бұрын қазақтардан мал сатып алған хуэйцзи Розысупиді тауып алдық. Одан

<sup>717</sup> Алдыңғы түсіндірмеге қараңыз.

<sup>718</sup> Мәтінде «уйішанбек» деп хатталған. Бұл жоғардағы айтылған «әкімбектердің» орынбасарларының лауазым атағы.

істің мән-жайын сұрап едік, ол былай деп жауап берді: «Цяньлун жылнамасының 31-жылы 5-айында<sup>719</sup> мен сарыбағыш тайпасына барып сауда жасағанмын. Сарыбағыш тайпасы солтон тайпасына жақын, ал дәл сол кезде Тіләш қатарлы қазақтар мал айдап солтон тайпасына барып қалыпты. Тіләш 12 жылқы мен 228 тұяқ қойды маған сатып берген. Мен Тіләшке 400 топ мата<sup>720</sup> бергем. Алайда біз жалпы малдың бағасы қанша болатындығына келіспегенбіз. Мен алдымен осы малдарды Қашқарға апарып сатып, сонан соң сатылған бағаның жоғары-төмендігіне қарай қайтадан барып Тіләшпен келіссем деп ойлаған едім. Бұл іске сарыбағыш тайпасынан шыққан бұрыт Атақ ортада кепіл болған. Мен Қашқарға қайтып келгеннен кейін қазақтармен сауда жасауға рұқсат жоқ дегенді естіп, қорықтым. Сондықтан мен қайтадан барып Тіләшпен кездесуге жүрексіндім». Осыған байланысты Розысупи өзін [Тіләшпен] беттестіруді сұрады. Екеуі беттескенде Тіләш «Розысупидің айтқаны шын» деп мойындады да: «Әлінде мен Розысупиге 400 тұяқ қой бердім деп жаңылып айтыптын — мен бұл жерде ташкенттік бір Шамут есімді хуэйцзиге берген 172 қойымды да Розысупидің алған қой есебіне қосып жіберіпін, ол, асылы, Розысупимен қатысы жоқ еді. Дегенмен, Розысупидің бізге қалдырып кеткен 400 топ матасының сапасы төмен, біздің берген малдың құнымен сай келмейді. Біз Розысупидің бізге тағы бірнеше жүз топ мата беруін сұраймыз. Осыған сіздер, амбандар, төрелік еткейсіздер» деген өтініштерін білдірді. Розысупи берген 400 топ, сапасы нашар мата әрі кетсе 50—60 сәрі күміс ақшаға татиды, ол сома Тіләштердің берген малдарының жарты құнына да жетпейді. [Розысупи] оларға күміс ақша қосып беруге әбден тиісті. Сондықтан біз Розысупиге тағы біраз мата алып шыққызып, бұл істі шештік.

Істі шешіп болғаннан соң, біз, патшаның құлы, қазақтарға тағы да ескерту жасап мынаны айттық: «Мұндай іс, асылы, сіздердің өз араларыңыздағы іс еді. Оны бізді былай қойғанда, сіздердің Абылайларың мен біздің бектеріміздің өздері араласатын жөні жоқ еді. Оның үстіне сіздер мал саны туралы өтірік айттыңыздар — бұл аса ерсіз қылық. Осы жолы біз тек қана Абылай тұңғыш рет бізге өтініш білдіргендіктен бектерімізге айтып жүріп бұл істі шешіп бердік. Бұдан кейін мұндай іс қайталанып жатса, қандай жағдайда болмасын, біз мүлде қарастырмаймыз. Осыны сіздер Абылайға айтып барыңыздар. Сонымен қоса оған мынаны да жеткізіңдер: қазақтардың Қашқарға келіп коммерция қарым-қатынасын орнатып, сауда жасауларына мүлдем жол жоқ. Тіпті сіздер осы жолы мал айдап әкелгендеріңіздің өзінде, сол малдарыңызды сата алмадыңыздар емес пе? Енді келсеңіздер де, нәтижесі осындай болып шығады да,

<sup>719</sup> Цяньлун жылнамасының 31-жылы 5-айы — 1766 жылғы 7 маусымнан 7 шілдеге дейінгі күндер.

<sup>720</sup> Осыдан кейінгі мәліметтерге қарағанда, Розысупидің Тіләшке берген матасы бағасы арзан, сапасы төмен шыт болса керек.

өздеріңізге түк те пайда әкелмейді — сіздер осыны түсінулерің керек. Осы мәселелер туралы біз Абылайға жазған хатымызда егжей-тегжейлі айттық. Сіздер қайтып барғаннан кейін де осы сөздерімізді Абылайға жеткізіңіздер». Осылайша оларға қайта-қайта ақылымызды қадағалап айттық та қонақасымызды бердік. Соңдай-ақ біз сыйлықтың қайтарымы ретінде Абылайға берген 1 дана тібет алашасы, жарты топ торқа мен 1 дана жауап хатты Тілешке тапсырдық. Сонан соң Тілешке де 1 топ торғын сыйладық та 11-күні оларға қорғаушы жасақ қосып беріп, каруннан шығарып салдырдық. Олар карунның арғы жағында тұратын бұрыттармен астыртын сауда жасамасын деп біз тағы диндай мен хуалин<sup>721</sup> таққан бесінші дәрежелі шенеунік, чоңбағыш<sup>722</sup> бұрыттардың ақылақшысы Қарғашы мен Юкту-Атуштың әкімі Сундолла-қожа<sup>723</sup> бастаған бірнеше адамды оларға арнайы қосып, оларды чоңбағыш бұрыттардың жерінің шетіндегі дауанға дейін жеткіздіріп қойдық. Абылай сыйлаған 2 жылқы қазір патшалық мал фермасына апарылды. Оның жолдаған хатының маньчжурша аудармасы мен түпнұсқасы патшаның қарауына жіберілді.

Тағы айта кетерлік бір жайт: хуэйцзи Розысупи қазақтармен сауда жасай тұрып, оларға ақшасын толық төлемей, сол себептен қазақтар осында келіп, қарыздарын қайтаруды сұрап отыр. Бұл туралы патшаның құлы, біз, тексеріп, анықтағаннан кейін ғана барып мата қосып беріліп, іс шешіліп отыр. Осыдан Розысупидің жақсы адам емес екендігі білінеді. Ол бұл істі алдыңғы жылы істеген, солай болса да, оны қатаң түрде жазаламасақ, басқа залым хуэйцзилер одан үйреніп, өздерінің үйреншікті жаман әдеттеріне айналдырып алады. Сондықтан, біз ишиханбек Тоқаға Розысупиді бір ай бойы ажырғы салып базарда ел аралатып, сол арқылы басқаларды сескендіруді тапсырдық.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 33-жылы 3-айдың 16-күні<sup>724</sup> Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Жақсы. Хабар алдым».

### *Құжаттың қосымшалары*

#### *1-қосымша*

<sup>721</sup> «Диндай» — жоғарыдағы № 4 құжатқа берілген 103-түсіндірмеге қараңыз; «хуалин» — Цин патшалығы шенеуніктерінің баскиіміне тағылатын, тауыстың қауырсынынан жасаған әшекей.

<sup>722</sup> Мәтінде «*cungbagaši*» деп хатталған.

<sup>723</sup> Мәтінде «*Sundula hojja*» деп хатталған.

<sup>724</sup> Яғни 1768 жылғы 2 мамыр.

**Қазақ Абылайдың Қашқар амбанына мұсылман жазуымен жазған хатының маньчжурша аудармасы**

(Бұл қосымша құжаттың мәтіні жоғарыдағы негізгі мәлімдеменің екінші абзацындағы мәтінмен бірдей).

*2-қосымша*

**Қазақ Абылайдың Қашқар амбанына мұсылман жазуымен жазған хатының түпнұсқасы**

(Бұл қосымша құжаттың біраз жері жыртылып, қазір оны Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты қалпына келтіріп үлгермеген. Сол себептен біздің осы аудармамыз жасалған кезде, бұл қосымша құжат біздің қолымызға берілмеді. Оны алдағы уақытта жариялаймыз деп жоспарлап отырмыз).

*3-қосымша*

**Патшаның Қашқарға жіберген амбаны Илыту мен оның орынбасары Циньхуанның қазақ Абылай сұлтанға жазған хаты**

Сіздердің жерлеріңізден жіберілген елші Тілеш Қашқарға жетіп, Сіздің сыйлаған 2 жылқыңызды әкелді. Біз оларды қабылдап алдық. Сіз өзіңіздің бізге жазған хатыңызда былай депсіз:

(Осыдан кейінгі бір абзац мәтін жоғарыдағы негізгі мәлімдеменің екінші абзацындағы мәтінмен бірдей).

Одан тыс Тілеш өз аузымен: «Біз осы бір орайды пайдаланып өзімізбен бірге тағы да 100-ден астам жылқы, 600-ден астам қой және 10-нан астам сиыр айдап келдік. Осы малдарымызды саудаға салуымызға рұқсат берсеңіздер. Бұрын біз Рөзисуписге 400 тұяқ қой, 12 жылқы

беріп едік. Біз сіздерден осы істі тексеріп, бізге тиісті ақшаны толықтырып бергізулеріңізді өтінеміз» дегенді тағы айтты. Асылында, 7 қазақтың қашқарлық хуэйцзи Розысупиге мал беру ісі — сіздің қол астыңыздағы адамдарыңыздың жеке сауда ісі, бұл істі дәлелдейтін куә да жоқ екен. Осындай жағдайда, бізді былай қойғанда, сіз, Абылайдың өзі араласатын жөнііз жоқ еді. Дегенмен, біз сіздің бізге бағынғаннан<sup>725</sup> бері бізге әрқашан сый-құрметпен қарағандығыңызды және осы жолы сонау шалғайдан бізге хат жолдап, сәлем айтып, тұңғыш рет бізге өтінішіңізді білдіріп тұрғандығыңыздан, біз Қашқардың бектеріне бұл іс туралы тексеру жүргізуді ұйғардық. Біздің анықтауымыз бойынша, алдыңғы жылы хуэйцзи Розысупи Қашқардан бұрыттардың солтон тайпасына барып сауда істеп жүргенде Тілеш қатарлы 7 қазақ 12 жылқы мен 228 тұяқ қойды Розысупиге тапсырып беріпті, ал Розысупи де Тілешке 400 топ мата берген екен. Берілген қойдың саны Тілештің айтқанындай 400 тұяқ емес екен — бұны Тілеш пен Розысупи екеуін беттестіргенде Тілеш те растады. Сол тапсырылған малға 400 топ мата берудің өзі жеткілікті еді, алайда Тілеш «[бұрынғы берілген] 400 топ мата аз болып қалған, ол кезде бағаға келіспегенбіз» деген уәж айтып, сауданы толықтырып беруді қайта-қайта өтінді. Тілешті сіз елші етіп жібергендіктен, біз Розысупи Тілешке тағы бірнеше жүз топ мата беретін болсын деп бектерімізге бұйрық бердік. Толықтырылып берілген матаны Тілеш қуана-қуана қабылдап алды. Бұл іс алдымызға тұңғыш рет келгендіктен, біз оны осылайша шештік. Алайда мұндай іс келешекте қайталанса, біз оған араласпаймыз — бұны біз сізге осы хатымыз арқылы арнайы ескертіп отырмыз. Бұдан тыс, сіз өз хатыңызда «Қашқарда сауда жасауымызға рұқсат берсеңіздер» деген талап қойыпсыз. [Бұл туралы біздің жауабымыз:] Сіз өз басыңызбен келіп ұлы патшамызға бағынғаннан кейін, сіз біздің ұлы патшамызға өтініш жасап, Іле мен Яр жерлерінде үлкен базар ашқызып, айырбас саудасын бастатқызып, сол арқылы өз қазақтарыңызға пайда әкелгізіп жатқалы да, міне, біраз жылдың жүзі болды. Ал хуэйцзилердің жерінде біз сіздермен сауда жасап көрмеппіз. Онымен қоса, Қашқарда ірі саудагер де жоқ. Сіздер, қазақтар, мұнда мал айдап келгендеріңізбен, мұнда сол малдарыңызды алатын жан жоқ. Сондықтан сіздер бекер әрі-бері шығынданып, әуре боласыздар. Сол малдарыңызды айдап келе жатқан жолда бірнеше бұрыт тайпасының ауылынан өтесіздер, егер сонда тонауға ұшырап немесе малдарыңыз жоғалып кетсе, одан да үлкен зиянға ұшырайсыздар. Сондықтан, сіздер бұдан былай бұрынғыша Іле жеріне барып сауда жасаңыздар, Қашқарға келулеріңіздің қажеті жоқ. Осы жолы Тілеш қатарлылардың осында мал айдап келу ісін мысалға алып көрелік. Олар келгеннен кейін «жағдайды білмеппіз» деп жалынып-жалпайған соң біз бектеріміз бен басқа да шенеуніктерімізге Тілештердің саудасына көмектесу туралы

<sup>725</sup> Жоғарыдағы 716-түсіндірмені қараңыз.

тапсырма бердік. Алайда Қашқардағы малдың бағасы төмен әрі алушы жоқ болғандықтан, Тіләш қатарлылар айдап әкелген малдарын сата алмай, бізге «малымызды айдап кетеміз» деп, кері қайтып барады. Осыдан сіздер мынаны білсеңіздер болады — мұнда келіп сауда жасау сіздерге түк те пайда әкелмейді. Тіләш — сіздің жіберген елшіңіз болғандықтан, біз оған да қамқорлық көрсетіп, арнайы 1 топ торғын сыйладық. Сіздің сыйлығыңыздың қайтарымы ретінде біздің сізге берген 1 дана тібет алашасы мен жарты топ торқамыз да Тіләшке тапсырылды, оны қабылдап алғайсыз.

Аталмыш іске байланысты осы хат арнайы жазылды.

## №24 құжат

**Тарбағатай амбаны Илытудың қазақ ваны Әбілпейіздің өз ұлы Жошыны Пекинге елшілікке жіберу жөнінде хат жазғандығы туралы мәлімдемесі (маньчжур тілінде) (шағатай тіліндегі қосымша 2 дана: келген хаттар)<sup>726</sup> (Цяньлун жылнамасының 37-жылы 8-айдың 18-күні)<sup>727</sup>**

Мен, патшаның құлы Илыту, төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмын. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Биыл 8-айдың 7-күні, қазақ Әбілпейіз<sup>728</sup> өзінің елшісі Бұрыт<sup>729</sup> пен Баярды<sup>730</sup> жіберіп, патшаның құлы, маған, хат жазып, сәлем жолдапты. Мен, патшаның құлы, Бұрыт қатарлыларды шақырып алып, олардың осында келу себептерін сұрап едім, олар былай деп жауап берді: «Біздің Әбілпейізіміз бізді осында жіберіп, цяньцзюнь амбандарға сәлем беріп, ат сыйлап, хатнама көтергізіп отыр». Мен, патшаның құлы, олардың әкелген 2 хатына қарасам, ол хаттар мұсылман жазуында жазылған екен. Бізде мұсылман жазуын танитын адам болмағандықтан, біз олардың

<sup>726</sup> «Каталог» (8), 1070-б. «Каталог» (8) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 2467-015; микрофильм бойынша — 095-3123. Мұндағы көрсетілген микрофильм кадр нөмірі — Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған осы құжаттың титулы жазылған бетінің кадры болса керек, өйткені біздің қолымызға тиген осы құжат топтамасының көшірмесі бойынша (құжаттың көшірмесін 2006 жылы қараша айында Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты бізге берген — осы орайда біз аталмыш мұрағатқа өзіміздің алғысымызды айтамыз), бұл құжат топтамасының микрофильмі 9 кадрдан тұрады (кадр нөмірлері: 003124-003132), оның ішіндегі алғашқы 2 кадр — Әбілпейіздің шағатай-қазақ тілінде жазған 2 дана хаты, келесі 7 кадр — Тарбағатай амбаны Илытудың осы бір мәлімдемесі.

<sup>727</sup> Яғни 1772 жылғы 14 қыркүйек.

<sup>728</sup> Мәтінде «Abulbidz» деп хатталған.

<sup>729</sup> Мәтінде «Burut» деп хатталған.

<sup>730</sup> Мәтінде «Bayar» деп хатталған.

өздерінен «хаттарда не жазылған» деп сұрап едік, олар былай деп жауап берді: «Екі хаттың біреуі цзянцзюньнің аман-есендігін сұраған сәлем хат<sup>731</sup>, екіншісі — елші жіберіп, патшамен дидаарласумен байланысты. Осы іс [елші жіберу] туралы Әбілпейіз Іле цзянцзюніне де хат жазған, Іле цзянцзюні біздің Әбілпейізімізге «елші жіберетін болсаңыз, не ұлыңызды, не ұлығыңыздың біреуін жіберіңіз» деп жауап хат жазған. Әбілпейіз цзянцзюньнің сол хатын алғаннан кейін өзінің ұлы Жошыны<sup>732</sup> жібермекші болып отыр. Алайда, Жошы мұрын ауыруына шалдыққандықтан, ол Ішкі Қытай бағытындағы жолмен<sup>733</sup> жүрсе, ыстыққа шыдай алмай ма деген уайыммен Әбілпейіз цзянцзюньге хат жазып, одан Жошының Моңғол жеріндегі Улясутай<sup>734</sup> жолымен жүруіне рұқсат беруін сұрайды». Сонан соң мен олардан: «Сіздер осыдан әрі Ілеге барасыздар ма?» деп сұрап едім, олар: «Біздің Әбілпейізіміз бізді тек Тарбағатайға келіп, цзянцзюнь, сіздің аман-есендігіңізді сұрап, хат жеткізуге жіберген» деп жауап берді. Патшаның құлы мен: «Сіздердің Әбілпейіздеріңіз бұрын елші жіберіп Іле цзянцзюнінен кеңес алған екен, осы жолы да сонда барып Іле цзянцзюнінің келісiмiн алғандарыңыз жөн» деген едім, Бұрыт пен Баяр: «Әбілпейіз бізді Тарбағатайға істі талқылауға жібергенде, цзянцзюнь, сіздің, Іле цзянцзюнімен сөзсіз ақылдасатыныңызды білген, сондықтан да бізге «Ілеге де барыңдар» деп айтпаған» деп жауап берді. Патшаның құлы, мен, сонда оларға: «Мұсылман жазуымен жазылған мына хаттарыңызды бұл жерде ешкім танымайды, сондықтан оларды Ілеге жіберуге тура келіп тұр. Онымен қоса, мен өзім де Іле цзянцзюніне хат жазып, сіздер айтқан іс туралы ол кісімен ақылдасуым керек. Сондықтан, сіздер осында бірнеше күн күте тұрыңыздар» дедім. Сонда Бұрыт: «Әбілпейіз Баярға «тезірек қайт» деген, сондықтан Баяр алдымен қайта берсін. Ал

<sup>731</sup> Құжаттың қосымшасы ретінде сақталған, Әбілпейіздің шағатай-қазақ тілінде жазылған бірінші хатындағы (төмендегі 1-қосымшаға қараңыз) мазмұнға үнілсек, бұл хатта тек цзянцзюньнің аман-есендігін сұраумен ғана шектелмеген. Ондағы ең маңызды шаруа — бұрыттардың кесірінен Ташкент пен Әбілпейіз билеген қазақ жері арасындағы дәстүрлі байланыс үзіліп қалғаны, ал Әбілпейіз болса, сол дәстүрлі байланысты қалпына келтіргісі келетіндігі айтылған.

<sup>732</sup> Мәтінде «Jolaci» деп хатталған. Осы маньчжуршаның әсерінен шығар, цин патшалық дәуіріндегі қытай тіліндегі барлық деректемелерде Әбілпейіздің осы ұлының есімін «Чжолэци (卓勒齐)» деп транскрипцияланған (қараңыз: жоғарыдағы аталған «Каталог» (8), 1070-б.; Еженханұлы, Ошан және Сұңғатай 2005, 273-б.). Ал бұл есім Әбілпейіздің шағатай-қазақ тілінде жазған бірінші хатында «Жошы» («Йочи») деп хатталған — бұның дұрыстығын сол кездегі орыс деректемелері де дәлелдейді (қараңыз: Ерофеева 2003, 165-б.).

<sup>733</sup> Мұнда қазақ елшілерінің Пекинге барар кездерінде Цин патшалығы көбірек рұқсат беретін Құлжа-Үрімжі-Ганьсу-Пекин бағытындағы жол меңзеледі.

<sup>734</sup> Улясутай — Моңғолиядағы Хаңай тауының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан қала.

мен де карунның <sup>735</sup>ар жағындағы өз үйіме бара тұрайын да, бірнеше күн өткен соң осында келіп хабарларыңызды алармын. Сіздерден хабар алған бойда мен неғұрлым тез барып Әбілпейізге жауаптарыңызды айтамын» деді. Сөйтіп, оларды жібердік те сонымен бір уақытта «Жошыны Тарбағатайдан аттандырып, Моңғол жеріндегі Улясутай жолымен жүргіземіз бе әлде Ілеге жіберіп, Ішкі Қытай бағытындағы жолмен жүргіземіз бе?» деген мәселеге байланысты Шухэдәге<sup>736</sup> хат жазып жібердік. Сонымен қатар, біз Әбілпейіздің мұсылман жазуында жазған әлгі 2 хатын да Шухэдәнің жерінен адам тауып аудартқызуға жібердім. Осыған байланысты Шухэдәнің жауап хатын біз қазір ғана алдық, онда былай делінген: «Бұрын мен патшаның «қазақ елшісін Іле жолымен жіберуге болады, оларды Улясутай жолымен жүргізуге мүлдем тыйым салу керек» деген бұйрығын алғанмын. Бұл бұйрық мұрағатқа көшіріліп, сақталынған. Бүгінгі таңда егер Жошыға Улясутай жолымен жүруге рұқсат берсек, онда ыңғайсыз болады. Сондықтан Әбілпейіз Жошыны бұрынғы қағида бойынша Ілеге жіберсін, сол жерден әрі Жошыны қорғап апаратын шенеунік қосып берейін. Оны осы жылдың ішінде астанамызға жеткізсек жақсы болар еді». Осы хатымен қатар, Шухэдә Әбілпейіздің мұсылман жазуында жазған әлгі 2 хатының аудармасын да бірге жіберіпті. Хаттың аудармасын оқысам, онда аталмыш Жошыны жіберу ісінен басқа мәселе айтылмапты. Сонан соң, патшаның құлы, мен, Әбілпейізге хат қайтарып, оған былай дедім: «Сіз Жошының Пекинге барып патшамен дидаласуы туралы және оның Улясутай жолымен жүріп баруы туралы өтініш білдіріпсіз. Улясутай жолын ауа райының ыстық болмауын себеп етіп таңдап отыр екенсіз. Ал қазір күн салқындай бастады. Жошы осында келгенде жылдың суық маусымы да басталып кетеді. Ол кезде Алтайда ақ қар, көк мұз болады да, ол жақпен жүруге келмей, сапарды қалың қар бөгеп тастайды. Ал [Жошының] қайту кезінде ол Улясутай жолында шыжыған ыстыққа ұрынады. Керісінше, егер Жошы Іле арқылы Ішкі Қытай бағытындағы жолмен жүрсе, ол жақта сол кезде тамаша қоңыр күз болып, ешқандай ыстық болмайды. Оның сыртында, ол жолдың бойындағы патшалық керуен бекеттерінде дайын азық-түлік пен жем-шөп бар, ол да аталмыш сапардың тез болып, Жошының осы жыл ішінде астанамызға жетуіне септігін тигізеді. Және Жошы алдыңғы жолы да осы жолмен жүрген, онда бұл жол оған ешқандай ыңғайсыздық тудырмаған, бұл туралы өзі де біледі. Сондықтан, ол өзінің малын ғана қинап қоймай, өзін де қалың қарға жетектеп, рақаттың орнына азап тілеуінің қажеті шамалы! Оның орнына ол бұрынғыдай Ілеге барып, содан әрі Ішкі Қытай бағытындағы жолды жүргені жөн». Мен бұл хатымды тотын жа-

<sup>735</sup> Бұл жерде шекарадағы циннің қарауыл бекетін меңзеп тұр.

<sup>736</sup> Шухэдә — сол кездегі Цин патшалығының батыс өлкесіндегі ең жоғарғы лауазым — Іле цзяньцзюні лауазымын иеленіп тұрған адам.

